Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ӘОЖ 343.8/.9(043) Қолжазба құқығында

**БАЗИЛОВА АЙГУЛЬ АБАЕВНА**

# Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу және криминологиялық сипаттамасы

8D04201 – «Құқықтану»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
Джансараева Рима Еренатовна – заң ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор (Алматы қ., Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Кевин Майкл Бивер – философия докторы (PhD), Флорида штаты университетінің профессоры (Таллахасси қ., АҚШ);

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

## МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** ........................................ | **3** |
| | **АНЫҚТАМАЛАР** .................................................................. | **4** |
| | **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** ............................. | **5** |
| | **КІРІСПЕ** ............................................................................. | **6** |
| **1** | **СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ** ......................................................... | **13** |
| 1.1 | Сотталған тұлғалар қылмыстылығы ұғымының мазмұны, оның теориялық негіздері және сабақтас криминологиялық категориялармен арақатынасы ................................................ | **13** |
| 1.2 | Сотталған тұлғалар қылмыстылығының детерминациялық кешені: себептері, жағдайлары және криминогендік факторлар жүйесі ..................................................................... | **21** |
| **2** | **СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ** ............................................................... | **34** |
| 2.1 | Сотталғандардың қылмыстылығының жай-күйі, құрылымы, динамикасы және даму үрдістерінің статистикалық талдауы | **34** |
| 2.2 | Қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басының криминологиялық сипаттамасы және оның типологиялық ерекшеліктері ...................................................................... | **55** |
| **3** | **СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАҒЫТТАРЫ** ......................................... | **64** |
| 3.1 | Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған тұлғалар және қамаққа алу жазасына сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу жүйесінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері .............................. | **64** |
| 3.2 | Пробациялық бақылау жағдайындағы сотталған тұлғалар қылмыстылығының алдын алу: мәселелері мен даму бағыттары ......................................................................... | **84** |
| 3.3 | Сотталғандардың қылмыстылығына қарсы күрес: халықаралық тәжірибе: салыстырмалы-құқықтық талдау және ұлттық заңнамаға енгізу бағыттары ............................... | **93** |
| | **ҚОРЫТЫНДЫ** ..................................................................... | **103** |
| | **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ** ................. | **110** |

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі стандарттартаға нормативтік сілтемелер пайдаланылды:

1Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995 жылғы 30 тамыз (2026 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).

2Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – 2014 жылғы 3 шілде № 226-V ҚРЗ (2026 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).

3Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. – 2014 жылғы 5 шілде № 234-V ҚРЗ (2026 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).

4Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. – 2014 жылғы 4 шілде № 231-V ҚРЗ (2026 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).

5Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. – 2014 жылғы 5 шілде № 235-V ҚРЗ (2026 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен).

6«Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2016 жылғы 30 желтоқсан № 38-VI ҚРЗ (2026 ж. өзгерістермен).

7«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2010 жылғы 29 сәуір № 271-IV (2026 ж. өзгерістермен).

8«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2011 жылғы 11 қазан № 483-IV (2026 ж. өзгерістермен).

9«Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 2011 жылғы 28 қаңтар № 401-IV (2026 ж. өзгерістермен).

10Біріккен Ұлттар Ұйымының қамаудағылармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық қағидалары (Нельсон Мандела қағидалары). – 2015 ж.

11ГОСТ 7.32–2001 (2006 ж. өзгерістермен). Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және рәсімдеу ережелері.

12ГОСТ 7.1–2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері.

# АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен бірге қолданылды:

Сотталғандардың қылмыстылығы – бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталған тұлғалармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Пенитенциарлық қылмыстылық – бас бостандығынан айыру және қамаққа алу орындарында сотталғандармен, сондай-ақ тиісті мекемелер қызметкерлерімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Рецидивтік қылмыстылық – бұрын қылмыс жасаған тұлғаның қайта қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

Пенитенциарлық рецидив – жазаны өтеу барысында сотталған тұлғаның қайта қылмыс жасауы.

Постпенитенциарлық рецидив – жазаны өтеп шыққаннан кейін тұлғаның қайта қылмыс жасауы.

Қылмыстың алдын алу (профилактика) – қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын анықтау, оларды жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.

Криминологиялық сипаттама – қылмыстылықтың деңгейін, құрылымын, динамикасын, себептері мен жағдайларын және қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми талдау.

Пробация – сотталған тұлғаларды қоғамнан оқшаулаусыз бақылау, түзету және әлеуметтік бейімдеуге бағытталған мемлекеттік қызмет.

Қылмыстық-атқару жүйесі – қылмыстық жазаларды орындауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен мекемелер жиынтығы.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы диссертациялық зерттеуде келесі қысқартулар мен аббревиатуралар қолданылды:

АГС – Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
АППК – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс
ЖС – Жоғарғы Сот
БП – Бас прокуратура
ПД – Полиция департаменті
ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҚСжАЕ – Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚР – Қазақстан Республикасы
РФ – Ресей Федерациясы
ҚК – Қылмыстық кодекс
ҚАК – Қылмыстық-атқару кодексі
ҚПК – Қылмыстық-процестік кодекс

# КІРІСПЕ

**Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі**. Қазіргі кезде елімізде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық реформалар қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық-атқару, қылмыстық іс жүргізу және т.б. қылмыстылықпен күресті реттеуші өзгеде заңдарды жетілдіруді қажет етуде. Қылмыстылықпен және оның жекелеген түрлерімен күрес мемлекеттің алдына қойған мақсаттарының бірі болып табылады. Қылмыстылықтың бір түрі болып табылатын сотталғандардың қылмыстылығы мемлекет, қоғам және жеке тұлға үшін өзінің жоғары қауіптілігімен ерекшеленеді.

Қылмыстық жазасын өтеп жатқан сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауы мемлекетті, құқық қорғау органдарын алаңдатуы тиіс, себепі сәйкес жаза түрінің режимдік талаптары, түзету мақсатында тәрбиелік іс-шаралар қолданылатын тұлғалардың жазаны орындаушы тұлғалардың бақылауымен қадағалауында бола тұра жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауы қолданылған жаза түрінің тиімсіздігін, жазаны орындаушы органдар мен мекемелердің жұмысындағы кемшіліктердің орын алғандығын көрсетеді.

Дүниежүзілік тәжірибеде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлерін кеңінен қолдануға және бас бостандығынан айыру жазасының қолдану аясын азайтуға бағытталған үрдіс орын алуда. «Түрме халқының» санының шамадан тыс артуы нәтижесінде Қазақстан аталған көрсеткіш бойынша алдыңғы қатардағы мемлекеттердің біріне айналды, ал оны азайту бағытында жүргізілген құқықтық реформалардың, оның ішінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды жиі қолдану нәтижесінде қазақстандық «түрме халқының саны» 24 мың адамға дейін азайды. 2024 жылғы халықаралық ұйымдардың ақпараты бойынша бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың саны 35288 адамды құрады және «түрме халқының индексі» 184 теңелді [1]. Ал 2024 жылдың ортасында бұл көрсеткіш 37000 адамға жетті [2].

Алайда бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталғандардың санының өсуімен қатар, ондай санаттағы сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау көрсеткішіде өсуде, атап айтқанда жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы санының орташа есеппен 78 пайызы аталған санаттағы сотталғандар құрайды.

Статистикалық ақпараттарға назар аударатын болсақ, жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы саны 2020 жылы – 3415, 2021 жылы -3838, 2022 жылы – 3335, 2023 жылы – 3675, 2024 жылы – 3951, 2025 жылы – 3007 құрады, ал бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 2020 жылы – 137, 2021 жылы - 200, 2022 жылы – 161, 2023 жылы – 232, 2024 жылы – 446, 2025 жылы – 543 адамды құрады. Ал жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар

жасаған сотталғандардың жалпы санындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлестік көрсеткіші 2020 жылы – 4,01 пайыз, 2021 жылы - 5,21 пайыз, 2022 жылы – 4,83 пайыз, 2023 жылы – 6,31 пайыз, 2024 жылы – 11,29 пайыз, 2025 жылы – 18,06 пайыз [3]. Байқап отырғанымыздай, 2024 жылдан бастап бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау көрсеткіші де өсуде.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығына қатысты мәселелер отандық ғалымдардың назарынан тыс қалуда. Осы күнге дейін жүргізілген арнайы зерттеулердің барлығы бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуші сотталғандардың қылмыстылығымен (пенитенциарлық қылмыстылықпен) ғана шектелген.

Осы аталған жағдайларға байланысты диссертациялық зерттеудің тақырыбы өзекті болып табылады.

**Диссертациялық жұмыс тақырыбының зерттелу деңгейі.** Сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауымен күрес мәселесі өзінің өзектілігін жоғалтпаған криминология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сотталғандардың қылмыстылығын зерттеген ғалымдарды екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың қылмыстылығын (пенитенциарлық қылмыстылықты) зерттеген ғалымдар;
- бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығын зерттеген ғалымдар.

Ғалымдардың басым көпшілігі өздерінің арнайы ғылыми зерттеулерін бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың қылмыстылығының проблемаларына арнаған болатын. Атап айтқанда отандық ғалымдардың ішінде К.С. Сагинбековтың, Р.Е. Джансараеваның, Б.Р. Таубаевтың, Т.К. Акимжановтың, Ж. Елюбайқызының, ал ресейлік ғалымдардан А.В. Акчуриннің, С.В. Бондаренконың, В.В. Николайченконың, Я.С. Ивасенконың, А.Н. Гордополовтың, В.Г. Громовтың, В.А. Заборскийдің, В.С. Ишигеевтің, И.С. Лебешевтің, Р.А. Ромашовтың, О.В. Старковтың, В.И. Селиверстовтың, М.Ф. Костюктің, Е.В. Патрушевтің, Г.В. Хохряковтың, С.А. Хохриннің, О.В. Филипованың және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап кетуге болады.

Ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жазалардың жекелеген түрлеріне сотталғандардың қайта қылмыс жасау мәселелері А.А. Бородинаның, К.Н. Тараленконың, А.Н. Смирнованың, Е.В. Колбасованың, С.И. Комарицкийдің, З.Р. Рахматулинаның, Э.В. Лядовтың, И.С. Дроздовтың, Ф.В. Грушиннің, О.В. Коростылеваның және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде талқыланды. Бұл бағытта отандық ғалымдардың тарапынан арнайы жүргізілген ғылыми зерттеулердің жоқ екендігін атап кету қажетті.

Н.В. Ольховик пен Л.М. Прозументов «Сотталғандардың рецидивтік қылмыстылығы және оның алдын алу» атты өздерінің монографиялық

ізденісінде сотталғандардың аталған екі санатымен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасалуын алдын алу мәселелерін талдаған болатын.

**Диссертациялық зерттеудің объектісі.** Сотталғандардың қылмыстылығын алдын алуды жүзеге асыру кезінде орын алатын қоғамдық қатынастар осы диссертациялық зерттеудің объектісін құрайды.

**Диссертациялық зерттеудің пәні.** Сотталғандардың қылмыстылығының жағдайы, құрылымы және динамикасы сипаттайтын статистикалық материалдар; қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басы; сотталғандардың қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауына ықпал етуші детерминанттар; сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу бойынша іс-шаралар; аталған қылмыстылық түрімен күрестегі шетелдік тәжірибе осы зерттеудің пәні болып табылды.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты және міндеттері.** Сотталғандардың қылмыстылығын кешенді зерттеу және сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу іс-шаралар жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру осы зерттеу жұмысының мақсатын құрайды.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу келесідей **міндеттер** арқылы жүзеге асады:

1. пенитенциарлық қылмыстылық пен сотталған тұлғалар қылмыстылығының ұғымдарының мазмұнын ашу және олардың ара жігін айқындау;
2. бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін негізгі детерминанттарды жүйелеу және талдау;
3. пробация қызметінің тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау және олардың сотталғандардың қайта қылмыс жасауына ықпалын бағалау;
4. сотталған тұлғалар қылмыстылығы оған қарсы күрес саласындағы қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының тиімділігін талдау;
5. қылмыстық заңнаманы жетілдіру бағыттарын негіздеу, оның ішінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормаларды (428-2, 430-1 баптар) енгізу қажеттілігін айқындау;
6. қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу (кездесулерді ұйымдастыру, бейнебайланыс, хат алмасу нысандарын кеңейту және т.б.);
7. сотталғандардың қылмыстылығының алдын алуда әлеуметтік биімделуді, тәрбиелік және құқықтық шаралардың тиімді тетіктерін (медиация, діни-ағартушылық жұмыс, жұмыспен қамту) негіздеу.

**Зерттеудің әдістемелік негіздері.** Зерттеу барысында келесідей зерттеу әдістері қолданылды:

- әлеуметтік құбылыс ретінде сотталғандардың қылмыстылығының динамикасын, құрылымын және жағдайын талдауға мүмкіндік беретін танымның диалектикалық әдісі;
- «сотталғандардың қылмыстылығы», өзгеде ұғымдардың анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін талдау және синтез әдістері;
- сотталғандардың қылмыстылығының сандық көрсеткіштерін

зерделеуге мүмкіндік беретін статистикалық талдау әдісі;

- сотталған-қылмыскердің жеке басының криминологиялық сипаттамасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін моделдеу әдісі;
- сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу жүйесін жетілдіруге мүмкіндік беретін салыстырмалы талдау әдісі және т.б. әдістер.

**Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Қылмыстық жазалардың барлық түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу проблемаларын талдайтын алғашқы кешенді ғылыми ізденіс болып табылады. Қазақстан аумағында бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулердің барлығы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандардың қылмыстылығына (пенитенциарлық қылмыстылыққа) қатысты жүргізілген болатын, ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығына қатысты осы күнге дейін бірде бір арнайы ғылыми зерттеу орын алған жоқ. Сондықтан бұл диссертациялық жұмыс бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың қылмыстылығын алдын алу проблемаларын, сондай-ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығын алдын алу проблемаларын біріктіре отырып зерттеген криминология ғылымындағы алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер.**

1. Пенитенциарлық қылмыстылық және сотталған тұлғалар қылмыстылығы өзара байланысты кешенді криминологиялық категориялар ретінде қарастырылады. Бұл ұғымдар тек қылмыстық-атқару жүйесі шеңберіндегі құқық бұзушылықтарды ғана емес, сонымен қатар жазаны өтеу кезеңінде және одан кейінгі уақытта орын алатын қайта қылмыс жасаумен байланысты құбылыстарды да қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, аталған категориялар қылмыстылықтың ерекше түрін сипаттай отырып, оның әлеуметтік-құқықтық табиғатын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл қылмыстылық қамаққа алу мен бас бостандығынан айыру орындарында ғана емес, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды өтеу жағдайында да көрініс табады. Яғни, сотталған тұлғалардың қылмыстық мінез-құлқы әртүрлі институционалдық ортада қалыптасып, дамиды. Бұл өз кезегінде аталған құбылысты кешенді зерттеуді және оған ықпал ететін факторларды жан-жақты талдауды талап етеді.

2. Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін негізгі детерминанттар кешенді сипатқа ие. Зерттеу барысында әкімшілік бақылаудың жеткіліксіздігі, инженерлік-техникалық құралдардың тозуы мен жеткіліксіздігі, сондай-ақ сотталғандардың шамадан тыс тығыз орналастырылуы қылмыстылықтың өсуіне тікелей әсер ететін факторлар ретінде анықталды. Мұндай жағдайлар қадағалау деңгейін төмендетіп, құқық бұзушылықтардың алдын алу мүмкіндігін әлсіретеді.

Сонымен қатар, тыйым салынған заттардың заңсыз айналымы, сотталғандар арасындағы шиеленістердің тиімді реттелмеуі, құмар ойындардың таралуы және тәрбие жұмысының жеткіліксіз ұйымдастырылуы да

криминогендік жағдайды күрделендіреді. Аталған факторлардың жиынтығы түзеу мекемелеріндегі қылмыстылықтың тұрақты түрде сақталуына және оның қайталануына ықпал етеді.

3. Пробация қызметінің тиімділігі сотталған тұлғалардың қайта қылмыс жасау деңгейіне тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Алайда қазіргі уақытта пробация жүйесінде бірқатар ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық кемшіліктер орын алуда. Атап айтқанда, кадр тапшылығы, ресурстық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі және электрондық бақылау құралдарының шектеулі қолданылуы бақылаудың тиімділігін төмендетеді.

Сонымен қатар, пробация институтының толыққанды жұмыс істемеуі және пробациялық бақылаудағы тұлғалардың құрамының ерекшеліктері, атап айтқанда ауыр қылмыс жасаған тұлғалардың басымдығы, олардың қайта қылмыс жасау ықтималдығын арттырады. Осыған байланысты пробация жүйесін жетілдіру, оның ішінде жасанды интеллект технологияларын көмекші құрал ретінде пайдалану, әлеуметтік-құқықтық көмекті міндетті сипатқа көшіру, бақылау мен әлеуметтік-бейімдеу шараларын үйлестіру, сондай-ақ электрондық бақылау құралдарын кеңінен енгізу қажеттілігі негізделеді.

4. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру сотталғандардың қылмыстылығына қарсы күрестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне байланыс құралдарын заңсыз кіргізуге қатысты жауаптылықты күшейту қажеттілігі туындайды. Мұндай құқық бұзушылықтар түзеу мекемелеріндегі қылмыстық ахуалға теріс әсер етіп, қылмыстық байланыстардың сақталуына және жаңа құқық бұзушылықтардың жасалуына жағдай жасайды.

Осыған байланысты ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы **428-2-бапты енгізу ұсынылады**: **«428-2-бап. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және олардың компоненттерін заңсыз кіргізу** Аталған мекемелерге байланыс құралдарын және олардың компоненттерін кез келген тәсілмен заңсыз кіргізу немесе заңсыз кіргізуге оқталу – екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Аталған норманы енгізу түзеу мекемелеріндегі құқықтық тәртіпті нығайтуға, сотталғандардың қылмыстық байланыстарын шектеуге және қылмыстылық деңгейін төмендетуге ықпал етеді.

5. Сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу тек құқықтық шаралармен шектелмей, әлеуметтік және тәрбиелік ықпал ету тетіктерін де қамтуы тиіс. Осыған байланысты түзеу мекемелерінде дін қызметкерлерін штаттық негізде енгізу сотталғандардың рухани-адамгершілік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, сотталғандар арасындағы жанжалдарды тиімді шешу үшін медиация институтын дамыту маңызды болып табылады.

Бұдан бөлек, түзеу мекемелері қызметкерлерін даярлау және сотталғандарға арналған арнайы түсіндіру бағдарламаларын енгізу

профилактикалық жұмыстың сапасын арттырады. Сонымен қатар, түзеу мекемелерінің инфрақұрылымын жаңғырту және сотталғандарды жұмыспен қамтуды кеңейту олардың әлеуметтік бейімделуін жақсартып, қайта қылмыс жасау деңгейін төмендетудің тиімді құралы ретінде қарастырылады.

6. Пробациялық тіркеудегі тұлғаның электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдауына жол бермес үшін, сондай-ақ аталған құралдардың ондай тұлғалармен жасалуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңыздылығын ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы 430-1-бап енгізу қажетті:

6.1 **«430-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінде қолданылатын электрондық бақылау құралдарын қасақана жою немесе бүлдіру»** Электрондық бақылау құралдарын қасақана жою, бүлдіру, олардың функцияларын өзгерту немесе жұмыс істеу тәртібін айналып өту – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

6.2 Сонымен қатар ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы 428-2-бап енгізу ұсынылады:

**«428-2-бап. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін заңсыз кіргізу»** Аталған мекемелерге байланыс құралдарын және олардың компоненттерін кез келген тәсілмен заңсыз кіргізу немесе кіргізуге оқталу – заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**7** . Қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру бағыттары:

7.1 ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабының 1-тармағында көзделген тыйым салынған заттар қатарынан тамақ өнімдерін алып тастау қажеттілігі негізделеді, себепі аталған норма қылмыстық-атқару заңнамасының ережелерімен және ішкі тәртіп қағидаларымен үйлеспейді;

7.2 ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 106-бабының 2-тармағын қысқа мерзімді кездесулерді бейнебайланыс форматында ұйымдастыру мүмкіндігін көздейтін нормамен толықтыру ұсынылады;

7.3 ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 109-бабында «телекоммуникация» ұғымының орнына «бейнебайланыс» ұғымын енгізу және «телефон (бейнебайланыс)» нысанын заңнамалық тұрғыда нақтылау ұсынылады;

7.4 ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 108-бабын хат алмасуды жазбаша, электрондық және бейнехабарлама форматтарында жүзеге асыру мүмкіндігін көздейтін нормамен толықтыру ұсынылады.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі.** Сотталғандардың қылмыстылығын алдын алу мәселелерімен байланысты ғылыми зерттеулер жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері осы зерттеу жұмысының теориялық негізін қалады.

**Диссертациялық зерттеудің нормативтік негізін** қолданыстағы

Қылмыстық, Қылмыстық-атқару, Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы заңнаманың, «Пробация туралы» Заңның, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының, «Медиация туралы» Заңының ережелері, жекелеген жаза түрлерін өтеу және орындау тәртібін белгілейтін заңға сәйкес нормативтік құқықтық актілердің ережелері, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының қамаудағылармен қарым қатынастың төменгі стандарттық ережелері құрады.

**Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін** ҚР Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің «Қамқор» базасындағы 2015-2025 жылдар аралығындағы статистикалық есептер, 2021-2024 жылдар аралығында пробациялық тіркеуде тұрған тұлғаларға қатысты ақпараттар, қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаған сотталғандарға қатысты шығарылған соттардың үкімдері құрады.

**Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы.** Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен қорытындыларды сотталғандардың қылмыстылығына қарсы күреспен байланысты мәселелерге қатысты болашақта жүргізілуі мүмкін ғылыми ізденістерге негіз ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ аталған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар құқық шығармашылығы қызметінде, атап айтқанда қолданыстағы заңнамалық актілерді жетілдіруде қолдануға болады.

**Диссертациялық зерттеудің сыннан өтуі.** Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедарасының мәжілісінде талданды. Ал осы зерттеу барысынды қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ғылыми журналдарда, ғылыми жиындардың жинақтарында жарияланды, атап айтқанда

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Жұмыстың құрылымы** зерттеудің мақсаты мен міндеттерін сәйкес келеді және ол кіріспе бөлімнен, жеті тараушаны біріктіретін үш негізгі тараудан, қорытынды бөлімнен, зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Ал **жұмыстың көлемі** 123 беттен тұрады.

# 1 СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

## 1.1 Сотталған тұлғалар қылмыстылығы ұғымының мазмұны, оның теориялық негіздері және сабақтас криминологиялық категориялармен арақатынасы

«Сотталғандардың қылмыстылығы» ұғымын ашуда «пенитенциарлық қылмыстылық», «рецидивтік қылмыстылық», «пенологиялық қылмыстылық» ұғымдарына аса назар аударамыз, себепі аталған ұғымдардың түсінігін ашу арқылы «сотталғандардың қылмыстылығы» ұғымы түсінігін ашуға мүмкіндік аламыз. «Пенитенциарлық қылмыстылық», «рецидивтік қылмыстылық», «пенологиялық қылмыстылық», «жазалау қылмыстылығы» ұғымдары бір бірімен байланысты ұғымдар және олардың түсінігін қалыптастыруда «сотталған» ұғымы негізгі ұғымы ретінде орын алған.

«Пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымына қатысты ғалымдардың арасында әртүрлі анықтамалар берілген болатын және оны қалыптастыруда әлі күнге дейін бірыңғай пікір жоқ. Ондай анықтамаларды қалыптастыруда негізге алынған өлшемдерді ескере отырып, оларды бірнеше топқа жіктеуге болады.

Ғалымдардың бірқатары қылмыстардың жасалу орнын (бас бостандығынан айыру орындары, түзеу мекемелері) басшылыққа ала отырып, өздерінің анықтамаларын қалыптастырған. Бұл жерде де ғалымдардың бірқатары жасалу орны ретінде тек қана бас бостандығынан айыру жазасын орындау мекемелерімен ғана шектелсе, қалғандары пенитенциарлық қылмыстардың жасалу аумағын кеңейте отырып, қылмыстық-атқару жүйесіне кіретін барлық мекемелерді қарастырады.

О.В. Старков «пенитенциарлық мекемелер» және «бас бостандығынан айыру орындары» деп екіге бөле отырып, пенитенциарлық қылмыстылық ұғымын қалыптастырған: пенитенциарлық мекемелердегі, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық [4, 303 б.] Осыған ұқсас анықтаманы Ю. Агеевада қалыптастырған болатын: пенитенциарлық қылмыстылық бұл пенитенциарлық мекемелердегі, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық [5].

С.А. Бажанова мен А.И. Исиченко пенитенциарлық қылмыстылық ретінде бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстардың жиынтығын қарастырған [6, 966-967 бб.].

Ал В.В. Николайченконың берген анықтамасы бойынша пенитенциарлық қылмыстылық бұл қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру жазасын орындау кезінде жасалатын қылмыстардың жиынтығы» [7, 8 б.].

А.И. Долгова Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесінің пенитенциарлық мекемелерінде жасалатын қылмыстардың жиынтығын пенитенциарлық қылмыстылық деп таныған [8, 653 б.].

О.В. Филипова «бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық» және «пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымдарының бірдей

ұғымдар екендігін алға тарта отырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықты белгілі бір уақыт аралығында және нақты аумақта, алдыңғы қылмысы үшін  түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан сотталғандармен жасалған қылмыстық заңмен тыйым салынған іс әрекеттердің жиынтығынан тұратын тарихи өзгермелі, жағымсыз әлеуметтік құқықтық құбылысты қарастырған [9, 12 б.].

О.В. Филипованың пікіріне ұқсас пікірлерді Л. Прозументов, Л.Г. Косулина да ұсынады. Олар «пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымы «бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандармен жасалатын» ұғыммен тең ұғым деп таниды, түрме туралы, колония туралы сөз қозғалған кезде «пенитенциарлық» ұғымы қолданылады.

Келесі ғалымдардың тобы пенитенциарлық қылмыстылықтың ұғымының түсінігін қылмыс жасаушы субъектілерді негізге ала отырып, ашуға тырысқан. Осы негіз бойынша ғалымдар «пенитенциарлық қылмыстылықтың» ұғымын тар мағынада және кең мағынада қарастыруды ұсынады.

К.С. Сагинбеков пенитенциарлық қылмыстылықты бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен ғана жасалатын қылмыстардың жиынтығы ретінде қарастырған [10, 9 б.].

А.В. Акчурин пенитенциарлық қылмыстар ретінде сотталғандармен, күдіктілермен, айыпталушылармен түзеу мекемелерінде немесе тергеу оқшаулағыштарында болған кезінде жасалған заңмен қоғамға қауіпті деп танылған, қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелерде оларды мәжбүрлі түрде ұстаумен байланысты орын алатын жағымсыз әлеуметтік ортаның ықпалымен қалыптасқан, құқыққа қайшы іс-әрекетке, оның салдарына, тергеу процесіне деген ерекше қатынаспен біріктірілген іс-әрекеттерді түсінеді [11].

Ю.М. Антонян бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстарды қамаудағылар мен сотталғандар жасайтын қылмыстар және осы орындардың әкімшілігі өкілдерімен жасалатын қылмыстар деп екіге бөліп қарастырған. Қамаудағылар мен сотталғандар көп жағдайда зорлық-зомбылық қылмыстарды жасаса, әкімшілік өкілдері көп жағдайда пайдақорлық қылмыстарды жасайтындығын көрсетіп кеткен [12, 638 б.].

В.И. Пинчук та пенитенциарлық қылмыстылық ретінде сотталғандармен жасалатын қылмыстарды да, сондай ақ түзеу мекемелерінің қызметкерлерімен жасалатын қылмыстарды да қарастырған [13, 90 б.].

Р.Е. Джансараева да пенитенциарлық қылмыстылықтың өзіндік ерекшелігінің бар екендігін ескере отырып, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың барлық қылмыстық іс-әрекеттерін екі бөліп қарастыруды ұсынады. Бірінше түріне сотталғандармен ғана жасалатын қылмыстарды жатқызуды, ал екінші түріне сотталған мәртебесіне ие емес тұлғалар үшін қол жетімді қылмыстарды жатқызуды ұсынды [14, 72 б.].

Сонымен қатар пенитенциарлық қылмыстылықтың түсінігін рецидивтік қылмыстылықтың бір түрі ретінде ашуға талпыныс жасаған ғалымдардың тобы бар.

К.Ж. Балтабаевтың пікірінше, пенитенциарлық қылмыстылық бас бостандығынан айыру орындарында орын алатын, қылмыстылық жоғары қауіптілігімен ерекшеленетін қылмыстық рецидивтің айрықша бір бөлігі, өйткені сотталғандар қылмыстық құқықтық тыйым салуларды осындай нысанда елемейді [15, 116 б.].

А.И. Алексеевте бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықты қылмыстық рецидивтің айрықша бір түрі ретінде қарастырады [16, 101 б.].

В.А. Забровский пікірінше, пенитенциарлық қылмыстылық сотталған тұлғаның түзелуіне – жазаның басты мақсатына жетуге кедергі келтіретін, қылмыстық-атқару нормаларына қарама-қайшылықта болатын криминалдық субмәдениет элементтері бар айрықша нысанмен сипатталатын, қылмыстық рецидивтің ерекше бір түрі болып табылатын, күрделі, тұрақты әлеуметтік-құқықтық құбылыс [17, 7 б.].

Пенитенциарлық қылмыстылықты пенитенциарлық рецидивтің бір бөлігі ретінде қарастыра отырып, Л.М. Прозументова мен Н.В. Ольховик пенитенциарлық рецидив ретінде бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстарды ғана қарастырады. Ал бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін және соттылығы бар кезінде жасалған қылмыстарды постпенитенциарлық рецидив ретінде таниды [18, 33 б.].

О.В. Старков пенитенциарлық рецидивтің «пеналдық» және «пеналдықтан кейінгі» түрлерін қарастыра отырып, олардың ұғымын ашуға тырысқан. Автор «пеналдық қылмыстылық» ретінде қылмыстық жазаны өтеуші тұлғамен немесе оған қатысты қылмыстық-атқару іс-шаралар жүзеге асыру аяқталмаған тұлғалармен жаңадан қылмыс жасауды қарастырған. Ал «пеналдықтан кейінгі қылмыстылық» немесе «пеналдықтан кейінгі рецидив» ретінде оған қатысты қылмыстық жаза немесе қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар орындалған тұлғалардың арасындағы қылмыстылықты түсінуді ұсынады [4, 77-78 бб.].

Келесі ғалымдардың тобы пенитенциарлық қылмыстылықтың мағынасын ашуда бас бостандығынан айыру жазасымен сотталғандардың қылмыстылығымен қатар, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығын қоса қарастырған. Жоғарыдағы анықтамалардың барлығы пенитенциарлық қылмыстылықтың түсінігін ашуда қылмыстың жасалу орнына, қылмыс жасаушы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға аса назар аударған және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалатын қылмыс түрлері назардан тыс қалған. Жалпы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығына қатысты мәселелерді қарастыратын арнайы ғылыми зерттеулердің жоқтығын айтып кеткен болатынбыз. Осы жерде О.В. Старковтың пенитенциарлық қылмыстылыққа қатысты берген анықтамасына назар аудару қажет. Автор «пенитенциарлық қылмыстылық» деп қылмыстық жазаларды орындау аясында және қайта жасалатын қылмыстардың жиынтығында, сондай ақ қоғам өмірінің осындай аясындағы қарама қайшылықтар қайта жанданған кезде орын алатын, қоғамдық

болмыс пен санадағы қарама қайшылықтарды туындататын, жалпы әлеуметтік, регрессивтік, тұлғасыз құбылысты түсінеді [4, 63-64 бб.].

О.В. Старковтың бұл анықтамасы пенитенциарлық қылмыстылықтың мазмұнын дәл ашатындығын көрсете келе, М.Р. Гета пенитенциарлық және постпенитенциарлық қылмыстылықты ажырата отырып, олардың мазмұнын кезеңдік тұрғыдан қарастыруды ұсынады. Автордың пікірінше, қылмыстық жазаны өтеу барысында жасалатын құқық бұзушылықтар пенитенциарлық қылмыстылықтың құрамына кіреді, ал жазаны өтеп болғаннан кейін орын алатын қайталама қылмыстар постпенитенциарлық рецидив ретінде сипатталады. Осылайша, қылмыстылықтың бұл түрлерін бөлу оның алдын алу шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді [19, 77-78 бб.].

Т.К. Акимжанов пен Ж. Елюбайқызы пенитенциарлық қылмыстылықтың анықтамасын берген. Атап айтқанда пенитенциарлық қылмыстылық жалпы қылмыстылықтың құрамдас және жеке бөлігі ретінде жазаны орындау кезінде қылмыстық атқару мекемелерінде сотталғандармен, сондай-ақ қызметі 2016 жылдың 30 желтоқсанындағы №38-VI «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелген пробация қызметінің тіркеуінде тұрған тұлғалармен жасалатын қылмыстардың жиынтығын қарастырған [20]. Бұл ғалымдар пробациялық тіркеуде тұрған тұлғаларды қамти отырып, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығын сипаттау үшін пенитенциарлық қылмыстылық ұғымын қолданған. Алайда пробация қызметінің қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерінің барлығын орындауды жүзеге асырмайтындығын ескеретін болсақ, ғалымдардың мұндай түсінігі толық емес деп қарастыруға болады. Қылмыстық-атқару құқықтық қатынастар шеңберінде пробация қызметінің құзыреті мен атқаратын функциялары мәселесі ғылыми әдебиеттерде де кеңінен талқыланады. Қылмыстық-атқару құқықтық қатынастар жүйесінде пробация қызметінің орны мен рөлі ғылыми әдебиеттерде арнайы зерттеледі. Мәселен, А.В. Степенконың пікірінше, пробация институты қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды орындауға бағытталған және оның негізгі мақсаты – сотталған тұлғалардың мінез-құлқын бақылау мен қайта әлеуметтенуін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты пробация қызметіне белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту және бас бостандығын шектеу сияқты жаза түрлерін орындау жүктеледі.

Сонымен қатар, айыппұл және мүлікті тәркілеу сияқты жаза түрлерін орындау өзге уәкілетті органдардың құзыретіне жатқызылған. Бұл жағдай пробация қызметінің қызмет аясын шектеп, оның бақылауындағы құқық бұзушылықтардың толық көлемде қамтылмауына алып келеді [21].

Келесі ғалымдарда пенитенциарлық қылмыстылық ұғымымен бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен жасалатын қылмыстармен қатар, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түріне сотталғандармен жасалатын қылмыстарды қамтыған.

Атап айтқанда ғалымдардың пікірі бойынша сын есімдегі

«пенитенциарный» түзеу шарасы (латын сөзі «poenitens» шыққан өкінуші деген мағына береді), ретінде түрмеде қамаумен байланысты дегенді білдіреді (мысалы, пенитенциарлық құқық). Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйесі заңға сәйкес азаматтарға тағайындалған қылмыстық жазалардың орындалуын жүзеге асыратын мемлекеттік институт болып табылады. Ол бас бостандығынан айыру жазасымен байланысты жазалардың, сондай ақ бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың орындалуын, сондай ақ сотқа дейін қамауға алған сәттен бастап тергеудегі тұлғалардың ұсталуын қамтамасыз етеді (қамауға алу түріндегі процессуалдық шараларды өзгерткенге дейін) [22].

С.А. Хохринде пенитенциарлық қылмыстылық ретінде жазалардың түрлеріне қарамастан сотталғандармен, сезіктілермен (айыпталушылармен) түзеу мекемелерінің және тергеу оқшаулағыштарының аумағында, сондай ақ бас бостандығынан айыру орындары аумақтарынан тыс жерлерде белгілі бір уақыт аралығында жасалған барлық қылмыстардың, сонымен қатар қызметкерлермен, қызметшілермен немесе өзгеде тұлғалармен жасалған қылмыстардың жиынтығын қарастырған [22]. Автор «poena» сөзінің латын тілінен аударғандағы этимологиялық мағынасы «жаза», ал «poenitentiarius» сөзі «өкінуші», «түзеу» деген мағына береді дегенді негізге ала отырып, пенитенциарлық қылмыстылық қылмыстылықтың бір бөлігі болып табылғандықтан, оған жазаны орындау кезіндегі қылмыстар кіреді деп көрсеткен болатын. Автордың мұндай пікірімен келісуге болмайды, себепі «пенитенциарлық» сөзін айналымға енгізген мемлекеттерде (АҚШ, Англия), сондай-ақ осы терминді қолданатын көптеген мемлекеттерде аталған термин бас бостандығынан айыру жазасымен, сонымен қатар ағылшын сөздіктерінде аталған термин «түрме», «бас бостандығынан айыру жазасы өтелетін мекеме» ұғымдарымен тығыз байланысты [23; 24].

Ғалымдардың пенитенциарлық қылмыстылықты бұлай кең мағынада талдауларында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығы ескерілген. Ал аталған санаттағы сотталғандардың қылмыстылығына қатысты «пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымын қолдану қаншалықты орынды деген сұрақ туындауы мүмкін.

«Пенитенциарий» латының «poenitentia» сөзінен шыққан «өкіну» немесе «түзету» деген мағына береді. Бұл ұғым XVIII ғасырдың аяғында АҚШ та кеңінен қолданыла бастады. 1786 жылы Пенсильвания штатында қамалғандарды ұстау үшін арналған орын салынды және оны «Пенитенцариум» (латын сөзі «poenitentiarium» - өкіну үйі) деп атады [25]. Бұл ұғым XX ғасырдың басында Кеңес билігі кезеңінде де кеңінен қолданылған болатын. Кейін аталған ұғымдар ұмыт қалды және ресми құжаттарда қолданысын тапқан жоқ. Ал XX ғасырдың аяғында аталған ұғымды қолдану қайта жандана бастады және бұл үрдіс бұрынғы Кеңес Одағына аумағындағы мемлекеттерде кеңестік кезеңде орын алған терминдерден арылумен байланысты болды. Қазақстанда аталған термин отандық ғалымдар арасында кеңінен қолданылғанымен, алғаш рет ресми түрде 2011 жылы 26 шілдеде қабылданған ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі туралы» Жарлығында қолданылды [26], одан кейін аталған ұғым басқа нормативтік актілерде де қолданысын тапты.

Атап айтқанда 2014 жылы қабылданған Қылмыстық атқару заңнамасында қолданысын тапты және онда «қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі», «қылмыстық атқару(пенитенциарлық) мекемелері» терминдері қолданылды. Бұл Заңда қазақстандық заңшығарушылар «қылмыстық атқару» және «пенитенциарлық» ұғымдарды бірдей ұғымдар ретінде қолданған. Алайда ғалымдардың басым көпшілігі «пенитенциарлық жүйе», «пенитенциарлық мекеме», «пенитенциарлық қылмыстылық» сөз тіркестерін қолдануда және аталған «пенитенциарлық» терминнің түпкілікті мағынасына мән бермеуде.

Р.А. Ромашовтың пікірінше, «пенитенциарлық құқық» термині кеңінен таралып, қылмыстық атқару құқығына синоним ретінде қолданыла бастады. Бір атауды басқа атауға (көп жағдайда батыс еуропа елдерінің тілдерінен алынған) алмастыру ұғымның табиғи мазмұнын өзгертуге қабілетті құрал ретінде қарастыру үрдісі кеңінен тарауда және бас бостандығынан айыру жазасымен байланыстырады.... «пенитенциарлық құқығы» ұғымы қылмыстық атқару құқығынан басқа мағынадағы ұғым [27]. Ал келесі авторлар «пенитенциарлық» терминін бас бостандығынан айыру жазасын орындаумен байланыстырады және оның бастауы түрме қызметінен алатындығын көрсетеді. Сондай-ақ пенитенциарлық қатынастар мазмұны бойынша қылмыстық-атқару қатынастарынан тар деген пікірлерін білдірді [28].

Сонымен қатар ғалымдардың бірқатары (мысалы, В.А. Уткин [29], Н.И. Пермяков [30, 9 б.], М.П. Мелентьев [31], В.Б. Спицнадель мен С.И. Вележев [32] және т.б.), «пенитенциарлық жүйені» бас бостандығынан айыру жазасын орындайтын мекемелермен органдар жүйесі ретінде қарастыруды ұсынса, қалғандары (С.М. Оганесян [33] және т.б.) аталған ұғымды кең мағынада қылмыстық жазаның барлық түрін орындайтын мекемелер мен органдардың жүйесі ретінде қарастыруды ұсынуда.

Қазақстандық заң шығарушылар «пенитенциарлық» терминін қолдануда түсініксіздіктер танытқан. Атап айтқанда қолданыстағы ҚР Қылмыстық атқару заңының 3-бабының 4, 5-тармақтарында «қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі», «қылмыстық атқару жүйесі органдары» және «қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі» ұғымдарының түсініктері ашылған. Оларға сәйкес қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі (бұдан әрі - қылмыстық-атқару жүйесі) - қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер, сондай ақ көрсетілген органдар мен мекемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдар жүйесі, ал қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі (бұдан әрі мекеме) бас бостандығынана айыру түріндегі жазаларды орындауға арналған мемлекеттік мекеме [35]. Ал «Пробация туралы» ҚР Заңында заң шығарушы «пенитенциарлық» терминін тек қана бас бостандығынан айыру жазасын орындаумен байланысты мәселелерге қатысты қолданған. Атап айтқанда пенитенциарлық пробация – қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріндегі бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген тұлғаларды әлеуметке қосу жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы (12-баптың 3-тармағы), пенитенциарлықтан кейінгі

пробация - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босатылған тұлғаларға қатысты пробациялық бақылау белгілеу мен оны жүзеге асыру және оларға әлеуметтік құқықтық көмек көрсету жөніндегі қызмет пен шаралар жиынтығы (12-баптың 4-тармағы) [36]. Бұл жағдайлардан заңшығарушы «пенитенциарлық» терминін бас бостандығынан айыру жазасын өтеу мен орындау қатынастарына ғана қатысты қолданғандығын байқауға болады.

Сондай-ақ жоғарыдағы анықтамалардан ғалымдардың басым көпшілігі «пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымын тек қана бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстарға қатысты қолдануды ұсынған және бас бостандығынан айыру жазасынан басқа қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығына қатысты «жазалаушы қылмыстылық» деген ұғымды ұсынады (мысалы, Л. Прозументов, О. Филиппова, О.В. Старков).

«Жазалаушы қылмыстылық» терминін ғылыми айналымға енгізе отырып, О.В. Старков оны қылмыстық жазаларды атқару аясындағы қоғамдық болмыс пен сананың қарама қайшылығынан туындайтын, жаппай қайталанушы қылмыстар қатарында орын алатын, жалпы әлеуметтік регрессивті және тұлғасыз құбылыс ретінде қарастырды [4, 63-64 б.]. Аталған термин жазаны өтеу кезеңіндегі тек сотталғандардың ғана қылмыстылығын қамтып, басқа тұлғалардың қылмыстылығын қамтымай, пенитенциарлық қылмыстылықтың ерекшеліктерін және мәнін толық ашпайды деген пікірін білдіре отырып [34, 56-57 б.], Хохрин пенитенциарлық қылмыстылық ретінде сотталғандар мен күзетке алынғандардың қылмыстылығын және түзеу мекемелерінің қызметкерлерінің қылмыстылығын қарастырған [34, 19 б.].

Сонымен қатар жоғарыда қарастырылған анықтамалардың барлығында қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаға сотталғандардың қылмыстылығына қатысты мәселелер орын алмаған, тек қана бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың қылмыстылығы қарастырылған. Әрине отандық ғалымдардың да, ресейлік ғалымдардың да қамаққа алу жазасына сотталғандардың қылмыстылығын назар тыс қалдыру орынсыз.

Қамаққа алу жазасы қазіргі таңда қазақстандық тәжірибеде аталған қылмыстық жаза түрі қылмыстық теріс қылық үшін қолданылуда. ҚР ҚК нің 45-бабының 1-тармағына сәйкес қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған не ауыстырылған жазаның бүкіл мерзімінде (он тәуліктен елу тәуліккке дейін) қоғамнан оқшаулаудан тұрады [37].

Біздің ойымызша, «пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымымен қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларға сотталғандардың қылмыстық жүріс-тұрысы қамтылуы тиіс.

Сотталғанның еркін жүріп-тұру құқығынан айырумен байланысты қылмыстық жазалардың қатарында қамаққа алу және бас бостандығынан айыру жазаларын қарастыруға болады.

Сонымен пенитенциарлық қылмыстылық ретінде қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалар орындалатын және өтелетін орындарда сотталғандармен, жаза өтелетін мекемелердің қызметкерлерімен

және өзгеде тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығын түсінуге болады.

Бұл жерде қамаққа алу түріндегі қылмыстық жаза орындалатын және өтелетін орны ретінде сотталған жері бойынша қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаны өтеуге арналған арнаулы қабылдау орындарын, ішкі істер органдарының арнайы қабылдау орындарын, гауптвахталарды жатқызуға болады [38]. Арнаулы қабылдау орны – ішкі істер органдарының әкімшілік қамаққа алынған және қамаққа алуға сотталғандарды мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберуге жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі [39]. Ал аталған жаза түріне сотталған әскери қызметшілер гаупвахталарда ұсталады [40; 41].

«Пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымы тек қана қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалар орындалатын және өтелетін орындарда сотталғандармен, жаза өтелетін мекемелердің қызметкерлерімен және өзгеде тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты деп санаймыз, осыған байланысты аталған ұғымының анықтамасын қалыптастыруда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қамту орынсыз деп санаймыз.

Осыған байланысты аталған жағдайда «сотталғандардың қылмыстылығы» деген ұғымды пайдаланған орынды деп санаймыз. Бұл ұғыммен біз барлық жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қамтимыз.

Сотталғандардың қылмыстылығы - бас бостандығынан айыру, қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаларға және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандармен қайта жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Ал пенитенциарлық қылмыстылықты сотталғандардың қылмыстылығының бір бөлігі ретінде қарастырған орынды.

**Қорытынды.** Сотталғанның еркін жүріп-тұру құқығынан айырумен байланысты қылмыстық жазалардың қатарында қамаққа алу және бас бостандығынан айыру жазаларын қарастыруға болады.

«Пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымын қалыптастыруда қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларға сотталғандардың қылмыстық жүріс-тұрысы қамтылуы тиіс.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, пенитенциарлық қылмыстылық бұл қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалар орындалатын және өтелетін орындарда сотталғандармен, жаза өтелетін мекемелердің қызметкерлерімен және өзгеде тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Ал бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды біріктіретін ортақ ұғым ретінде «сотталғандардың қылмыстылығы» деген ұғымды пайдаланған орынды деп

санаймыз және оның келесідей анықтамасын қалыптастыруға болады:

сотталғандардың қылмыстылығы - бас бостандығынан айыру, қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаларға және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандармен қайта жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Ал пенитенциарлық қылмыстылықты сотталғандардың қылмыстылығының бір бөлігі ретінде қарастырған орынды.

## 1.2 Сотталған тұлғалар қылмыстылығының детерминациялық кешені: себептері, жағдайлары және криминогендік факторлар жүйесі

Кез келген қылмыстылық түрін алдын алуда оның орын алуына ықпал еткен мән-жайлар кешенін анықтау маңызды болып табылады. Сәйкесінше сотталғандардың қылмыстылығының себептері мен олардың жасалу жағдайларын зерттемесек, аталған қылмыстылық түрімен тиімді күрес жүргізу мүмкін емес болып табылады. Криминология ғылымында қылмыстылық және жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерінің себептері мен жасалау жағдайларына қатысты мәселелер бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулердің көптігіне қарамастан, оларға қатысты ғалымдардың арасында пікірталастар әліде болса орын алуда. Оларға қатысты берілген анықтамалар санының көптігі, оларды сипаттау үшін криминологияда «детерминант», «қылмыстылықтың себептері кешені», «жасалу жағдайы», «қылмыстылық факторлары» сияқты әртүрлі ұғымдардың қолданылуы, оларға қатысты бірыңғай көзқарастың қалыптаспағанын көрсетеді.

Н.Ф. Кузнецованың пікірінше, өзінің салдары ретінде қылмыстылықты детерминациялайтын әлеуметтік жағымсыз құбылыстар мен процесстер жүйесі қылмыстылықтың себептері мен жасалу жағдайлары болып табылады [42, 44 б.].

А.И. Долгова қылмыстылықтың себептері ретінде орта мен адамның (адамдардың) өзара іс қимылын қарастырады [43, 207 б.].

Ал И.И. Карпецтің түсінігінде қылмыстылықтың себептері қылмыстық әрекеттерді туындататын немесе олардың жасалауына негіз болатын әлеуметтік құбылыстар мен процесстер [44, 124 б.].

В.В. Лунеев болса, қылмыстылықтың себептері қазіргі орын алып жатқан әлеуметтік кеңістік жағдайларында еңсерілмейтін әлеуметтік әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік сияқты әлеуметтік қарама қайшылықтарда дейді [45, 495 б.].

В.Н. Кудрявцевпен В.Е. Эминовтың пікірлерінше, қылмыстылықтың себептілігі екі немесе бірнеше құбылыстардың арасындағы объективті түрде орын алатын байланыс, тәуелділік және олардың біреуі (себеп) басқаларын (салдарды) туындатады [46, 107 б.]. Аталған ғалымдар қылмыстылықтың және қылмыстардың жасалу жағдайлары ретінде қылмыстылықпен қылмыстарды өздігімен туындатпайтын, қылмыстардың жасалуына ықпал ететін, олардың жүзеге асуына көмектесетін әртүрлі факторларды (әлеуметтік, табиғи, техникалық) қарастырады. Олардың пікірінше, қылмыстылықтың себетері мен жасалу жағдайлары кейбір жағдайларда орындарын алмастыруы мүмкін: сол құбылыс бір жағдайда қылмысты туындатуы мүмкін, басқа жағдайда оның

жасалуына ықпал етуі мүмкін [46, 108 б.].

Қылмыстылыққа жалғыз бір себеп тән емес, керісінше өзара байланысты, сондай-ақ қылмыстардың жасалау жағдайларымен де байланысты бірнеше себептер тән. А.И. Долгова нақты жағдайларда қылмыстылықтың көп түрлілігін ескере отырып, оның шығу тегін егжей-тегжей түсіндіретін ортақ, негізгі, басты себеп орын алмайды [8, 284 б.]. Сондықтан ғалымдар қылмыстылықтың себептері мен жасалу жағдайларының кешенін ұсынуда. В.Н. Кудрявцев пен В.Е. Эминов қылмыстылықтың себептерінің кешені ретінде ортақ табиғатымен, қылмыстардың жасалуы үшін қолайлы жағдай жасалуы мүмкін олардың әлсіз аймақтарының пайда болуы жағдайының және дамуының ерекшеліктерімен біріктірілген өзара байланысты, өзара тәуелді жағымсыз әлеуметтік құбылыстарды түсінген. Оларға ең алдымен экономика, саясат, әлеуметтік қатынастар, қоғамның құлықтылық жағдайы, құқықтық реттуе аясындағы криминогендік құбылыстар жатады. Осыларды ескере отырып, ғалымдар қылмыстылық себептерінің келесідей топтарын ұсынады: экономикалық; саяси; құлықтылық психологиялық; құқықтық, сондай ақ қылмыстардың жасалуына ықпал ететін жағдайлар [46, 55-95 б.].

Сотталғандардың қылмыстылығының себептері мен жазалау жағдайларын біріктіретін ортақ ұғым ретінде «детерминант» ұғымын қолданамыз.

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептердің бірі ретінде ондай орындардағы әкімшілік тарапынан сотталғандардың жүріс-тұрысына қатысты сәйкес бақылаудың болмауын қарастыруға болады. Сотталғандардың жүріс-тұрысына сәйкес бақылаудың болмауына әртүрлі жағдайлар ықпал етуі мүмкін. Сондай жағдайлардың бірі бұл қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік техникалық құрал жабдықтарының қанағаттандырарлық жағдайда болмауы. Оған аталған құрал жабдықтар түрінің ескіруін, қажетті көлемде болмауын, мекеме қызметкерлерінің ондай құралдардың бір қалыпты жұмысына кедергі келтіруі және т.б. жағдайларды жатқызуға болады. Бізбен зерделенген қылмыстық істерде қылмыстық құқық бұзушылықтардың (денсаулыққа зиян келтіру, бұзақылық және т.б.) басым көпшілігі (80 пайызы) мекеменің жанындағы кәсіпорындардың өндірістік аймақтарында, сотталғандар көп шоғырланатын жатақхананың (барактың) тұрғын жайларында жасалады. М. Аюбаевтың зерттеулеріде біздің пайымдауымызды растайды. Оның зерттеуі бойынша түзеу мекемелерінде қылмыстардың 86,8 пайызы мекеменің күзетілетін аймақтарында, ал 13,2 пайызы күзетілмейтін аймақтарда жасалады. Күзетілетін аймақтарды өндірістік және тұрғын аймақтарына бөле отырып, автор зерттеген қылмыстарының 66,5 пайызы өндірістік аймақта, ал 20,3 пайызы тұрғын аймақтарда жасалғанын ұсынады [47, 141-149 бб.]

ҚР ҚАК-нің 99-бабына сәйкес сотталғандардың жүріс-тұрысы туралы қажетті ақпараттар алу, олардың мекеме аумағынан қашуын, құқық бұзушылықтарды, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзуды алдын алу, ұшқышсыз әуе кемелерінің мекеме аумағының үстінен ұшуына жол бермеу мақсатында бейнебақылау жүйелері, электрондық және өзгеде инженерлік

техникалық құрал жабдықтары қолданылуы мүмкін. Инженерлік техникалық құрал жабдықтардың көмегімен мекемедегі ішкі тәртіптің сақталуын, сотталғандармен мекеме қызметкерлерінің жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мекеме аумағына тыйым салынған заттардың кіруіне тосқауыл қоюға және режимнің сақталуына қажетті т.б. маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік аламыз. Қазіргі таңда бас бостандығынан айыру мекемелерінің барлығын бейне бақылау камераларымен жабдықтау өзекті мәселелердің бірін айналды. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында бейнебақылау жүйесінің даму туралы көп айтылғанымен құқық қорғау органдарының өздерінің үй жайлары «соқыр аумақ» ретінде қалатындығын атап өтті және пенитенциарлық мекемелерде, полицияның қызметтік үй-жайларында жаппай бейнебақылауды енгізуді тапсырған болатын. Осы тапсырма негізінде қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерін бейнебақылау жүйелерімен жаппай жабдықтау жүзеге асу үстінде [35].

Қазіргі кезде елдің аумағындағы 78 түзеу мекемесінде 39 мыңнан аса бейне бақылау камералары орнатылған [48].

Бейнекамераларды орнату басталғаннан бас бостандығын айыру орындарында ұстау режимін бұзудың 3402 фактісі, 4 тыйым салынған заттарды әкелу каналдары аныкталды, 13 өзін-өзіне қол жұмсауға, 3 түзеу мекемесінен қашуға, 79 шиеленістік жағдайларға және 9 топтық бағынбауларға жол берілмеді [49].

Сонымен қатар бейнебақылау камераларын түзеу мекемелеріне жаппай орнатумен байланысты, оларды істен шығарумен байланысты құқық бұзушылықтар орын ала бастады және олардың көрсеткіші өсе бастады. 2023 жылдың басынан бастап 716 бейнекамера бүлінген. Бұл жағдай отандық заңшығарушылардың аталған құқық бұзушылық түрімен күрес жүргізу мақсатында «қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде, тергеу оқшаулағыштарында, уақытша ұстау оқшаулағыштарында бейнебақылау жүйесін, сол сияқты оның компоненттерін қасақана жою немесе бүлдіру түріндегі» жаңа қылмыстық құқық бұзушылық түрін енгізуіне ықпал етті [50]. Аталған қылмыс құрамы енгізілген кезден бастап сатистикалық мәліметтер бойынша аталған қылмыстық құқық бұзушылық түрі бойынша 2024 жылы 11 адам, ал 2025 жылы 55 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Сотталғандарды аталған қылмыстық құқық бұзушылық түрін жасауға итермелеген себептердің бірі ретінде бейнебақылаудың оларға басқа құқық бұзушылықтар түрін жасауға кедергі келтіруін қарастыруға болады.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың тығыз ұсталуы олардың арасындағы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпалы өте жоғары. Қылмыстық істерді зерделеу нәтижесі көрсеткендей, бас бостандығынан айыру мекемелерінде жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі сотталғандар көп шоғырланатын орындарда жасалады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ондай орындарға барак түріндегі тұрғын жайларды жатқызған болатынбыз. Ондай отрядпен барактарда ұсталатын

сотталғандардың саны 50-ден 60-қа дейін, ал Халықаралық стандарттар бойынша бас бостандығынан айыруға сотталғандар 2-7 адамдық камераларда ұсталуы тиіс. Сонымен қатар қазіргі кезде бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатындардың саны белгіленген шектен тыс, атап айтқанда ай сайын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын сотталғандардың саны 200-300 адамға өсіп отырады [51]. Ал камералық ұстауды қарастыратын түзеу мекемелерінің үлесі бар болғаны 27 пайызды құрайды [52].

Ал ҚР ІІМ ҚАЖК берген мәліметі бойынша қазіргі таңда бас бостандығынан айыру мекемелерінде ұсталуы тиіс сотталғандардың шекті саны 39 443 адам болса, іс жүзінде 41150 адам ұсталуда. Атап айтқанда Алматы облысындағы Заречный елді-мекеніндегі №14 қауіпсіздігі орташа мекемеде 850 адамның орнына 1050 адам жазасын өтеуде, Ақтөбе қаласындағы №8 қаупсіздігі орташа мекемеде шектен асып кету 135,8 пайыз, қарағанды облысинның долинка елді-мекенінде орналасқан №31 қауіпсіздігі орташа мекемедегі мұндай көрсеткіш 116,4 пайызды құрайды, ал Өскемен қаласындағы №17 қауіпсіздігі орташа мекемедегі мұндай көрсеткіш 117,2 пайызды құраса, Атырау қаласындағы №15 қауіпсіздігі орташа мекемедегі мұндай көрсеткіш 123,4 пайызға тең, сондай-ақ Алматы қаласындағы тергеу оқшаулағышында аталған көрсеткіш 109 пайызды құрайды [53].

Отрядпен барактарда 50-60 сотталғанды бір жерде ұстаудың кемшіліктері бар, атап айтқанда олар бір біріне теріс ықпал ету мүмкіндігі жоғары болады, сотталғандар арасында түрме субмәдениеті, экстремизм сияқты жағымсыз құбылыстардың тарауына жол беріледі, сотталғандардың арасында зорлық зомбылық әрекеттерін жасау ықтималдығы жоғары болады, сотталғандардың жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі төмендейді, олардың араларында шиеленістік жағдайлар жиі орын алады және т.б.

Тыйым салынған заттардың бас бостандығынан айыру мекемелерінде орын алуы сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына ықпалы жоғары болып табылады. Ондай тыйым салынған заттардың тізімі нормативтік құқықтық актілерде нақтыланбаған, алайда сотталғандарға өзімен бірге алып жүруге, сатып алуға, сәлемдемелер, бандерольдар арқылы алуға рұқсат етілген заттардың тізімі қарастырылған [54], сәйкесінше рұқсат етілген заттардың тізімі арқылы тыйым салынған заттардың шеңберін анықтап алуға болады. Атап айтқанда тыйым салынған заттардың қатарында мобильді телефондар мен SIM-карталар; адамды масайтатын қасиеті бар дәрілермен өзгеде заттар, есірткі және психотроптық заттар; алкогольдік ішімдіктер; ақша қаражаты және түзеу мекемесінің аумағына әкелуге тыйым салынған заттар бар. Бұл заттар сотталғандарға сырттан әкелінетін болса, сотталғандардың өздері жасайтын тыйым салынған заттарда (пышақ, біз, үшкір заттар және т.б.) бар және бұл тыйым салынған заттарды сотталғандар қылмыстық пиғылдарын жүзеге асыру мақсатында қолдануда.

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын меншікке қарсы қылмыстардың басым көпшілігі алаяқтық қылмыстары болып табылады. Оны мына кестеден көруге болады:

Кесте 1 – 2015-2025 жылдар аралығындағы алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарының көрсеткіші

| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Алаяқтық қылмысының көрсеткіші | 8 | 16 | 33 | 29 | 35 | 15 | 29 | 25 | 54 | 112 | 134 |

Осы алаяқтық қылмысын жасауда сотталғандар ұялы байланыс құралдарын жиі пайдаланады.

Сонымен қатар алкогольдік ішімдік ішу салдарынан мас күйінде сотталғандармен зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстарды және т.б. қылмыс түрлерін жасау фактілеріде орын алуда.

Сотталғандарда тыйым салынған заттардың табылуы, бұл бас бостандығынан айыру мекемелерінің қызметкерлері тарапынан жіберілген кемшіліктердің бірі ретінде қарастыру қажет. Е. Жовтистің зерттеуі бойынша, бас бостандығынан айыру орындарына тыйым салынған заттардың 20 пайызы сотталғанмен кездесуге келетін оның туысқандарымен немесе өзге тұлғалармен кіргізілсе, қалған 75-80 пайызы жемқорлық жолдармен мекеме қызметкерлерімен, мекемеде ерікті түрде жұмыс атқаратын тұлғалармен кірігізіледі [55].

Мысалы, ерікті түрде жалданған жұмысшы цемент қапшықтарына жасырылған 10 мобильді телефон, 11 SIM-карталар және 2 телефон қуаттағышын Ленгер қаласындағы №55 түзеу мекемесі аумағына заңсыз кіргізбекші болған [56].

Тыйым салынған заттарды бас бостандығынан айыру мекемесінің аумағына заңсыз кіргізуде құқық бұзушылармен әртүрлі амал-тәсілдер, құрал жабдықтар қолданылуда. Сондай құралдардың бір түрі ұшқышсыз ұшу апараттарын қолдану арқылы мекеме аумағына тыйым салынған заттарды лақтыру орын алған. 2025 жылы мекеме аумағына тыйым салынған заттарды лақтырудың 128 фактісі орын алған, оның жетеуі ұшқышсыз ұшу апараттарын қолдану арқылы жүзеге асқан. Сонымен қатар құқық бұзушылар есірткі сияқты тыйым салынған заттарды ішке жұту арқылы кіргізуге тырысқан [52]. Жалпы аталған жылы 229 мобильдік телефондар, 53,33 литр спирт ішімдіктері, 8,59 килограмм есірткі заттар, 534 750 теңге сомасындағы ақша қаражаты алынған және 69 адам жауаптылыққа тартылған [57].

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстардың көпшілігі сотталғандардың арасындағы шиеленістік қарым-қатынастан орын алуда. Ал сотталғандардың арасында шиеленістік жағдайдың орын алуына әртүрлі себептер ықпал етуі мүмкін. Ондай себептерді ғалымдар бірнеше топқа жіктеген, атап айтқанда

Бірінші топ, түзеу мекемесінің тұрмыс тіршілігін ұйымдастыру бойынша мекеме әкімшілігінің қызметіндегі кемшіліктермен, сондай-ақ сотталғандардың жағдайының нашар болуына жазаны орындаушы қызметкер барын салады деген алалаушылық ойдың сотталғанда тұрақты орын алумен байланысты себептер.

Сонымен қатар мекеме қызметкерлерінің заңға сәйкес талаптары сотталғандармен, әсіресе сотталғандардың терістеуші тобымен жиі теріс қабылданады, бұл көп жағдайда шиеленістерге, топтық эксцесстерге және жаппай тәртіпсіздіктерге әкеледі;

Екінші топ, психологиялық тұрғыдан сотталғандардың отрядтары мен бригадаларын дұрыс қалыптастырмау, сотталғандарды тұрғын аймақтарында, өндіріс аймақтарында және өзгеде жерлерде дұрыс орналастырмау, сондай-ақ белсенділерді таңдаудағы қателіктердің орын алуы, олардың құқыққа қайшы жүріс-тұрысына көз жұмуы. Бұлардың барлығы бригадирлердің, аға кезекшілердің, әуесқой ұйымдардың мүшелерінің іс-әрекеттеріне тән жоғары шиеленістікті анықтайды;

Үшінші топ, ұрылардың (түрмелік) субмәдениеті, сотталғандарды жіктеу, түрмелік салт дәстүр, криминогендік қарым-қатынас және т.б. жағымсыз әлеуметтік психологиялық құбылыстардың орын алуымен байланысты себептер;

Төртінші топ, түзеу мекемелерінде жазаны өтеу шарттарының ерекшеліктерімен байланысты себептер. Сыртқы ортамен байланыстың шектелуі, ақпараттың аздығы, жариялылық, жеке қарым қатынаста орын алатын қиындықтар жағдайында қылмыскерлердің ортасында өмір сүру жүйке жүйесінің азуына әкеледі және жағымсыз эмоциялар туындатады. Бұл топқа аморалдық және құқыққа қайшы тәсілдермен материалдық және органикалық қажеттіліктерді қанағаттандырумен байланысты себептерді жатқызуға болады (ақша, есірткі заттарды, алкогольді, тамақ өнімдерін тартып алу, жыныстық қол сұғушылықтар, карта ойнау, алдау, күш қолдану және т.б.). Сондай-ақ бас бостандығынан айыру жазасының мерзімінің тағайындалу ұзақтығы да оған сотталғандарға теріс ықпалын тигізетіндігін айта кету қажетті (суицидке, депрессияға және т.б. әкелуі мүмкін) [58].

Бесінші топ, психикасында ауытқулары бар, шиеленісуге бейім, алкоголь мен есірткі заттарға теріс пайдаланатын, жеке-психологиялық ерекшеліктерге ие сотталғандардың болуымен байланысты себептер.

Бас бостандығынан айыру орындарында орын алатын шиеленістерді үш түрге бөліп қарастыруға болады: сотталғандардың белгілі бір топтарының арасындағы шиеленістер (топтық шиеленістер); сотталғандармен мекеме қызметкерлерінің арасындағы шиеленістер; жекелеген сотталғандар арасындағы шиеленістер.

Бұл аталған шиеленіс түрлерінің ішінде жекелеген сотталғандар арасындағы шиеленістер жиі орын алады. Аталған шиеленістің түрі көп жағдайда сотталғандардың бір біріне күш қолдануы арқылы шешіледі және оның соңы адам өліміне, дене жарақатына, жаппай тәртіпсіздіктерге және т.б. жағымсыз салдарға әкеліп соғуда. Бізбен зерделенген қылмыстық істерде орын алған адам өлтіру қылмысының орын алуына жәбірленуші мен қылмыскердің арасында орын алған өзара шиеленістер (балағаттау, әлімжеттік және т.б.) себеп болған. Сондай-ақ денсаулыққа әртүрлі дәрежеде зиян келтіру қылмыстарында да сотталғандар арасындағы жеке өзара шиеленістер себеп болған. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан № 51 төтенше қауіпсіз мекемесінде

сотталғандар П. мен С. арасында бұрын орын алған шиеленістің салдарынан сотталған П. сотталған С. басынан балғамен ұрған, нәтижесінде сотталған С. қайтыс болған [59].

Сонымен қатар мекеме қызметкерлері тарапынан жол берілген іс әркеттердің (құқыққа сай немесе құқыққа қайшы іс әрекеттер) салдарынан мекеме қызметкерлері мен сотталғандар арасында шиеленістерде кездесіп жатады. А.И. Мокрецовтың пікірінше, мекеме қызметкерлерімен сотталғандардың арасындағы шиеленістің орын алуына келесідей себептер ықпал етуі мүмкін:

- мекеме тарапынан сотталғанға қатысты қолданылған тәртіптік санкциялар;
- мекеме қызметкерлерінің сәйкессіз және бір жақты талаптары;
- топтың және жеке сотталғанның жүріс-тұрысын бағалайтын нақты өлшемдердің болмауы;
- мінез-құлық ерекшеліктерімен сотталғанның жеке басына баға беру;
- мекемеде тұрақты жағдайды сақтау үшін немесе әлеуметтік психологиялық бітімгершілікке қол жеткізу мақсатында бейресми топтардың көшбасшыларына құзырет беру (кейде мекеме қызметкерлері туындағына жағдайды шешуге мойын сұнбайды және оны шешуді сотталғандардың өздеріне жүктейді);
- мекеме қызметкерлері сотталғандардың мүдделері мен пікірлерін елемейді [60].

Мекеме қызметкерлері мен сотталғандар арасындағы шиеленістер мекеме қызметкерлерінің қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына тікелей ықпал етуде. Айта кетейік мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтың көрсеткіші соңғы жылдары өсу үстінде (2024 жылы 13 қылмыс тіркелсе, 2025 жылы ондай қылмыс бойынша 24 факт (1,85 есеге өсті) тіркелді). Сонымен қатар аталған шиеленіс түрі сотталғандар тарапынан мекемедегі ішкі режимді сақтау мақсатында мекеме әкімшілігімен қойылатын талаптар орындамау сияқты қылмыстық құқық бұзушылктың жасалуына әкеліп соқтыруы мүмкін және бұл қылмыс түрінің көрсеткіші де соңғы екі жылда өсуде (2024 жылы - 15 қылмыс, 2025 жылы – 19 қылмыс).

Ал мекеме қызметкерлері тарапынан сотталғандарға қатысты жасалған теріс іс-әркеттерде аталған шиеленіс түрінің орын алуына әкелуде. Мысал ретінде сотталған М. Евповар мен Петропавл қаласындағы әйелдерге арналған түзеу мекемесінің әкімшілігі арасындағы шиеленісті келтіруге болады. Шиеленістің орын алуына мекеме тарапынан сотталғандардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандырмауы негіз болып табылды, атап айтқанда мекеме қызметкерлері сотталғандардың уақтылы әжетханаға баруына кедергі келтірген. Нәтижесінде сотталғандар қасық бөлшектерін және бұрандаларды жұту арқылы қарсылық білдірген [61].

Ал сотталғандардың топтары арасында алатын шиеленістердің мекеменің тұрақты қызметіне, сондай ақ сотталғандармен мекеме қызметкерлерінің жеке

бас қауіпсіздігі қауіптілігі жоғары болып табылады, себепі шиеленістің бұл түріне қатысатын сотталғандардың саны көп болуы мүмкін, сонымен қатар мұндай шиеленістерге қатысты сәйкес шаралар қолданылмаса және дер кезінде шешілмесе, ондай шиеленістер көп жағдайда сотталғандар арасындағы жаппай тәртіпсіздіктерге ұласуы мүмкін. Топтық шиеленістер терістеуші топтар (мекемедегі ішкі тәртіпке бағынбайтын, қойған талаптарды орындамайтын сотталғандардың тобы) мен дін ұстанушы топтар (көп жағдайда ислам дінін ұстанушы сотталғандар тобы) арасында, сол терістеуші топтар мен оң көзқарастағы топтар (түзелуге нақты бағыт алған, мекеме талаптарын орындайтын және т.б. көрсеткіштер бойынша жағымды сипатталатын сотталғандар тобы) арасында қарама қайшылықтар нәтижесінде пайда болады.

Сонымен қатар мекеме әкімшілігі сотталғандардың арасында орын алған шиеленістерге аса қатты мән бермеуі, оларды дұрыс бағаламауы, ондай жағдайларда қолданылуы қажет іс шаралар қолдана білмеуі, сотталғандар тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға әкелуі мүмкін.

Сотталғандар арасындағы шиеленістердің туындауына, өзге де құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал етуші себептердің бірі ретінде құмар ойындарды қарастыру қажет. О.В. Пронина құмар ойындарды түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың жеке бас қауіпсіздігіне қауіп төндіретін факторладың бір түрі ретінде қарастырды [62, 189-192 бб.]. Бас бостандығынан айыру орындарында құмар ойындардың сотталғандармен ұйымдастырудағы мақсаттардың бірі «түрмедегі ортақ қорды (общак)» қаржыландыру болып табылады. Құмар ойындардың нәтижесінде ұтылушы тарапқа белгілі бір сомадаға қаражат (қарызды) өтеу міндеті жүктеледі. Кейбір жағдайларда ұтылған тарап ол қарызды қайтара алмауы мүмкін және мұның салдары оның өз-өзіне қол жұмсауға, әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтардың (адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, қорқытып алу және т.б.) жасалуына әкелуі мүмкін.

Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуде, олардың бос уақыттарын өткізу бойынша жасалатын жұмыстарда жіберілген кемшіліктерде бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпалын тигізуде. Мекеме қызметкерлері сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп жағдайда салғырт қарайды, сонымен қатар сотталғандарды тәрбие жұмыстарын жүргізу аясында ұйымдастырылған іс шараларға мәжбүрлі түрде қатыстырылады және бұл көп жағдайда өзінің оң нәтижесін бере бермейді. Сәйкес деңгейде сотталғандармен тәрбие жұмыстарын жүргізетін мамандар тапшы. Жүргізілетін тәрбие жұмыстарынан қалаған нәтижелер алу үшін көп жағдайда сотталғандарды айыптық оқшаулағыштарға орналастыруға, арнайы құралдарды қолдануға жол беріледі.

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандар тарапынан қайта қылмыс жасау көрсеткіші жоғары. Бұл қылмыстылық түрінің орын алуына ықпал ететін детерминанттардың шеңбері өте кең.

Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастырудағы кемшіліктер қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың жазасын өтеу барысында қайта қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал етуде. Атап

айтқанда ондай кемшіліктер қатарында пробация қызметінде кадрлардың жетіспеуін қарастыруға болады. 2024 жылғы ақпарат бойынша Қазақстан аумағында 246 пробация қызметі бар, онда 1400 қызметкер штатта қызмет атқарады. Әрбір пробация қызметкерінің орташа жүктемесі әліде болса жоғары. 2015 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының, қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлері мен жұмысшыларының және Ұлттық гвардия әскери қызметкерлерінің нормативтік жүктемелері мен штаттық санын бекіту туралы» ҚР ІІМ Бұйрығына сәйкес облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аудандарының пробация қызметтерінің бір инспекторының бір жылдағы жүктемесіне 50 есепте тұрған тұлға сәйкес келеді, облыстардың аудандарының пробациялық қызметтерінің бір инспекторына 40 есепте тұрған тұлға сәйкес келеді [63].

Пробация қызметінің тіркеуінде тұрған сотталғандар саны жоғары аумақтық бірліктерде пробация инспекторлары жетіспейді, сәйкесінше мұндай аумақтық бірліктердегі пробация инспекторының жүктемесіне 70-100 есепте тұрған тұлғалар сәйкес келеді. Мысалы, Алматы облысы және Жетісу облысы бойынша пробациялық тіркеуде тұрғандар саны 3489 адам [64], ал осы өңірлердің қылмыстық атқару департаменті пробация қызметінің инспекторлары лауазымына 20 бос орынға конкурс жариялаған [65].

Кадрлар санының жетіспеуі көп жағдайда аталған қызмет түріне деген жоғары және арнай орта білім беру орындарын бітірушілердің қызығушылығының жоқтығымен байланысты. Жүргізілген саулнама бойынша бітірушілердің 20 пайызы мұндай мамандық түрінің бар екендігін білмейді, 70 пайызы түрлі себептерге байланысты қызығушылық танытпайтындығын, 5 пайызы сауалға жауап бере алмайтындығын, 5 пайызы әлі қай салаға баратындығын білмейтіндігін айтты. Респонденттер аталған мамандыққа қызығушылық танытпаудың себептері қатарында жалақысының аздығы, жүктеменің көптігі, айрықша контингентпен жұмыс жасаудың қиындығы, психоэмоционалдық жағдайының шыдамайтындығын алға тартты.

Сонымен қатар пробация қызметкерлерінің түрлі себептермен жұмыстан шығуы кадрлар санының жетіспеушілігіне ықпал жоғары болып табылады. Бұл жерде де жұмыстан шығу себептеріне материалдық-қаржылық қолдаудың төмендігі, теріс себептер бойынша жұмыстан шығару, жұмыстың психологиялық тұрғыдан ауырлығы және т.б. жағдайлар жатқызуға болады. Мұндай тұрақсыздық сотталғандармен тиімді жұмыс жүргізе білетін тәжірибелі қызметкерлер тобының қалыптасуына жол бермеуі мүмкін.

Сондай-ақ пробациялық қызметкерлерінің жұмыс жағдайының төмендеуі аталған санаттағы сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалуын алдын алуға кері әсерін тигізеді. Атап айтқанда жұмыс жағдайының төмендеуіне техникамен қаматамсыз ету деңгейінің төмендігі; көптеген ақпарат көздерінің қол жетімсіздігі; төменгі жалақы; көлік құралдарының жоқтығы; компьютерлік техниканың ескіруі ықпал еткен [66]. Шалғайдағы ауылдарда пробациялық бақылаудағы тұлғаларға қатысты пробациялық іс-шараларды

жүзеге асыруда қиындықтар орын алуда, атап айтқанда ондай тұлғаларға қатысты тұрғылықты жеріндегі тұрмыс-тіршілігіне және т.б. бақылау жүргізу үшін қызметтік көлік құралдарының жетіспеуі, оларға электрондық бақылау құралдарын орнату үшін ауылдардың ғаламтор жүйесімен қамтылмауы және т.б.

Пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысын қашықтықтан бақылау құралдарының қолданылу көрсеткішінің төмендігіде пробация қызметінің жұмысына кері ықпалын тигізуде.

«Пробация қызметкерлері пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 17 мамырдағы Бұйрығында аталған құралдардың түсінігі берілген және олардың түрлері қарастырылған: пробация қызметі шарты түрде сотталғандармен бас бостандығын шектеуге сотталғандарға тиісті бақылауды қамтамасыз ету және олардың жүрген жері туралы ақпарат алу үшін пайдаланылатын электрондық бақылау құралдары [67]. Олар үш топқа бөлінген: дербес бақылау құралдары; техникалық құралдар және мониторинг құрылғылары//.

Пробациялық бақылаудағы тұлғаларға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану пробация қызметінің жұмысын жеңілдетіп, оның тиімділігін арттыратындығы сөзсіз, сонымен қатар қылмыстардың қайта жасалуын алдын алудағы тиімді іс-шаралардың бірі болып табылатындығын айта кету қажет, алайда мұндай құрылғылар шектеулі түрде қолданылуда. Пробациялық бақылаудағы тұлғаларға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану мәселесі көп жылдар бойы талқыланып келгенімен тек 2024 жылдың ортасынан бастап аталған құралдар қолданыла бастады. Осы жылы 2562 электрондық бақылау құрылғысы пробациялық бақылаудағы тұлғаларға қолданылды, яғни 23 мың астам пробациялық бақылауда тұрған тұлғалардың орташа есеппен 11,12 пайызы ғана аталған құрылғылармен қамтылды. Одан кейінгі 2025 жылыда қолданылған электрондық бақылау құралдарының саны жоғарыдағы жылдағыдай болды. Бұл құрылғылар қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауға бейім тұлғаларға қатысты, сондай-ақ пробациялық бақылау кезінде тәртіп бұзушыларға қатысты қолдану қарастырылған [68].

Сонымен қатар қолданылып жүрген құралдар пробациялық бақылаудағы тұлғалардың тарапынан зақымдалған (2024 жылы 250 астам факт тіркелген), яғни қолданыстағы 2562 құралдың орташа есеппен 10 пайызы істен шығарылған. Мұндай жағдайда пробациялық бақылаудағы тұлғалармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауын ықпалын тигізеді.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауға ықпал ететін факторлардың бірі бұл пробациялық бақылауға алынатын тұлғалардың құрамымен байланысты. Мысалы, 2023 жылдың 13 шілдесіндегі Түркістан облысы Сарағаш ауданындағы 5 жасар қыздың зорлықпен өліміне [69], 2024 қазан айындағы Алматы облысы Талғар қаласындағы кәмелетке толмаған Ш. Болаттың өліміне қатысы бар тұлғалардың қатарында пробациялық бақылауда жүрген сотталғандар болған.

Пробациялық қызметтің есебінде тұрғандардың басым көпшілігін бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандармен шартты түрде сотталғандар құрайды.

Кесте 2 – Қылмыс санаты бойынша бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар мен шартты түрде сотталғандардың жіктелуі

| Жыл | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|
| **Бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандар** | | | | |
| Жалпы саны | 11057 | 12219 | 11273 | 8659 |
| Ауыр санат | 6859 | 6492 | 5517 | 4547 |
| Аса ауыр санат | 8 | 1 | 4 | - |
| **Шартты түрде сотталғандар саны** | | | | |
| Жалпы саны | 1616 | 1368 | 1207 | 1571 |
| Ауыр санат | 1436 | 1101 | 970 | 1326 |

Осы кесте пробациялық есепте тұрған сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ауырлық дәрежесіне қарай талдайтын болсақ,

2022 жылы бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандардың 62,03 пайызы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, 2023 жылы бұл көрсеткіш 53,13 пайызға, ал 2024 жылы 48,94 пайызға, 2025 жылы 52,51 пайызға теңелді;

Шартты түрде сотталғандарға қатысты 2022 жылы шартты түрде сотталғандардың жалпы санының 88,86 пайызын ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандар құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 80,48 пайызды құраса, 2024 жылы 80,36 пайызға тең болса, 2025 жылы 84,40 пайызды құрады.

Байқап отырғанымыздай, бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандардың ораташа есеппен 57 пайызы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар, ал шартты түрде сотталғандарда бұл көрсеткіш 83,53 пайызға тең болды.

Осы жерде сұрақ туындайда: не себептен пробациялық бақылауда тұрғандардың басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар? Мұндай себепептерге келесідей өзара байланысты себептерді жатқызуға болады:

- пробация қолданылатын тұлғалардың шеңберін анықтауда тиісті механизімнің болмауы;
- сотқа дейінгі пробацияның жұмыс істемеуі;
- қылмыстық жазаның дұрыс тағайындалмауы.

Қорытынды. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін детерминанттарға жатқызуға болады:

- бас бостандығынан айыру орындардағы әкімшілік тарапынан сотталғандардың жүріс-тұрысына қатысты сәйкес бақылаудың болмауы (қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік техникалық құрал жабдықтарының қанағаттандырарлық жағдайда болмауы: олардың ескіруі, қажетті көлемде болмауы, мекеме қызметкерлерінің ондай құралдардың бір

қалыпты жұмысына кедергі келтіруі және т.б.; мекеменің жанындағы кәсіпорындардың өндірістік аймақтарында, сотталғандар көп шоғырланатын жатақхананың (барактың) тұрғын үй-жайларында сәйкес бақылаудың болмауы);

- бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың тығыз ұсталуы. Атап айтқанда бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатындардың саны белгіленген шектен тыс болуы және бас бостандығынан айыру орындарының басым көпшілігінде камералық ұстау жүйесі емес бaрактық-отрядтық жүйенің сақталуы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың тығыз ұсталуына әкелуде. Ал бұл өз кезегінде олардың арасындағы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал етуде;

- тыйым салынған заттардың бас бостандығынан айыру мекемелеріне заңсыз кіргізу және ондай тыйым салынған заттарды (пышақ, біз, үшкір заттар және т.б.) сотталғандардың өздерінің жасау фактілерінің жиі орын алуы;

- бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстардың көпшілігі сотталғандардың арасындағы шиеленістік қарым-қатынастар дұрыс реттелмеуі. Көп жағдайда мекеме әкімшілігі сотталғандардың арасында орын алған шиеленістерге аса қатты мән бермейді, оларды дұрыс бағаламайды, ондай жағдайларда қолданылуы қажет іс шаралар қолдана білмейді және т.б.;

- сотталғандар арасындағы шиеленістердің туындауына, өзге де құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал етуші себептердің бірі ретінде құмар ойындарды қарастыру қажет;

- сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы.

**Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін детерминанттарға жатқызуға болады**:

1) пробация қызметінің жұмысын ұйымдастырудағы орын алған кемшіліктер:

- пробация қызметінде кадрлардың жетіспеуі;

- пробациялық қызметкерлерінің жұмыс жағдайының төмендеуі (техникамен сәйкес дәрежеде қаматамсыз етілмеуі, көптеген ақпарат көздерінің қол жетімсіздігі; төменгі жалақы; шалғайдағы ауылдарда пробациялық бақылаудағы тұлғаларға сәйкес бақылау жүргізу үшін қызметтік көлік құралдарының жетіспеуі және т.б.)

- пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысын қашықтықтан бақылау құралдарының қолданылу көрсеткішінің төмендігі (оларға электрондық бақылау құралдарын орнату үшін ауылдардың ғаламтор жүйесімен қамтылмауы, қолданылып жүрген құралдар пробациялық бақылаудағы тұлғалардың тарапынан зақымдауы және т.б.).

2) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауға ықпал ететін факторлардың бірі бұл пробациялық бақылауға алынатын тұлғалардың құрамымен байланысты, атап айтқанда пробациялық бақылауда тұрғандардың

басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар болып табылады. Мұндай жағдайдың орын алуына

- пробация қолданылатын тұлғалардың шеңберін анықтауда тиісті механизімнің болмауы;
- сотқа дейінгі пробацияның жұмыс істемеуі;
- қылмыстық жазаның дұрыс тағайындалмауы ықпал етуде.

## 2 СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

### 1.2 Сотталғандардың қылмыстылығының жай-күйі, құрылымы, динамикасы және даму үрдістерінің статистикалық талдауы

Қылмыстылықтың бір түрі ретінде сотталғандардың қылмыстылығының сандық және сапалық сипаттамасы бар. Сондай-ақ олардың көмегімен сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу тетігін жетілдіру бағытында ұсыныстар қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Сотталғандардың қылмыстылығының сандық және сапалық сипаттамасын беру арқылы аталған қылмыстылық түрінің ауқымын, оның даму үрдісін, сотталғандармен жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін, ерекшеліктерін анықтаймыз. Қылмыстылықтың жағдайы, деңгейі, динамикасы арқылы оның сандық көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік аламыз, ал қылмыстылықтың құрылымы, сипаты, белгілі бір аумақта таралуы (географиясы), құны арқылы оның сапалық көрсеткіштерін анықтаймыз.

Сотталғандардың қылмыстылығының бір түрі еркін жүріп-тұру құқығынан айырумен байланысты жазаларды өтеуші сотталғандардың қылмыстылығы болып табылады.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, еркін жүріп-тұру құқығынан айырумен байланысты жазалардың өзін екі түрге бөліп қарастыруға болады: бас бостандығынан айыру жазасы және қамаққа алу жазасы. Осыған байланысты аталған жаза түрлерін өтеуші сотталғандардың қылмыстылығын жеке бөліп қарастырған орынды деп санаймыз, себепі аталған қылмыстық жаза түрлерін өтеудің өзіндік тәртіптері қарастырылған. Алайда статистикалық ақпарат көздерінде қамаққа алу жазасына сотталғандардың саны туралы мәліметтер берілген, бірақ ол жаза түріне сотталғандармен жасалатын құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер берілмеген. Ал қамаққа алу жазасына сотталғандардың саны жыл өте өсіп келе жатқанына ескерсек, аталған жағдайды кемшілік ретінде қарастыру қажет деп санаймыз (қамаққа алу жазасы 2024 жылы 46 адамға тағайындалса, 2025 жылы 174 адамға тағайындалды.

Өлім жазасы қылмыстық жазалардың жүйесінен алынып тасталғаннан кейін бас бостандығынан айыру жазасы жасалған қылмыстар үшін тағайындалатын қылмыстық жазалардың ішінде қатаң жазалардың бірі ретінде орын алып отыр. Бұл жаза түрі арнайы орындарда - түзеу мекемелерінде орындалады және өтеледі. Сонымен қатар сотталғанды тергеу оқшаулағыштарында шаруашылық жұмыстарды орындау үшін қалдырылған жағдайда, осы тергеу оқшаулағыштарында ондай сотталғанмен бас бостандығынан айыру жазасы өтелуі мүмкін.

ҚР Қылмыстық және Қылмыстық атқару заңнамаларының ережелеріне сәйкес ондай түзеу мекемелерінің түрлеріне келесідей мекемелер жатқызылған: қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер; орташа қауіпсіз мекемелер; кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер; қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер; толық қауіпсіз мекемелер; төтенше қауіпсіз

мекемелер; қауіпсіздігі аралас мекемелер.

2024 жылғы ақпарат бойынша Қазақстанның аумағындағы қауіпсіздігі барынша төмен мекемелердің саны – 16, орташа қауіпсіз мекемелердің саны – 27; кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелердің саны – 1; қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелердің саны – 13; толық қауіпсіз мекемелердің саны 1; төтенше қауіпсіз мекемелердің саны – 1; қауіпсіздігі аралас мекемелердің саны 3, ал тергеу оқшаулағыштардың саны – 16 [70]. Қазіргі кезде бұл аталған түзеу мекемелерінде жалпы саны 38 мың адам ұсталуда.

Кесте 3 – 2015-2025 жылдар аралығындағы қылмыстық жаза түрлері бойынша сотталғандардың саны

| Жыл | Сотталған-дардың жалпы саны | Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың саны | Сотталғандардың жалпы санындағы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың үлестік көрсеткіші | Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандар саны | Сотталғандардың жалпы санындағы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандардың үлестік көрсеткіші |
|---|---|---|---|---|---|
| 2015 | 28852 | 6871 | 23,81 | 17850 | 61,87 |
| 2016 | 30726 | 8097 | 26,35 | 18739 | 60,99 |
| 2017 | 31950 | 8646 | 27,06 | 18364 | 57,48 |
| 2018 | 31309 | 7440 | 24,72 | 20520 | 65,54 |
| 2019 | 27460 | 6831 | 24,88 | 18231 | 66,39 |
| 2020 | 28551 | 8435 | 29,54 | 18015 | 63,10 |
| 2021 | 28746 | 10074 | 35,04 | 16671 | 57,99 |
| 2022 | 27061 | 8854 | 32,72 | 15075 | 55,71 |
| 2023 | 29248 | 9774 | 33,42 | 17267 | 59,04 |
| 2024 | 30646 | 11205 | 36,56 | 17249 | 56,28 |
| 2025 | 30150 | 11514 | 38,19 | 12133 | 40,24 |

Бұл кестеден сотталғандардың жалпы санының бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың көрсеткішіне ықпалының жоқ екендігін байқауға болады. Мысалы, талданып жатқан 2015-2025 есептік жылдар аралығында 2017 жылы сотталғандардың жалпы санының көрсеткіші (31950 адам) өте жоғары болды, ал бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың саны 8646 адамды құрады. 2025 жылы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың саны (11514 адам) талданып жатқан жылдар аралығында ең жоғары болды, ал осы есептік жылы сотталғандардың жалпы саны 30150 адамды құрады.

2015-2025 жылдар аралығында тағайындалған қылмыстық жазалардың орташа есеппен 30,21 пайызын бас бостандығынан айыру жазасы құрайды. Жалпы алғанда 2020 есептік жылдан бастап бас бостандығынан айыру

жазасының қолданылу көрсеткішінің өсе бастағанын байқауға болады. Аталған жаза түрі 2021 жылы 10074 адамға қатысты қолданылса, 2024-2025 жылдары ондай көрсеткіш 11 мыңнан асып кетті. 2021-2025 жылдар аралығында тағайындалатын жазалардың жалпы санының 30 пайызынан жоғары бас бостандығынан айыру жазасы алуда. Әрине мұндай өсім үрдісінің орын алуы мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан қылмыстық саясаттың нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Атап айтқанда бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтар (отбасылық-тұрмыстық зорлық зомбылықпен байланысты қылмыстар, ұрлық, мал ұрлығы, жол көлік оқиғаларымен байланысты қылмыстар, киберқылмыстар) үшін қылмыстық жауаптылық қатаңдатылды [71]. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандар санының жоғары болуына бұрын қасақана қылмыс жасаған сотталғандармен қайта қылмыс жасау көрсеткішінің өсуі, ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстар жиі жасалуы ықпал етті.

Кесте 4 – 2015-2025 жылдар аралығындағы жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың көрсеткіші

| Жылдар | Сотталғандар дың жалпы саны | Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың саны | Сотталғандардың жалпы санындағы жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың үлестік көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| 2015 | 28852 | 1299 | 4,50 |
| 2016 | 30726 | 971 | 3,16 |
| 2017 | 31950 | 1708 | 5,35 |
| 2018 | 31309 | 2160 | 6,90 |
| 2019 | 27460 | 2732 | 9,95 |
| 2020 | 28551 | 3415 | 11,96 |
| 2021 | 28746 | 3838 | 13,35 |
| 2022 | 27061 | 3335 | 12,32 |
| 2023 | 29248 | 3675 | 12,56 |
| 2024 | 30646 | 3951 | 12,89 |
| 2025 | 30150 | 3007 | 9,97 |

Мына кестеден байқайтынымыз, 2015-2025 жылдар аралығынадғы жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандар санының ең жоғарғы көрсеткіші 2024 есептік жылы тіркелді (3951 қылмыстық құқық бұзушылық), ал ең төменгі көрсеткіші 2016 есептік жылы тіркелді (971 қылмыстық құқық бұзушылық). Осы жоғарғы және төменгі шектерді салыстыратын болсақ, 2024 жылы жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсеткіші 4,07 есеге өскен. 2016 жылы сотталғандардың санының өскеніне қарамастан, жазасын өтеп жүрген сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші (971 қылмыстық құқық бұзушылық (3,16 пайыз)) төмен болып қала берді. Одан кейінгі жылдары сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші

жоғарылай бастады және өкінішке орай (кейбір жылдары сотталғандардың жалпы санының азаюына қарамастан) бұл үрдіс әрі қарай өзінің жалғасын тапты. Талданып жатқан уақыт аралығанда 2017-2018 жылдары сотталғандардың жалпы санының (2017 жылы – 31950 қылмыстық құқық бұзушылық, 2018 жылы - 31309 қылмыстық құқық бұзушылық) жоғары болуына қарамастан жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандар саны (2017 жылы – 1708 (5,35 пайыз), 2018 жылы - 2160 (6,90 пайыз)) төмен болды, ал 2019 жылы сотталғандардың жалпы санының (27460 адам) алдыңғы жылдармен салыстырғанда 1,15 есеге азаюына қарамастан жазасын өтеу кезінде қылмыстық жасалған құқық бұзушылықтардың көрсеткіші жоғары (2732 қылмыстық құқық бұзушылық (9,95) болды және мұндай жағдай одан кейінгі есептік жылдарда орын алды.

Сонымен 2015-2025 жылдардың аралығында жазасын өтеу кезінде сотталғандармен жасалған қылмыстар саны 1299-дан 3007-ге дейін (2,31 есеге) өсті. 2017 жылдан 2022 жылға дейін аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының көрсеткіші тұрақты түрде өсіп отырды. 2022 жылы өсу қарқыны (3335 қылмыстық құқық бұзушылық) төмендеді, одан кейінгі 2023-2024 жылдары көрсеткіш қайта өсе бастады және 2024 жылы бақыланып жатқан 2015-2025 жылдардың ішіндегі ең жоғарғы (3951 қылмыстық құқық бұзушылық) тіркелді. 2025 жылы көрсеткіш 3007 қылмыстық құқық бұзушылыққа дейін төмендеді (алдыңғы 2024 жылмен салыстырғанда 944 қылмыстық құқық бұзушылыққа кем тіркелді). Сотталғандардың жалпы санының орташа есеппен 9,36 пайызын жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сотталғандар құрады.

Кесте 5 –2015-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші

| Жылдар | Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы саны | Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы санындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлестік көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| 2015 | 1299 | 138 | 10,62 |
| 2016 | 971 | 93 | 9,58 |
| 2017 | 1708 | 166 | 9,72 |
| 2018 | 2160 | 202 | 9,35 |
| 2019 | 2732 | 240 | 8,78 |
| 2020 | 3415 | 137 | 4,01 |
| 2021 | 3838 | 200 | 5,21 |
| 2022 | 3335 | 161 | 4,83 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2023 | 3675 | 232 | 6,31 |
| 2024 | 3951 | 446 | 11,29 |
| 2025 | 3007 | 543 | 18,06 |

2015-2025 жылдар аралығында жазасын өтеу кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың орташа есеппен 8,89 пайызы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар құрайды және ондай қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші жазасын өтеу кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрбір есептік жылы бір қалыпты өсуіне қарамастан әртүрлі болды. Мысалы, 2020 жылы жазасын өтеу кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші (3415 адам) жоғары болғанына қарамастан осы жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар ең төмен көрсеткішке (4,01 пайыз) ие болды. Соңғы екі жылда (2024-2025 жылдары) бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны өсу үстінде, атап айтқанда 2023 жылы ондай қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны 232 құраса, бұл көрсеткіш одан кейінгі 2024 жылы 1,92 есеге өсті (яғни ондай құқық бұзушылықтардың саны 446 жетті), ал 2020-2024 жылдар аралығындағы көрсеткіштерімен салыстырғанда 2025 жылы жазасын өтеу кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші (3007) ең төмен болғандығына қарамастан бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші 2015-2025 жылдар аралығында ең жоғарғы көрсеткіш болды және олардың саны 543 жетті (яғни 2,34 есеге өсті). Сонымен қатар 2015 жылмен салыстырғанда 2025 жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші 3,93 есеге өсті (405 қылмыстық құқық бұзушылық артық жасалды).

Кесте 6 – Қылмыс санаттары бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші

| Жыл | Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | Қылмыс санаттары | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Онша ауыр емес | Ауырлығы орташа | Ауыр | Аса ауыр |
| 2015 | 138 | 12 | 85 | 37 | 4 |
| 2016 | 93 | 7 | 26 | 45 | 10 |
| 2017 | 166 | 9 | 68 | 82 | 4 |
| 2018 | 202 | 19 | 72 | 99 | 7 |
| 2019 | 240 | 22 | 64 | 124 | 6 |
| 2020 | 137 | 12 | 25 | 89 | 6 |
| 2021 | 200 | 22 | 47 | 111 | 12 |
| 2022 | 161 | 20 | 34 | 85 | 13 |
| 2023 | 232 | 22 | 58 | 136 | 9 |
| 2024 | 446 | 65 | 93 | 269 | 8 |
| 2025 | 543 | 113 | 125 | 259 | 17 |

2015 жылы қылмыс санаттары бойынша ең жиі жасалған бұл ауырлығы орташа қылмыстар болып табылды, оның бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар санындағы үлесі 61,59 пайызды құрады, ал ауыр санаттағы қылмыстардың көрсеткіші орташа ауырлықтағы қылмыстардың көрсеткішінен төмен болды және 26,81 пайызды құрады. Бұл жағдай талданып жатқан жылдардың ішінде бір рет қана орын алды, ал одан кейінгі жылдары ауыр санаттағы қылмыстардың көрсеткіші жыл сайын өсіп отырды. 2016 жылғы көрсеткіштер бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде ауырлық дәрежесі бойынша ауыр қылмыстар жиі жасалған (93 қылмыстық құқық бұзушылықтың 45 ауыр қылмыстар санатында, яғни 48,39 пайызын құраған). Ал ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша 26 (27,96 пайызы) адам сотталған. 2017 жылы орташа ауырлықтағы қылмыстардың саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,62 есеге өсті (68 құқық бұзушылық), алайда ауыр санаттағы қылмыстардың көрсеткіші 1,82 есеге өсті және ондай санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық саны 82 құрады. Орташа ауырлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші одан кейінгі жылдары да өзінің өсімін жалғастырды және бұл жағдай 2020 жылға дейін орын алды (олардың көрсеткіші 25 қылмыстық құқық бұзушылыққа дейін төмендеді). Ал ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санындағы үлесі жоғары болып қалды. 2024 жылы ауырлығы онша емес санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші 14,57 пайызға, ал 2025 жылы 20,81 пайызға жетті. 2025 жылы барлық санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері өсті. Жалпы алғанда бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санындағы ауыр санаттағы қылмыстардың орташа үлесі жоғары, атап айтқанда 52,23 пайызды құрайды, ал орташа ауырлықтағы қылмыстардың ондай көрсеткіші 27,25 пайызға тең, ауырлығы онша емес қылмыстық құқық бұзушылықтардың орташа үлесі 12,63 пайыз болса, аса ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтардың орташа үлесі 3,75 пайызды құрады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жиі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін талдай кетейік. Ондай қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды, жазаны өтеу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады. Сондай-ақ зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды, есірткі, психотроптық заттардың және оларға тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады.

Кесте 7 – Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| Жыл | Бас бостандығынан | Адам өлтіру | Денсаулыққа | Адамның жыныстық | Зорлық-зомбылы |
|---|---|---|---|---|---|

| | айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | | қасақана зиян келтіру | бостандығы на қол сұғу | қпен байланыс ты қылмыст ық құқық бұзушыл ықтардың үлесі |
|---|---|---|---|---|---|
| 2015 | 138 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| 2016 | 93 | 0 | 6 | 0 | 6,45 |
| 2017 | 166 | 2 | 2 | 0 | 2,41 |
| 2018 | 202 | 3 | 4 | 2 | 4,46 |
| 2019 | 240 | 5 | 13 | 1 | 7,92 |
| 2020 | 137 | 4 | 7 | 1 | 8,76 |
| 2021 | 200 | 2 | 3 | 4 | 4,5 |
| 2022 | 161 | 2 | 10 | 2 | 8,7 |
| 2023 | 232 | 2 | 7 | 3 | 5,17 |
| 2024 | 446 | 4 | 10 | 1 | 3,36 |
| 2025 | 543 | 5 | 15 | 2 | 4,05 |

Талдау барысында зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, адамның жыныстық бостандығына қол сұғу сияқты жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштерін негізге алдық.

2015-2025 жылдар аралығында бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткішінің орташа есеппен 5 пайызын зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар құраған.

2016 есептік жылы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде тек денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыс құрамы орын алған. Ондай қылмыс құрамы бойынша 6 адам ғана сотталған.

2017 есептік жыл ішінде зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарда орын алды, атап айтқанда денсаулыққа ауыр зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылықтарымен (2 қылмыстық құқық бұзушылық) қатар аталған санаттағы сотталғандармен адам өлтіру түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтары да жасалған (2 қылмыстық құқық бұзушылық).

2018 жылы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде адам өлтіру қылмысы бойынша 3 адам сотталса, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру түріндегі қылмыс бойынша 4 адам сотталған, сонымен қатар адам зорлау және сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар да жасалған (бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері алдыңғы 2016-2017 есептік жылдары орын алмаған болатын). Ал азаптау түріндегі қылмысы бойынша 6 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылған. Айта кету қажет бұл қылмыстық құқық бұзушылық түрі 2016-2017 есептік жылдары орын алмаған болатын.

2019 жылы талданып жатқан уақыт кезеңі ішінде екі қылмыстық құқық бұзушылықтар түрі бойынша ең жоғары көрсеткіштер тіркелді. Атап айтқанда адам өлтіру қылмысының көрсеткіші (5 қылмыстық құқық бұзушылық) ең жоғары болды, ал денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысының көрсеткіші (13 қылмыстық құқық бұзушылық) алдыңғы жылдармен салыстырғанда 3,25 есеге өсті және бұл көрсеткіш талданып жатқан уақыт кезеңі ішіндегі ең жоғары көрсеткіш болып қалып отыр.

2020 жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсеткішінің (137 қылмыстық құқық бұзушылық) алдыңғы жылдармен салыстырғанда төмендеу (1,75 есеге азайды) қарқыны орын алғанымен адам өлтіру (4 қылмыстық құқық бұзушылық), денсаулыққа қасақана зиян келтіру қылмыстарының көрсеткіші (7 қылмыстық құқық бұзушылық) жоғары болып қалды.

Одан кейінгі 2021-2023 жылдары аралығында адам өлтіру қылмысының көрсеткіші төмендеп, 2017 жылғы көрсеткішке жетті және бұл жылдардың әрқайсысында 2 адам өлтіру фактісі орын алды. Ал 2021 жылы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысының көрсеткіші (3 қылмыстық құқық бұзушылық) төмендегенімен, одан кейінгі жылдары ондай қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны өсе бастады және 2022 жылдан бастап денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру қылмысы бойынша фактілер орын ала бастады. Атап айтқанда 2022 жылы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысының көрсеткіші 9 құраса, ал орташа ауырлықтағы зиян келтіру қылмысының көрсеткіші 1 құрады. Ал 2025 жылы денсаулыққа қасақана зиян келтірумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші (15 қылмыстық құқық бұзушылық) талданып жатқан уақыт кезеңінде ең жоғары болды және оның 11 денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмысы болса, қалған 2 орташа ауырлықтағы зиян келтіру қылмысы, 2 жеңіл зиян келтіру болып табылды (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру қылмыс құрамы 2024 жылдың 4 сәуірінен енгізілген болатын). Адамның жыныстық бостандығына қол сұғумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші (4 қылмыстық құқық бұзушылық) ең жоғары болды. Оның 2 адам зорлау қылмысы болса, қалғаны 2 сексуалдық сипаттағы зорлық зомбылық әрекеттер түріндегі қылмыс болды. Сонымен қатар 2019 жылдан кейін 2025 жылыда адам өлтіру қылмысының жоғарғы көрсеткіші (5 қылмыстық құқық бұзушылық) тіркелді.

Адам өлтіру түріндегі қылмыс санының соңғы екі жылда өсуі алаңдатады, себепі аталған қылмыс түрі ең ауыр қылмыс түрі болып табылады, ал оның орын алуы қылмыстық атқару жүйесі мекемелері әкімшілігінің бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде сотталғандардың өмірін сақтап қалуға қауқарсыз екендігінің көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ аталған қылмыс түрі орын алған қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарға дұрыс бақылаудың және оларға қатысты жүргізілетін сәйкес ықпал ету іс-шараларының жоқтығын көрсетеді.

Кесте 8 – 2015-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы заңсыз есірткі

айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| Жыл | Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу | Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу | Заңсыз есірткі айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі |
|---|---|---|---|---|
| 2015 | 138 | 0 | 3 | 2,17 |
| 2016 | 93 | 3 | 4 | 7,53 |
| 2017 | 166 | 1 | 1 | 1,20 |
| 2018 | 202 | 6 | 3 | 4,46 |
| 2019 | 240 | 26 | 2 | 11,67 |
| 2020 | 137 | 7 | 0 | 5,11 |
| 2021 | 200 | 5 | 8 | 6,5 |
| 2022 | 161 | 3 | 5 | 4,97 |
| 2023 | 232 | 8 | 5 | 5,60 |
| 2024 | 446 | 5 | 3 | 1,79 |
| 2025 | 543 | 10 | 4 | 2,58 |

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде заңсыз есірткі айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар көрсеткіші жоғары болып келеді. Мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар тобына ҚР ҚК 296-бабымен қарастырылған есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу түріндегі қылмыс құрамын және ҚР ҚК 297-бабындағы есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу қылмыс құрамын жатқыздық. Бұл аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ең төмен көрсеткіші (әр қылмыс құрамы бойынша 1 жағдай) 2017 жылы тіркелді. 2019 жылы бұл қылмыс құрамдары бойынша көрсеткіш талданып жатқан уақыт аралығында ең жоғары болды (28 қылмыстық құқық бұзушылық), атап айтқанда ҚР ҚК 296-бабымен қамтылған қылмыс құрамы бойынша 26 факт орын алса, ҚР ҚК 297-бабындағы қылмыс құрамы бойынша 2 факті орын алды.

Кесте 9 – 2015-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы жазаны өтеу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| Қылмыс түрлері | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | 138 | 93 | 166 | 202 | 240 | 137 | 200 | 161 | 232 | 446 | 543 |
| Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу | 4 | 1 | 1 | 3 | 0 | 5 | 14 | 1 | 4 | 3 | 1 |
| Бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтару | 10 | 5 | 1 | 11 | 10 | 9 | 20 | 13 | 13 | 23 | 18 |
| Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау | 90 | 15 | 38 | 40 | 3 | 4 | 11 | 13 | 9 | 15 | 19 |
| Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына қатысты күш қолдану | 1 | 1 | 4 | 7 | 5 | 8 | 8 | 17 | 6 | 3 | 4 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу | | | | | | | | | | | |

Жазаны өтеу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар сотталғандармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы үлесі жоғары және сотталғандармен жасалатын құқық бұзушылықтардың ішінде кең тараған қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады.

2015 жылғы көрсеткіштер бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың 76,09 пайызы аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың тобы құрады. Олардың ішінде қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау түріндегі қылмыстың көрсеткіші (85,71 пайызы) жоғары болды. Одан кейінгі жылы аталған қылмыс түрінің көрсеткіші 6 есеге азайғанымен (2016 жылы аталған қылмыстың бойынша 15 факт тіркелді), жазаны өтеу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы көрсеткішінің ішінде жоғарғы көрсеткішті (68,18 пайызды) сақтап қалды. Ал 2017 жылы аталған қылмыс саны 38 (86,36 пайызды) құраса, 2018 жылы 40 () факт тіркелді, алайды осы есептік жылы аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобын құрайтын өзге де қылмыс түрлерінің көрсеткіші артты. Атап айтқанда бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтару түріндегі қылмыстың көрсеткіші 11 жетті, ал бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу түріндегі қылмыс бойынша 3 факті тіркелді, қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу қылмысы бойынша 7 факті тіркелді. 2019 жылы аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткішіндегі үлесі күрт төмендеді (осы жылы 18 (7,5 пайыз) ғана факт тіркелді). Алдыңғы есептік жылдары жоғары көрсеткіштерге ие болған қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау түріндегі қылмыстың көрсеткіші (3 факт) төмендеді және бұл қылмыс түрінің көрсеткіші талданып жатқан 2015-2025 жылдар аралығындағы ең төменгі көрсеткіш болды. Сонымен қатар бұл жылы бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу қылмысы бойынша бірде бір факт тіркелмеді және мұндай жағдай талданып жатқан 2015-2025 жылдар аралығындағы жалғыз жағдай болды. 2020 жылы бас бостандығына айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы көрсеткішінің 2015-2025 жылдар аралығындағы төмен болғандығын ескеретін болсақ, бұл топтағы қылмыстық құқық

бұзушылықтардың көрсеткіші орташа болып қалды, тек бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу қылмысы бойынша көрсеткішінде (5 факт) алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсім байқалды. Ал 2021 жылы аталған топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері бойынша елеулі өсім (55 факт тіркелген) байқалды. Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу және бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтару түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша көрсеткіштер бірнеше есеге өсті. Атап айтқанда бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу түріндегі қылмыс бойынша көрсеткіш 14 жетті (2,8 есеге өсті) және бұл 2015-2025 жылдар аралығындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Ал бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтару қылмысының көрсеткіші 20 дейін өсті, бұл көрсеткіш алдыңғы 2015-2020 жылдармен салыстырғанда 1,8 есеге өскен. 2022 жылы қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу түріндегі қылмыстың саны 2015-2025 жылдар аралығындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылды.

2024-2025 жылдардағы жазаны өтеу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсті және бұл жылдары бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері өте жоғары болды (2024 жылы 446 адам сотталса, 2025 жылы ол көрсеткіш 543 жетті). 2024 жылы бас бостандығынан айыру жазасын өтеуден жалтару түріндегі қылмыс үшін 23 (5,16 пайыз) адам қылмыстық жауаптылыққа тартылды және бұл көрсеткіш талданып жатқан жылдардың ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш болып табылды. Ал 2025 жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу қылмысының көрсеткіші 2 есеге өсті және ол қылмыс түрі бойынша 23 (4,42 пайыз) жауаптылыққа тартылды. Осы жылдан бастап қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде, тергеу оқшаулағыштарында, уақытша ұстау оқшаулағыштарында бейнебақылау жүйесін, сол сияқты оның компоненттерін қасақана жою немесе бүлдіру түріндегі жаңа қылмыстық құқық бұзушылық бойынша жауаптылыққа тартылғандардың статистикасы пайда болды және ол бойынша 35 (6,45 пайыз) адам жауаптылыққа тартылды.

Кесте 10 – 2015-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| Жыл | Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | Ұрлық | Алаяқтық | Тонау | Қарақшылық | Қорқытып алу |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2015 | 138 | 2 | 8 | 1 | 1 | 0 |
| 2016 | 93 | 13 | 16 | 5 | 2 | 2 |
| 2017 | 166 | 30 | 33 | 21 | 7 | 0 |
| 2018 | 202 | 35 | 29 | 9 | 1 | 1 |
| 2019 | 240 | 70 | 35 | 24 | 10 | 0 |
| 2020 | 137 | 32 | 15 | 13 | 4 | 3 |
| 2021 | 200 | 54 | 29 | 7 | 0 | 0 |
| 2022 | 161 | 30 | 25 | 4 | 2 | 5 |
| 2023 | 232 | 83 | 54 | 7 | 1 | 3 |
| 2024 | 446 | 136 | 112 | 14 | 2 | 6 |
| 2025 | 543 | 150 | 134 | 27 | 0 | 13 |

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын, жалпы жазасын өтеп жүрген сотталғандармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтармен байланысты. Мұндай құқық бұзушылықтардың қатарында ұрлық, алаяқтық, тонау, қарақшылық және т.б. орын алған.

2016 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша ең жиі орын алған қылмыстық құқық бұзушылықтардың тобы бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. Олардың орташа көрсеткіші бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың 45,16 пайызын құрады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының ішінде ең жиі жасалған алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылық болып табылды (аталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бойынша 16 адам сотталды (бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандармен жасалған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың 38,1 пайызын құрады). Сонымен қатар аталған санаттағы сотталғандармен ұрлық түріндегі қылмыс құрамы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде жиі жасалған (30,95 пайыз).

2017 есептік жылыда аталған санаттағы сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде ең жоғарғы көрсеткіш бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға тиесілі болды. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 83 (50 пайызды) құраған, бұл көрсеткіш алдыңғы есептік жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан, сәйкесінше осы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобына кіретін жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарының түрлерінің саны артқан. Атап айтқанда ұрлық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 30 (36,14 пайызға) жетсе, ал алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 43 (51,81 пайызға) жеткен. Сонымен бірге тонау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарының көрсеткіші 4 есеге артқан (21 қылмыстық құқық бұзушылық), ал қарақшылықтың өсу көрсеткіші 3,5 есеге жеткен (7 қылмыстық құқық бұзушылық) құраған.

Бас бостандығынан айыру орындарында 2018 есептік жылы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар аталған санаттағы

сотталғандармен жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарында қалып отыр, атап айтқанда 79 (39,11 пайыз) қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алған. Оның ішінде жиі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарында ұрлық 35 (31,65 пайызы), алаяқтық 29 (36,71 пайызы), тонау 9 (10,13 пайызы) бар.

2019 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда талданып жатқан меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарының басым көпшілігінде елеулі өсім байқалады. Атап айтқанда ұрлық қылмысының көрсеткіші 2 есеге өссе (70 қылмыс), алаяқтық қылмысының саны 35 жетті, ал тонау қылмысы алдыңғы жылғы төмендеуден кейін қайта өсе бастады (24 қылмыс тіркелді), қарақшылық қылмысының көрсеткіші бойынша талданып жатқан жылдардың ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш (10 қылмыс) тіркелді. Осы жылы қаржы пирамидасын құру қылмысы бойынша 35 адам сотталған және бұл көрсеткіш талданып жатқан жылдардың ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш.

Одан кейінгі жылдары 2020-2022 жылдар аралығында қарастырылып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері 2019 жылмен салыстырғанда өсімін тоқтатты.

2023 жылдан бастап ұрлық пен алаяқтық қылмыстары бойынша көрсеткіштері өсе бастады, атап айтқанда ұрлық қылмысының саны 83 құраса, алаяқтық қылмысының саны 54 құрады, ал қалған қылмыс түрлерінде өсім байқалмады.

2024 жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны (446 қылмыстық құқық бұзушылық) елеулі түрде өсті, сәйкесінше меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірқатарында да мұндай өсім байқалды. Бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санындағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі өте жоғары (қарастырылып жатқан меншік қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзі 61 пайызын құрады) болды. Осы жылы ұрлық қылмысының көрсеткіші 136 (30,5 пайызы), алаяқтық 112 (25,11 пайызы) құрады. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда тонау түріндегі қылмыстың көрсеткіші 14 қылмыстық құқық бұзушылыққа дейін өсті.

Ал 2025 жылы бас бостандығынан айыру орындарында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санындағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі өзінің өсуін жалғастырды. Талданып жатқан 2015-2025 жылдардың ішінде ұрлық (150 (27,62 пайыз)), алаяқтық (134 (24,68 пайыз)), тонау (27 (4,97 пайыз)) және қорқытып алу (13 (2,39 пайыз)) түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарының көрсеткіші ең жоғары болды.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандармен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың шеңбері шектеулі деп айтуға болады. Бұл көп жағдайда аталған қылмыстық жаза түрін өтеу және орындау ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Енді қандай қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде қылмыстылық көрсеткіші жоғары екендігін талдай кетейік. Ол үшін бас бостандығынан айыру жазасы өтелетін қылмыстық атқару жүйесінің мекемелерінде тіркелген

қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтерді негізге аламыз.
Кесте 11 – Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің түрлері бойынша қылмыстылықтың көрсеткіші

| Жылдар | Қылмыстық атқару жүйесі мекемелері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қауіпсіздігі барынша төмен | Орташа қауіпсіз | Қауіпсіздігі барынша жоғары | Толық қауіпсіз | Төтенше қауіпсіз | Қауіпсізідігі аралас |
| 2017 | 5 | 9 | 2 | 0 | 0 | 2 |
| 2018 | 4 | 10 | 4 | 0 | 0 | 1 |
| 2019 | 15 | 10 | 7 | 0 | 1 | 0 |
| 2020 | 8 | 8 | 3 | 1 | 0 | 0 |
| 2021 | 3 | 6 | 1 | 2 | 1 | 1 |
| 2022 | 2 | 8 | 3 | 0 | 2 | 1 |
| 2023 | 1 | 7 | 2 | 2 | 1 | 1 |
| 2024 | 5 | 7 | 2 | 0 | 3 | 1 |
| 2025 | 3 | 16 | 3 | 0 | 0 | 2 |

Бұл кестеде 2015-2016 жылдарға арналған ресми мәліметтер жоқ. Ал қалған жылдардың ішінде орташа қауіпсіз мекемелерде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиі тіркелген, бұл бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың басым көпшілігінің осы аталған түзеу мекемелерінде жазаларын өтеуімен байланысты. 2025 жылы аталған мекемелер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтардың ең жоғарғы көрсеткіші - 16 қылмыс тіркелді.

Кесте 12 – Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың санындағы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың үлестік көрсеткіші

| Жылдар | Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың саны | Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағандар саны | Жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың санындағы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың үлестік көрсеткіші |
|---|---|---|---|
| 2015 | 1299 | 910 | 70,05 |
| 2016 | 971 | 721 | 74,25 |
| 2017 | 1708 | 1374 | 80,44 |
| 2018 | 2160 | 1776 | 82,22 |
| 2019 | 2732 | 2319 | 84,88 |
| 2020 | 3415 | 3178 | 93,06 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2021 | 3838 | 3535 | 92,11 |
| 2022 | 3335 | 3070 | 92,05 |
| 2023 | 3675 | 3359 | 91,40 |
| 2024 | 3951 | 3355 | 84,92 |
| 2025 | 3007 | 2324 | 77,29 |

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың санын анықтағанда аталған жазалар тобының ішінде негізгі қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандардың санын есепке алдық, себепі қосымша жаза түрлері негізгі жазамен бірге тағайындалады.

2015-2025 есептік жылдар аралығында сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігі орташа есеппен 84 пайызы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандармен жасалса, ал қалған бөлігі (шамамен 16 пайызы) бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен, сондай ақ шартты түрде сотталғандармен және жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталғандармен жасалады.

Мұндай ара қатынастың орын алуына көп жағдайда қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерінің кеңінен тағайындалуымен анықталады.

№12 кестеден көретініміздей, тағайындалған қылмыстық жазалардың басым көпшілігі қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлері болып табылады.

2015 жылы жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы санындағы – 1299 адамның 910 қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандар құрады, яғни үлестік көрсеткіші - 70,05 пайызға тең болды. Осы жылы 2015-2025 жылдар аралығындағы ең төмен көрсеткіш тіркелді.

2016 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша жазасын өтемеген сотталғандармен қайта жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 971 құраса, оның 721 (74,25 пайызы) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түріне сотталғандармен жасалған. Осы жылдан бастап жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың санындағы қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың үлестік көрсеткіші өсе бастады.

2017-2019 жылдар аралығында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандардың үлестік көрсеткіші 80 пайыздан асты, ал 2020-2023 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 90 пайыздан асты және 2020 жылы 2015-2025 жылдар аралығындағы ең жоғарғы көрсеткіш (93,06 пайыз) тіркелді. 2024 жылдан бастап аталған көрсеткіш (84,92 пайыз) төмендей бастады, ал 2025 жылы ол көрсеткіш 77,29 пайызға дейін төмендеді.

Кесте 13 – Қылмыс санаттары бойынша қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрсеткіші

| | Қоғамнан | Қылмыс санаттары |
|---|---|---|

| Жылдар | оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны | Онша ауыр емес | Ауырлығы орташа | Ауыр | Аса ауыр |
|---|---|---|---|---|---|
| 2015 | 910 | 181 (19,89) | 296 (32,53) | 400 (43,96) | 33 (3,63) |
| 2016 | 721 | 44 (6,10) | 224 (31,07) | 347 (48,13) | 29 (4,02) |
| 2017 | 1374 | 68 (4,95) | 473 (34,42) | 641 (46,65) | 57 (4,15) |
| 2018 | 1776 | 82 (4,62) | 651 (36,66) | 774 (43,58) | 69 (3,89) |
| 2019 | 2319 | 73 (3,15) | 623 (26,87) | 1255 (54,12) | 67 (2,89) |
| 2020 | 3178 | 162 (5,10) | 666 (20,96) | 1969 (61,96) | 89 (2,80) |
| 2021 | 3535 | 194 (5,49) | 759 (21,47) | 2220 (62,80) | 130 (3,68) |
| 2022 | 3070 | 167 (5,44) | 705 (22,96) | 1946 (63,39) | 92 (3,00) |
| 2023 | 3359 | 272 (8,10) | 891 (26,53) | 1950 (58,05) | 61 (1,82) |
| 2024 | 3355 | 319 (9,51) | 916 (27,30) | 1788 (53,29) | 90 (2,68) |
| 2025 | 2324 | 209 (8,99) | 549 (23,62) | 1354 (58,26) | 41 (1,76) |

2015-2025 жылдар аралығында қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған сотталғандардың жалпы санының орташа есеппен 54,02 пайызын ауыр қылмыстар жасаған сотталғандар құраса, 27,67 пайызын ауырлығы орташа қылмыстар жасаған сотталғандар, 7,39 пайызын онша ауыр емес қылмыс жасағандар, ал 3,12 пайызын аса ауыр қылмыс үшін сотталғандар құрады.

Көріп отырғанымыздай, ауырлығы бойынша қылмыстардың ішінде ең жиі ауыр санаттағы қылмыстар жасалады. Бұл санаттағы қылмыстардың ең жоғарғы көрсеткіші 2022 жылы тіркелді және ол 63,39 пайызды құрады, ал ең төменгі көрсеткіші (43,58 пайыз) 2018 жылы тіркелді. 2015-2018 жылдар аралығында аталған санаттағы қылмыстардың көрсеткіші орташа есеппен 45,58 пайызды құрады, ал 2019 жылдан бастап бұл көрсеткіш өсе бастады және 2020-2022 жылдар аралығында ондай көрсеткіш орташа есеппен 62,72 пайызға теңелді,

2023-2025 жылдар аралығындағы орташа көрсеткіш 56,53 пайызға тең болды.

Келесі жиі жасалатын қылмыстар бұл орташа ауырлықтағы қылмыстар болып табылады. 2015-2018 жылдар аралығында олардың көрсеткіші орташа есеппен 33,67 пайызды құрады, одан кейінгі 2019-2025 жылдар аралығындағы орташа көрсеткіші 24,24 пайызға тең болды, яғни 2019 жылдан бастап ондай көрсеткіш орташа есеппен 1,4 есеге төмендей бастады.

2015 жылы онша ауыр емес қылмыстар үшін сотталғандардың көрсеткіші талқыланып жатқан 2015-2025 жылдардың ішінде ең жоғары болды және ол 19,89 пайызды құрады. Аталған қылмыс санаты бойынша сотталғандардың ең төменгі көрсеткіші 2019 жылы тіркелді және ол 3,15 пайызды құрады. 2023-2025 жылдар аралығында алдыңғы жылдармен салыстырғанда аталған қылмыс санаты бойынша сотталғандардың көрсеткіші өсуде және орташа есеппен 1,66 есеге өскен.

Көрсеткіші ең төмен – аса ауыр қылмыс жасаған сотталғандар болып табылады. Бұл санаттағы қылмыстарды жасаған сотталғандардың саны 2015-2018 жылдар аралығында жоғары болды және орташа көрсеткіші 3,9 пайызды құрады. Ал ең төменгі көрсеткіші 2025 жылы тіркелді және 1,76 пайызды құрады.

Кесте 14 – Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| Қылмыс түрлері | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыс жасаған сотталғандар саны | 910 | 724 | 1374 | 1776 | 2319 | 3178 | 3535 | 3070 | 3359 | 3355 | 2324 |
| Адамның өміріне қарсы | 23 | 15 | 34 | 47 | 37 | 65 | 65 | 45 | 26 | 33 | 22 |
| Адамның денсаулығына қарсы | 41 | 37 | 90 | 78 | 122 | 123 | 145 | 112 | 119 | 134 | 91 |
| Зорлау | 17 | 8 | 10 | 13 | 13 | 18 | 21 | 18 | 10 | 12 | 14 |
| Адамның жыныстық бостандығына қол сұғатын | 5 | 1 | 9 | 15 | 23 | 22 | 24 | 22 | 21 | 15 | 16 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өзгеде қылмыстар | | | | | | | | | | | |

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандармен жасалған зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде көрсеткіші жоғары қылмыстық құқық бұзушылықтарға адамның денсаулығына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады және олардың 2015-2025 жылдар аралығындағы көрсеткіші орташа есеппен 46,33 пайызға тең. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобына тиесілі ең жоғарғы көрсеткіш 2021 жылы тіркелді. 2019 жылдан бастап аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының көрсеткіші өсу үстінде болды, тек 2025 жылы ондай көрсеткіш 91 қылмысқа дейін азайды. Сондай-ақ зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде жоғарғы көрсеткішке адамның өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ие. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың ең жоғарғы көрсеткіші 2020-2021 жылдары тіркелген болатын (бұл жылдардың әр қайсысында 65 факт орын алды).

Кесте 15 – Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыс жасаған сотталғандар саны | 910 | 724 | 1374 | 1776 | 2319 | 3178 | 3535 | 3070 | 3359 | 3355 | 2324 |
| Ұсақ ұрлық | 2 | 2 | 2 | 24 | 33 | 89 | 89 | 75 | 98 | 127 | 62 |
| Ұрлық | 234 | 210 | 460 | 631 | 891 | 1487 | 1779 | 1551 | 1762 | 1645 | 964 |
| Мал ұрлығы | - | - | - | - | - | 26 | 27 | 35 | 21 | 26 | 18 |
| Алаяқтық | 123 | 77 | 125 | 194 | 240 | 324 | 476 | 450 | 592 | 640 | 475 |
| Тонау | 152 | 135 | 247 | 248 | 343 | 299 | 255 | 217 | 244 | 219 | 138 |
| Қарақшылық | 35 | 26 | 53 | 59 | 79 | 67 | 48 | 30 | 28 | 24 | 24 |
| Қорқытып алу | 7 | 6 | 14 | 13 | 24 | 27 | 20 | 25 | 27 | 50 | 44 |
| Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген | 60,77 | 62,98 | 65,57 | 65,82 | 69,43 | 72,97 | 73,69 | 77,62 | 82,52 | 81,40 | 74,97 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сотталғандар мен жасалған қылмыстардың жалпы санындағы орташа үлесі | | | | | | | | | | | |

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандармен ең жиі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың тобы бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. Аталған санаттағы сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санының орташа есеппен 76,74 пайызын меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар құраған. Оның ішінде ең жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарында ұрлық қылмыс құрамы бар, аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүрген сотталғандармен жасалған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы орташа үлесі 56,81 пайызды құрайды. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың көрсеткішінің өсуі 2017 жылдан бастау алады, ал 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы ондай көрсеткіш 1,7 есеге өскен, осы қарастырылып жатқан 2015-2025 жылдар аралығында 2021-2022 жылдары ең жоғарғы көрсеткіштер тіркелді (66,07 пайыз), ал 2025 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда ондай көрсеткші 1,7 есеге азайды. Ұрлықтан кейін жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі алаяқтық болып табылады, оның орташа үлесі 18,90 пайызды құрады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың үлесі 2022 жылдан бастап өсуде, ал оның ең жоғарғы көрсеткіші 2025 жылы тіркелді және ол 27,54 пайызға тең болды. Ал қалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінен тонау түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтарда аталған санаттағы сотталғандармен жиі жасалады, оның орташа үлесі 8 пайыз құрады.

Кесте 16 – Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар және жарылыс құрылғыларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 202 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыс жасаған сотталғандар саны | 910 | 724 | 1374 | 1776 | 2319 | 3178 | 3535 | 3070 | 3359 | 3355 | 232 |
| Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш | 1 | 8 | 9 | 13 | 10 | 16 | 4 | 12 | 20 | 19 | 8 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру | | | | | | | | | | | |
| Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу | 2 | 3 | 3 | 6 | 13 | 7 | 6 | 7 | 5 | 1 | 1 |

Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың тағы бір түрі бұл қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар және жарылыс құрылғыларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. Оның ішінде қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру түріндегі қылмыстық құқық бұзшылықтың көрсеткішінің 2023-2024 жылдар аралығында өсімі байқалады.

Кесте 17 – Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі

| | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлерін өтеп жүріп қылмыс жасаған сотталғандар саны | 910 | 724 | 1374 | 1776 | 2319 | 3178 | 3535 | 3070 | 3359 | 3355 | 2324 |
| Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен | 77 | 63 | 88 | 97 | 114 | 169 | 132 | 76 | 78 | 103 | 91 |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу | | | | | | | | | | | |
| Есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатында заңсыз иемдену, сақтау, тасымалдау, оларды жөнелту не өткізу | 22 | 17 | 32 | 30 | 32 | 45 | 56 | 47 | 30 | 48 | 46 |
| Құрамында есірткі заттар бар өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз егіп-өсіру | 1 | 1 | 3 | 2 | 2 | 11 | 4 | 14 | 6 | 7 | 6 |

Аталған санаттағы сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестердің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлесі жоғары деуге болады.

## 2.2 Қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басының криминологиялық сипаттамасы және оның типологиялық ерекшеліктері

Диссертациялық жұмыс сотталғандардың қылмыстылығын зерттеумен байланысты болғандықтан «қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басы» ұғымын талдау қажетті деп санаймыз. Аталған ұғым «тұлғаның жеке басы» ұғымымен тығыз байланысты. «Тұлғаның жеке басы» ұғымы латынның «persona» актердің бетіне киетін маскасы және қойылымдағы ойнайтын рөлі деген мағыналар берді. Әрбір тұлға өзін басқаларынан ерекшелендіретін белгілерге, қайталанбас қасиеттерге ие болады. Адам тұлға ретінде оған қоршаған ортаның ықпалынан жүре келе қалыптасады.

Ю.М. Антонянның пікірі бойынша «адам тұлға болып туылмайды, ол қарым-қатынас орнату барысында қалыптасады, сәйкесінше қоғамнан тыс тұлғаның қалыптасуы мүмкін емес. ...Адам қылмыскер болып туылмайды, оның жеке басына жағымсыз ортаның ықпалы нәтижесінде қылмыскер болып

қалыптасады [72, 74 б.].

Ғылыми әдебиеттерде «қылмыскердің жеке басы» ұғымының әртүрлі түсініктері берілген. Оларды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

Бірінші топтағы түсініктер бойынша оны қылмыс субъектісімен теңестіре отырып, қылмыс жасаған адамның жеке басы ретінде қарастырады [73, 66 б.; 74, 15 б.].

Екінші топтағы түсініктер бойынша қылмыскердің жеке басы тұлғаның нақты қылмыстарды жасауын анықтауға мүмкіндік беретін оның әлеуметтік қасиеттері мен тұлғалық қасиеттер жиынтығы, оның моральдық және рухани әлемінің әлеуметтік ортамен өзара әрекеті [75, 17 б.; 76, 13 б.].

Үшінші топтағы түсініктер қылмыскерді қылмыскер емес тұлғалардан ерекшелендіретін айрықша тұлғаның түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [77, 79 б.].

Е.О. Алауханов қылмыскердің жеке басын зерттеуде келесілерді ескеруді ұсынады:

Біріншіден, қылмыскерлер – тек қана ақыл-естері дұрыс тұлғалар және оларға қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасау кезінде өзінің әрекеттеріне жауап бере алмаған немесе созылмалы психикалық аурулардың, психикалық аурудың уақытша бұзылуының, ақыл-естің кемістігі немесе басқа да аурулардың салдарынан оларды басқара алмаса;

Екіншіден, қылмыскерлер – қылмыстық заңды кінәлі түрде (қасақана немес абайсызды) бұзған тұлғалар ғана. Сондықтан оларға қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында қылмыс жасағандарды жатқызуға болмайды.

Үшіншіден, «қылмыскер» криминологиялық ұғымы сотталғандарды, сондай-ақ қылмыс белгілері бар іс-әрекеттерді жасаған тұлғаларды және қалпына келтірмейтін негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатылған тұлғаларды қамтиды [78, 66 б.]. Автордың бұл пікірімен келісе отырып, «қылмыс жасаған сотталған» ұғымын «қылмыскер» ұғымының бір бөлігі ретінде қарастырамыз, сәйкесінше «қылмыскердің жеке басын» анықтаудағы белгілер арқылы қылмыс жасаған сотталғанның жеке басын тән белгілерді анықтауға болады.

А.И. Долгова мұндай белгілерді екі топқа бөліп қарастырады:

1) тұлғаның іс-әрекетін құрайтын объективтік сипаттағы белгілер, сондай-ақ оның әлеуметтік рөлі мен алатын орны;

2) субъективтік сипаттағы белгілер (басқаша айтқанда құндылықтық-нормативтік және қажеттілік-мотивациялық аясы туралы мәселе) [8].

Ю.Ф. Кваши қылмыскердің жеке басының құрылымында келесідей белгілерді қарастырады:

1) әлеуметтік сипаттағы белгілер:

- қылмыскердің әлеуметтік-рөлдік сипаттамасы;
- әлеуметтік-демографиялық белгілер.

2) Моральдық және психологиялық белгілер. Бұл белгілер қылмыскердің интеллектуалдық деңгейі, әдеттері, қасиеттері, мүдделері, қажеттеліктері және ұстанымдары;

3) Психикалық сипаттағы белгілер. Бұл белгілердің көмегімен қылмыскердің жеке басына қандай да бір психикалық ауытқулардың ықпал еткендігін анықтауға болады [79].

А.И. Алексеев болса, ондай белгілердің қатарында келесідей белгілерді қарастырған:

1) әлеуметтік-демографиялық;

2) қылмыстық-құқықтық;

3) моральдық және психологиялық;

4) әлеуметтік маңызды биофизикалық белгілер [80, 82-87 бб.].

Ал Е.И. Каиржановтың пікірінше, адамның жынысы, жасы, отбасылық және әлеуметтік жағдайы, білімі, кәсібі және т.б. әлеуметтік-демографиялық белгілердің көмегімен тұрғындардың әртүрлі тобының қылмыстық белсенділігін, қылмыс жасағандардың жасы мен жынысы бойынша ерекшеліктерін және т.б. анықтауға болады. Қылмыскердің отбасылық және әлеуметтік жағдайын зерттеу оның жеке басының қалыптасуына ықпал еткен криминологиялық мән-жайларды анықтауға мүмкіндік береді [81, 108 б.].

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, біз қылмыс жасаған сотталғандардың жеке басын келесідей белгілермен анықтаймыз:

**Жынысы.** Криминолог ғалымдардың арасында қылмыстылық әрқашан да еркектерге тән құбылыс болған және болып қала береді деген көзқарас орын алуда. Бұл қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік рөлдерді бөлумен және еркектердің жалпы белсенділігінің жоғары болуымен байланысты [18, 50 б.] деген пікір қалыптасқан.

Ал Б.С. Утевский Сотталғандардың жалпы одақтық санағы бойынша мәліметтерді зерттей келе, барлық қылмыскерлердің ішінде рецидивист әйелдердің пайызы еркектерге қарағанда жоғары деген қорытынды жасаған (әйел рецидивистердің көрсеткіші – 33,1 пайыз, еркек рецидивистердің көрсеткіші – 26,3 пайыз) [82].

Кесте 18 – 2021-2025 жылдар аралығындағы сотталғандардың жынысы бойынша жіктелуі

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Сотталғандардың жалпы саны | 28746 | 27061 | 29248 | 30646 | 30150 |
| Ерлер | 25797 | 24273 | 25915 | 26673 | 25821 |
| Әйелдер | 2949 | 2788 | 3333 | 3973 | 4329 |

2021 жылы сотталғандардың саны 28746 адам болса, оның 2949 (10,26 пайызы) әйелдер, ал қалғаны 25797 (89,74 пайызы) еркектер құраған.

2022 жылы сотталғандардың саны 27061 адам болса, оның 2788 (10,30 пайызы) әйелдер, ал қалғаны 24273 (89,70 пайызы) еркектер құраған.

2023 жылы сотталғандардың саны 29248 адам болса, оның 3333 (11,40 пайызы) әйелдер, ал қалғаны 25915 (88,60 пайызы) еркектер құраған.

2024 жылы сотталғандардың саны 30646 адам болса, оның 3973 (12,96 пайызы) әйелдер, ал қалғаны 26673 (87,04 пайызы) еркектер құраған.

2025 жылы сотталғандардың саны 30150 адам болса, оның 4329 (14,36 пайызы) әйелдер, ал қалғаны 25821 (85,64 пайызы) еркектер құраған.

2021-2025 жылдар аралығында сотталғандардың жалпы санының орташа есеппен 12 пайызын әйелдер құрайды және олардың саны жыл сайын өсім үстінде болған, 2021 жылмен салыстырғанда 2025 жылы әйелдердің саны 1380 (4,1 пайызға) өскен.

Кесте 19 –2021-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру жазасын атқару тәртібіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды еркек-сотталғандармен және әйел-сотталғандармен жасау көрсеткіші

| **Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері** | **жынысы** | **2021** | **2022** | **2023** | **2024** | **2025** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу (ҚР ҚК-нің 426-бабы) | Ерлер | 17 | 6 | 5 | 5 | 3 |
| | Әйелдер | - | - | - | - | - |
| Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтару (ҚР ҚК-нің 427-бабы) | Ерлер | 36 | 20 | 34 | 26 | 27 |
| | Әйелдер | - | - | - | 1 | 1 |
| Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (ҚР ҚК-нің 428-бабы) | Ерлер | 17 | 17 | 10 | 17 | 40 |
| | Әйелдер | - | - | - | - | - |
| Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде, тергеу изоляторларында, уақытша ұстау изоляторларында бейнебақылау жүйесін, сол сияқты оның компоненттерін қасқана жою немесе бүлдіру (ҚР ҚК-нің 428-1-бабы) | Ерлер | - | - | - | 11 | 55 |
| | Әйелдер | - | - | - | - | - |
| Қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталғанға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу (ҚР ҚК-нің 429-бабы) | Ерлер | 12 | 22 | 11 | 14 | 39 |
| | Әйелдер | - | - | - | 2 | 4 |

Бұл кестеде 2021-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру жазасын атқару тәртібіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды еркек-сотталғандармен және әйел-сотталғандармен жасау көрсеткіші қарастырылған. Кестеден байқап отырғанымыздай, 2021-2023 жылдар аралығында аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобы бойынша әйел-сотталғандармен бірде бір қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасалмаған. Тек 2024-2025 жылдар аралығында ғана әйелдермен аталған топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған, атап айтқанда 2024 жылы 3 факт (осы жылы

аталған топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы санының 3,95 пайызы) тіркелсе, 2025 жылы 5 факт (2,96 пайызы) тіркелген және әйелдер тек ҚР ҚК-нің 427-бабында, 429-бабында қарастырылған екі қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазасына сотталғандарға тоқталатын болсақ, бізбен талданған 250 қылмыстық істер бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасаған сотталғандардың ішінде 37 (14,8 пайызы) әйел жынысты сотталғандар бар, ал қалған 213 (85,2 пайызы) ер жынысты сотталғандар.

**Жасы.** Қылмыскердің жеке басын сипаттаудағы келесі маңызды белгі қылмыскердің жасы болып табылады. Адамның жасының өзгеруімен оның тәнінде, әлеуметтік құндылықтарында, психологиялық әдеттерінде, қарым-қатынас әдебінде өзгерістер орын алады. Қылмыскердің жасының өзгеруімен психологиясындағы орын алатын өзгерістер нәтижесінде оның криминологиялық белсенділігіде өзгереді [83, 20 б.]. Ғалымдардың арасында адамның жасының қылмыстылыққа ықпалына қатысты бірыңғай пікір жоқ.

Б.Б. Казак пен А.И. Ушатиковтың пікірлерінше, адамның жасы мен қылмыстылықтың себептері арасында байланыс жоқ, алайда адамның жасы мен жасалған қылмыстың сипатының арасында өзара байланыс бар [84, 21 б.].

Ал кейбір ғалымдар криминалдық мансаптың басталуы мен қылмыс рецидивінің адамның жасына тәуелді деген пікір білдірді [85].

Кесте 20 – 2021-2025 жылдар аралығындағы сотталғандардың жасы бойынша жіктелуі

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Сотталғандардың жалпы саны | 28746 | 27061 | 29248 | 30646 | 30150 |
| 14-15 жас аралығында | 79 | 57 | 108 | 112 | 119 |
| 16-17 жас аралығында | 305 | 340 | 424 | 514 | 634 |
| 18-20 жас аралығында | 1583 | 1884 | 1918 | 2186 | 2283 |
| 21-29 жас аралығында | 8987 | 8460 | 8772 | 8499 | 7780 |
| 30-39 жас аралығында | 10027 (34,88) | 9268 (34,25) | 10275 (35,13) | 10762 (35,12) | 10793 (35,80) |
| 40-49 жас аралығында | 5206 | 4691 | 5110 | 5638 | 5584 |
| 50-59 жас аралығында | 2012 | 1814 | 2050 | 2251 | 2206 |
| 60 жастан жоғары | 547 | 547 | 591 | 684 | 751 |

Кестеден байқап отырғанымыздай, жас өсе келе қылмыс жасау белсенділігі арта түсуде және олардың шарықтау шегі 30-39 жас аралығында сотталғандардың санына сай келеді. 30-39 жас аралығындағы сотталғандармен

қылмыстық құқық бұзушылықтар ең жиі жасалатын криминогендік топ болып табылады және олар сотталғандардың жалпы санының орташа есеппен 35 пайызын құрайды. Бұл жас аралығынан кейін қылмыс жасаудағы белсенділік төмендейді. Екінші орында 21-29 жас аралығындағы сотталғандар тұр олардың сотталғандардың жалпы санындағы үлесі 29,13 пайыз құраған. Үшінші орында 40-49 жас аралығындағы сотталғандар, олардың үлесі 17,98 пайызға тең. Ал 50-59 жас аралығындағы сотталғандардың көрсеткіші (7,08 пайыз) 18-20 жас аралығындағы сотталғандардың көрсеткішіне (6,77) жақын келеді.

Кесте 21 – 2021-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру жазасын атқару тәртібіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы сотталғандарды жасы бойынша жіктеу

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| 14-15 жас аралығында | - | - | - | - | - |
| 16-17 жас аралығында | - | - | - | - | 2 |
| 18-20 жас аралығында | 2 | 1 | 2 | 3 | 7 |
| 21-29 жас аралығында | 37 | 24 | 25 | 20 | 57 |
| 30-39 жас аралығында | 32 | 31 | 23 | 35 | 81 |
| 40-49 жас аралығында | 8 | 7 | 10 | 16 | 18 |
| 50-59 жас аралығында | 3 | 2 | - | 1 | 4 |
| 60 жастан жоғары | - | - | - | - | - |
| барлығы | 87 | 75 | 60 | 75 | 169 |

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен жасалған ҚР ҚК-нің 426-429 баптарымен қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігін 43,35 пайызын 30-39 жас аралығындағы сотталғандармен жасалған, ал 34,98 пайызын 21-29 жас аралығында сотталғандар жасаған. Қалған 12,66 пайызы 40-49 жас аралығындағы сотталғандарға тиесілі, 2,15 пайызы 50-59 жас аралығындағы сотталғандарға тиесілі. Ал 60 жастан асқан сотталғандармен аталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері мүлдем жасалмаған.

Ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандарда жас ерекшеліктері келесідей: 14-15 жас аралығында -1 адам (0,4 пайыз); 16-17 жас аралығында – 1 адам (0,4 пайыз); 60 жастан асқан – 9 адам (3,6 пайыз) (ең үлкені 73 жаста); 50-59 жас аралығында – 21 адам (8,4 пайызы); 18-20 жас аралығында – 23 адам (9,2 пайызы); 40-49 жас аралығында 42 адам (16,8 пайызы); 21-29 жас аралығында 76 адам (30,4 пайызы); 30-39 жас аралығында 77 адам (30,8 пайызы). Қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаған аталған санаттағы сотталғандардың басым көпшілігі 21-29 жас аралығындағы және 30-39 жас аралығындағы сотталғандар.

**Білім деңгейі.** Сотталғандардың білім деңгейі олардың жеке басының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасын қалыптастырудағы маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Ол сотталғанның әлеуметке қайта оралуына және қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалу тәуекелділігін төмендетуде жағымды ықпал етеді.

Адамның білім деңгейі оның құндылықтар бойынша бағдарының, қажеттіліктерінің, қызығушылықтарының, дүние танымының, моральдық және рухани келбетінің қалыптасуымен тығыз байланысты [86, 20 б.].

Кесте 22 – 2021-2025 жылдар аралығындағы сотталғандарды білім деңгейі бойынша жіктеу

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Сотталғандардың жалпы саны | 28746 | 27061 | 29248 | 30646 | 30150 |
| Жоғары білімі және аяқталмаған жоғары білімі барлар | 4180 | 4004 | 4706 | 5430 | 5808 |
| Орта арнаулы білімі барлар | 2655 | 2420 | 2610 | 2724 | 2496 |
| Орта білімі барлар | 21065 | 19873 | 21281 | 21870 | 21301 |
| Толық емес орта білімі барлар | 798 | 730 | 617 | 586 | 503 |
| Сауатсыздар | 48 | 34 | 34 | 36 | 42 |

Сотталғандардың жалпы санының 72,26 пайызын орта білім бар сотталғандар құрайды, ал 16,54 пайызын жоғары білімі және аяқталмаған жоғары білімі барлар құрайды, орта арнаулы білімі барлардың үлесі 8,85 пайызды құраса, толық емес орта білімі барлардың үлесі 2,22 пайызды құрайды. Бұл жерде айт кету қажет жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар түрі бойынша аталған көрсеткіштер өзгеруі мүмкін. Мысалы, аталған №22 Кестеде жоғары білімі бар және аяқталмаған жоғары білімі бар сотталғандардың үлесі екінші көрсеткішке ие (16,54 пайыз) болса, төменгі Кесте №22 бойынша жоғары білімі бар және аяқталмаған жоғары білімі бар сотталғандардың үлесі төмен тек үшінші көрсеткішке ие (5,07 пайыз).

Кесте 23 – 2021-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру жазасын атқару тәртібіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы сотталғандардың білім деңгейі бойынша жіктелуі

| | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Жоғары білімі және аяқталмаған жоғары білімі барлар | 2 | 5 | 4 | 3 | 9 |
| Орта арнаулы білімі барлар | 3 | 5 | 8 | 6 | 16 |
| Орта білімі барлар | 75 | 54 | 50 | 65 | 144 |
| Толық емес орта білімі | 2 | 1 | - | 2 | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| барлар | | | | | |
| Сауатсыздар | - | - | - | - | - |
| Барлығы | 82 | 65 | 62 | 76 | 169 |

ҚР ҚК-нің 426-429 баптарымен қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың 85,46 пайызын орта білімді сотталғандар жасаған, ал орта арнаулы білімі бар сотталғандардың үлесі 8,37 пайызды құраса, жоғары білімі бар және аяқталмаған жоғары білімі бар сотталғандардың үлесі 5,07 пайызды құраған.

Ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандардың білім деңгейлері келесідей: орта білімі барлар 176 (70,4 пайызы) сотталған; жоғарғы білімі барлар 45 (18 пайызы) сотталған; орта арнаулы білімі барлар 23 (9,2 пайызы) сотталған; толық емес орта білімі баралар 5 (2 пайызы) сотталған; сауатсыз 1 (0,4 пайызы) сотталған. Бұл санаттағы соотталғандардың басым көпшілігі - 70,4 пайызы орта білімді болып табылады.

**Сотталғандардың жұмыспен қамтылу деңгейі және айналысатын кәсібіне қатысты статистикалық мәліметтер Кесте №24 қарастырылған.**

Кесте 24 – Сотталғандардың жұмыспен қамтылу деңгейі және айналысатын кәсібі

| Сотталушылардың санаты | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Сотталғандардың жалпы саны | 28746 | 27061 | 29248 | 30646 | 30150 |
| Жұмысшылар | 2156 | 2117 | 1992 | 2233 | 2152 |
| Қызметкерлер | 708 | 705 | 767 | 799 | 714 |
| Білім алушылар | 370 | 406 | 433 | 746 | 951 |
| Зейнеткерлерді қоса алғанда өзгелер | 2728 | 2352 | 2487 | 2851 | 3001 |
| Еңбек етуге қабілетті жұмыссыздар және білім алмайтындар | 22395 | 21097 | 23206 | 23727 | 23017 |
| Бұрын сотталғандар | 4894 | 4281 | 5271 | 5285 | 4582 |
| Еңбекке қабілетсіздер | 32 | 38 | 24 | 20 | 18 |

Сотталғандардың жалпы санындағы ең жоғарғы үлес (77,78 пайызы) еңбек етуге қабілетті, бірақ жұмыс жасамайтын тұлғалар мен білім алмайтын тұлғаларға тиесілі, ал еңбекке қабілетсіздердің үлесі 0,09 пайызға тең болса, зейнеткерлердің үлесі 9,20 пайзыға тең, бұрын соттылығы бар тұлғалардың үлесі 16,67 пайызға тең. Еңбекке қабілетті сотталғандардың ішінде 7,30 пайызы жұмысшылар болса, 2,53 пайызы қызметкерлер, ал білім алушылардың үлесі 1,99 пайызға тең.

Кесте 25 – 2021-2025 жылдар аралығындағы бас бостандығынан айыру жазасын атқару тәртібіне қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы сотталғандардың жұмыспен қамтылу деңгейі және айналысатын кәсібі

| | 2021 | 2022 | 2023 | **2024** | **2025** |
|---|---|---|---|---|---|
| Жұмысшылар | 2 | 3 | 1 | - | 1 |
| Қызметкерлер | - | - | - | - | - |
| Білім алушылар | - | - | - | - | - |
| Зейнеткерлерді қоса алғанда өзгелер | 2 | - | - | 3 | 2 |
| Еңбек етуге қабілетті жұмыссыздар және білім алмайтындар | 52 | 39 | 34 | 38 | 101 |
| Еңбекке қабілетсіздер | - | - | - | - | - |

ҚР ҚК-нің 426-429 баптарымен қамтылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың орташа есеппен 95 пайызын еңбек етуге қабілетті жұмыссыздар және білім алмайтындармен жасалады, ал қалған 2,91 пайызын жұмысшылар жасаса, 2,6 пайызын зейнеткерлерді қоса алғанда өзге тұлғалар жасайды.

Ал бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жаза түрлеріне сотталғандардың жұмыспен қамтылу деңгейі және айналысатын кәсіп түрлері келесідей: еңбек етуге қабілетті жұмыссыздар және білім алмайтындар сотталғандар саны - 195 (78 пайызы); жұмысшылардың саны – 24 (9,6 пайызы); зейнеткерлердің саны – 2 (0,4 пайызы); колледждің оқушысы – 1 (0,4 пайызы); жеке кәсіпкер – 1 (0,4 пайызы); лауазымды тұлға – 2; әскери қызметкер – 1 (0,4 пайызы); ішкі істер органдары қызметкерлері – 2 (0,8 пайызы); басқа санаттағы тұлғалардың саны – 19 (7,6 пайызы). Бұл санаттағы соотталғандардың басым көпшілігі - 78 пайызы еңбек етуге қабілетті жұмыссыздар және білім алмайтындар сотталғандар болып табылады.

**Қорытынды.** Қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басының криминологиялық сипаттамасы келесідей: ер жынысты, жасы 30-39 аралығындағы, орта білімді, еңбекке қабілетті, бірақ ешбір жерде жұмыс жасамайтын немесе білім алмайтын тұлға.

## 3 СОТТАЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

### 3.1 Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған тұлғалар және қамаққа алу жазасына сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу жүйесінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері

ҚР ҚАК нің 1-бабының 1-бабында әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу сияқты мақсаттармен қатар сотталғандардың және өзге тұлғалардың жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу сияқты мақсатты қарастырған. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін қылмыстық атқару жүйесі мекемелері мен органдарына қылмыстық жазаларды өтеуші сотталғандар тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасауына жол бермеуі үшін заңда қарастырылған әртүрлі құқықтық іс-шараларды қолдануына жол беріледі.

2025 жылы қабылданған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» ҚР Заңында профилактикалық іс-шараларды үш топқа бөле отырып, қарастырған: жалпы, жеке және арнайы.

Осы Заңның 5-тарауында профилактикалық іс-шаралардың жеке түріне қатысты мәселелер қарастырылған, ал 6-тарауында арнаулы іс-шаралар жүйесімен байланысты мәселелер қарастырылған.

Сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауын алдын алу үшін қолданылатын арнаулы іс-шаралардың шеңбері аталған Заңның 73-баптың 1-тармағында белгіленген:

1) қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінен босталыған тұлғалар және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сотталғандар арасында құқық бұзушылық жасау себептері мен жағдайларын анықтау, жою;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында көзделген алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар адамдарды профилактикалық есепке алу және бақылау;

3) қылмыстық-құқықтық әсер ету шараларын белгілеу;

4) әкімшілік қадағалауды белгілеу;

5) пробациялық бақылауды жүзеге асыру;

6) электрондық бақылау құралдарын қолдану;

7) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жүрген адамдарды әлеуметтік оңалтуға және әлеуметтік бейімдеуге даярлау;

8) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан сотталғандарға криминалдық субмәдениеттің ықпалына қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

9) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар үшін жазасын өтеген адамдарды өмір бойы есепке алу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды жүзеге асыру.

Қылмыстың қайталап жасалуының профилактикасы мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру ішкі істер органдарына жүктеледі [87].

Жалпы профилактикалық іс шаралардың қатарында сотталғандарды жұмыспен қамтамасыз етумен байланысты іс шаралар қарастырылған.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандарды жұмыспен қамту арқылы бірқатар мәселелердің оң шешімін алуға болады, атап айтқанда

- жазаны қолданудағы басты мақсаттардың бірі сотталғандарды түзеу түріндегі мақсатқа қол жеткізуге болады;

- сотталғандарды қайта әлеуметтендіруге мүмкіндік береді. Жазасын өтеп шыққаннан кейін жинаған тәжірибесімен жұмыс табуға мүмкіндік алады;

- бос уақыттың көп болуы, сотталғанның ешнәрсемен айналыспауы, сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға әкелуі мүмкін, сондықтан сотталғандардың жаңадан қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауының алдын алу сияқты жазаны қолданудағы тағы бір мақсатқа қол жеткізіледі, сонымен қатар бас бостандығынан айыру мекемесінде жазасын өтеу режимін бұзуға мүмкіндік бермейді;

- сотталғандар қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау нәтижесінде жәбірленушілерге келтірілген шығынды өтеуге мүмкіндік алады және бұл жазасынан мерзімінен бұрын шартты түрде босап шығуға мүмкіндік береді, сондай ақ сотталғандардың өзгеде міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді;

- сотталғандар өзін өзі қамтамасыз ете алады, ал бұл өз кезегінде мемлекетке оларды ұстауға бөлетін қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді;

- отбасын қаржылық тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

Қазіргі кезде бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өте жатқан сотталғандардың жалпы санының (2026 жылдың 8 қаңтарындағы ақпарат бойынша бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандар саны 38026 [88] оның 23 мың (60,53 пайызы) еңбек етуге жарамды, оның 18 мың (сотталғандардың жалпы санының 47,37 пайызы, ал еңбек етуге қабілетті сотталғандардың 78,26 пайызы) сотталғаны еңбекпен қамтамасыз етілген [89]. Алдыңғы 2024 жылмен (22 мың еңбекке қабілетті сотталғанның 12 мыңы (54,4 пайызы) жұмысқа орналастырылған) [44] салыстырғанда еңбекпен қамтылған сотталғандардың саны 24 пайызға өскен және жалпы басқа жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткіш ең жоғарғы болып табылады. Алайда мұндай көрсеткіштерге қарамастан, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуші сотталғандардың еңбекпен қамтылу мәселесі әліде болса, проблемалы мәселелердің бірі болып қалып отыр [90].

Қалған сотталғандарды бірқатар жағдайларға байланысты жұмыспен қамту қазіргі кезде мүмкін болмай отыр, ондай жағдайларға сотталғандардың еңбек етуден бас тартуы, жұмыс орындарының болмауы, сәйкес мамандығының болмауы және т.б. жатқызуға болады.

Қазіргі таңда бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың басым көпшілігі түзеу мекемелерінің жанындағы «Еңбек» кәсіпорындарының филиалдарында және түзеу мекемелерінің шаруашылық блоктарында жұмыс

жасауда, ал қалған сотталғандар осы кәсіпорынның өндірістік алаңдарын жалға алып, жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлердің қарамағында жұмыс атқаруда.

Мемлекеттік жекешелік әріптестік механизімі аясында кәсіпкерлер аталған кәсіпорынмен сотталғандарды жұмыспен қамту бағытында іс шаралар жүзеге асыруда. Мұндай кәсіпкерлерге өндіріс алаңын жалға алуда, салық төлеуде жеңілдіктер берілген. Алайда кәсіпкерлердің көпшілігі бірқатар проблемалардың орын алуына байланысты аталған жобаға қызығушылық танытпауда, салдарынан жаңа жұмыс орындарының ашылу мүмкіндігі жоққа шығарылады. Мұндай проблемалар қатарында өндірілетін өнімге деген сұраныстың болмауы, «Еңбек» кәсіпорыны басшылары тарапынан жемқорлық жағдайларының орын алуы (мысалы, аталған кәсіпорынның директорының орынбасары және құрылыс басқармасының бастығы кәсіпкерлерден жүйелі түрде пара алғаны үшін ұсталды және бұл жалғыз факті емес [91], мекеме аумағында жүріп тұрудағы қиындықтар және т.б. қарастыруға болады.

Сонымен қатар түзеу мекемелерінің жанындағы «Еңбек» кәсіпорынының қолайсыз қаржылық жағдайы да сотталғандардың жұмыспен қамтылуына кері ықпалын тигізуі мүмкін. Атап айтқанда аталған кәсіпорынның несие берушілер алдындағы берешегінің көлемі 859,8 млн. теңгені құрайды [92]. Осы жерде Қ.Х. Рахимбердиннің пікірімен келісуге болады, оның пікірінше, мұндай жағдайда қылмыстық атқару жүйесі кәсіпорыны басты несие берушілер алдындағы қарызын жабу және банкроттық жағдайынан шығуға артықшылық береді, осыған байланысты бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарды жұмыспен қамту мүмкіндігі елеулі түрде төмендейді [93].

Аталған кәсіпорын өндіріс ғимараттарының, ондағы құрал жабдықтардың тозығы жеткен, қолданылатын технологияларда ескірген. Мұндай жағдайдың орын алуыда сотталғандардың жұмыспен қамтылу көрсеткішіне кері ықпалын тигізері сөзсіз.

Сотталғандардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал етуші факторлардың бірі түрме субмәдениеті және өзгеде теріс идеялар болып табылғандықтан, олардың таралуына жол бермеу үшін, олармен жүргізілетін қайта әлеуметтендіру, тәрбие жұмыстарының тиімділігі жоғары болу үшін, сонымен қатар сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сотталғандардың ұстаудың барактық-отрядтық түрінен камералық ұстау түріне көшу қажетті.

ҚР Ішкі істер министрі Е. Саденовтың берген мәліметі бойынша қазіргі кезде бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың 27 пайызы (10267 адам) ғана камерада ұсталуда [94]. Әрине бұл көрсеткіш өте төмен болып табылады. Әр жылдары пенитенциарлық жүйені жетілдіру мақсатында бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандарды камерада ұстау мәселесі қозғалғанымен, бұл проблема осы күнге дейін шешімін тапқан жоқ және бас бостандығынан айыру орындарының басым көпшілігінің тозығы жеткендігін ескеретін болсақ, аталған мақсатқа жету мүмкін емес. Сондықтан бұл проблеманы шешу үшін мемлекетпен кәсіпкерлердің әріптестігі (мемлекетпен жеке әріптестік) негізінде жеке пенитенциарлық мекемелер жүйесіне көшу

қажетті деп танимыз.

Қазіргі кезде басқа мемлекеттерде (Ұлыбритания, Австралия, Франция, АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б.) жеке пенитенциарлық мекемелер ашу тәжірибесі орын алған. Жалпы мұндай мекемелердің қалыптасуының екі жолы қалыптастырылған:

1) ішінара жеке пенитенциарлық мекемелерді қалыптастыру. Бұл жерде пенитенциарлық мекемелерді қалыптастыруға мемлекет мемлекеттік емес компаниялармен тең дәрежеде қатысады;

2) толық жеке меншіктегі пенитенциарлық мекемелерді қалыптастыру. Мұнда пенитенциарлық мекемелер толығымен мемлекеттік емес компаниялардың меншігінде болады.

Жеке пенитенциарлық мекемелер алғаш рет XX ғасырдың 80-жылдары АҚШ да пайда болды. 1983 жылы Massey Burch Investment компаниясы Теннесси штатындағы Hamilton County түрмесіне 550 мың доллар көлемінде инвестиция сала отырып, аталған түрмені басқаруды қолға алды және тарихта жазаларды орындау құқығына ие болған жеке компания ретінде танылды [95]. Одан кейін аталған компания Американың түзеу мекемелерінің Корпорациясы (Corrections Corporation of America (CCA) кейін CoreCivic деп аталды) құра отырып, басқа штаттардағы түрмелерді қарамағына ала бастады. Қазіргі таңда аталмыш Корпорация АҚШ-ның түрме бизнесінің 50 пайызына иелік етеді және 14 штаттағы 46 түрмені басқарады, 17,5 мың адам жұмыспен қамтылған [96].

Осы бағытта жұмыс жасап жатқан тағы бір ірі компания GEO Group. Бұл компания түрме бизнесінің ¾ бөлігіне иелік етеді [96]. Жалпы түрме бизнесінде 20 компания бар [97] және 37 штатта (Нью-Йорк, Луизиана, және Иллинойс штаттарынан басқа) жазаны орындауға жеке компаниялар тартылған. Аталған компаниялардың мұндай қызғушылық танытуы сотталғандардың еңбек күшін пайдалану болып табылады және ол арқылы пайда табу. Бұл компаниялардың қызметін пайдаланушы Microsoft, IBM, Intel, Hewlet Pacart, Boeing, Pierre Cardin және т.б. болып табылады [98].

Франциялық нұсқаның америкалық нұсқадан ерекшелігі онда түрмелер ішінара жеке болып табылады. 1987 жылдан бастап түрмедегі жеке мердігерлердің үлесі тұрақты түрде өсуде: мемлекеттік сатып алу контрактілері 70 астам түрме мекемлерінде (оларда сотталғандардың 60 пайызы ұсталады) жасалған. Сонымен қатар 2002 жылдан бастап мемлекет мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша салынған 14 түрменің жалдау ақысын төлеуде [99].

Америкалық нұсқадан бөлек жеке пенитенциарлық мекемелер құру Оңтүстік Кореяда орын алды. Бұл елде 2010 жылы «Соманг» деп аталатын жеке түрме құрылды және оның негізін қалаушы «Arane» діни қоры болып табылды. Мұндай мекемені құрудағы басты мақсат сотталғандардың еңбегін пайдалана отырып, пайда табу емес, керісінше сотталғандарды тәрбиелеу және оларды әлеуметтік бейімдеу болып табылды. Егер АҚШ тық нұсқада аталған мекемелерді қалыптастыруда компанияларға еркіндік берілсе, аталған Оңтүстік Кореялық нұсқада Оңтүстік Кореяның ішкі заңдарында («Жеке пенитенциарлық мекемелерді құру және қызметі етуі» туралы Заңға) қойылған талаптарды қатаң

сақтай отырып құрылды. Бұл мекемеде 228 адам бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққан және аталған кезеңде олардың екеуі ғана қайта қылмыс жасаған [100].

Қазақстандағы түзеу мекемелерінің ғимараттарының басым көпшілігі ескіріп, тозығы жеткен. Олардың бірқатары 18 ғасырда салынған, қалғандары Кеңестік дәуірде салынған және бүгінгі күнге дейін бір түзеу мекемесімен бір тергеу оқшаулағышы жаңадан салынды (Алматы қаласындағы кәмелеттік жасқа толмаған сотталғандарды ұсатуға арналған қауіпсіздігі орташа мекеме және тергеу оқшаулағышы). Сондықтан аталған ғимараттар күрделі жөндеуді немесе қайта салуды қажет етуде. Мемлекет тарапынан аталған мәселені шешу үшін жұмыстар жүргізілуде, алайда толық оң шешімі әлі табылған жоқ.

2023 жылдың 29 желтоқсанындағы «Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес 3 тергеу оқшаулағыштарын, мемлекеттік жекешелік әріптестік тетігін пайдалана отырып, 3 аралас қауіпсіздік мекемелерін салу, ал қалған мекемелердің ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған [101]. Елдегі түзеу мекемелері мен онда ұсталатын сотталғандардың санын ескеретін болсақ, бұл әрине жеткіліксіз болып табылады.

Қазақстанда мемлекетпен жеке бизнес әріптестігі аясында жеке пенитенциарлық мекемелер салу мәселесі 2015 жылдары қозғалған болатын, Шымкент қаласында 1500 адамға арналған жеке пенитенциарлық мекеме салу (жалпы 25 мекеме салу) көзделген болатын [102]. Бұл іс шараға шетелдік инвесторлар қызғушылық танытқан болатын. Кейін мемлекет пенитенциарлық мекемелерді толығымен жекеге беруден бас тарта отырып, концессия механизімін қолдану арқылы түзеу мекемелерін салу моделіне тоқталған болатын, атап айтқанда жеке инвестор келісім шарт бойынша мекемені толық салып, оны мемлекеттің басқаруына береді, ал инвесторға (концессионерге) кеткен шығындары кезең кезеңімен қайтарылады және инвесторға (концқессионерге) келісім шартта мерзім аяқталғанға дейін өндірістік шаруашылық қызметін жүзеге асыруға (жаңа өндірістік алаңдарын ашуға, оларды жалға беруге, шығарған өнімдерін мемлекеттік тапсырыспен өткізуге) жол беріледі [103]. Алайда мемлекеттік органдар бұл жобаның ел бюджеті үшін өте қымбат және ауыр екендігін көрсете отырып, одан бас тартты [104].

Еліміздің қазіргі экономикалық жағдайын ескере отырып, түзеу мекемелерін жекеге беру жобасын қайта қарау орынды деп санаймыз, бұл жоба арқылы сотталғандардың жұмыспен қамтылу мәселесін және камералық ұстауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бас бостандығынан айыру орындарының инфрақұрылымдарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жаңартуға мүмкіндік аламыз.

Бұл жерде мемлекеттік жекешелік әріптестігі негізінде инвесторларға түзеу мекемелерінің ғимараттарын салдыртып, салынған ғимараттарды мемлекет жалға алуы қажет және ондағы басқару құқығы әдеттегідей мемлекетте қалуы тиіс. Мұндай механизім дүние жүзілік тәжірибеде кеңінен тараған.

Әрине аталған жобаға инвесторларды тарту үшін мемлекет тарапынан оларға жағдай жасау қажетті, атап айтқанда мемлекеттік тапсырыстарды беру, салықтан босату және т.б.

ҚР ҚАК-нің 7-бабында сотталғандарды түзеудің негізігі құралдарының бірі ретінде жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру болып табылады [35]. Сотталғандардың түзелуіне және оларда құқыққа сай жүріс-тұрысына отбасының, туған туысқандарының ықпалы жоғары. Сотталғандар үшін ең жоғары құндылықтардың бірі бұл отбасы болып табылады. В.Ф. Пирожкова мен А.С. Михлиннің жүргізген зерттеулер нәтижесінде сотталғандар үшін бес ең басты құндылық анықталған, сол құндылықтардың ішінде сотталған үшін айрықша құндылық бұл отбасы болып табылған [105, 31 б.]. Мұндай жағдайда сотталған үшін отбасымен байланысты үзуі, оның психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін және бұл жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. А.В. Димитров пен В.П. Сафроновтың пікірлерінше, сотталғанның отбасымен байланыстарды және жалпы пайдалы әлеуметтік байланыстарды үзуі жағымсыз фактор ретінде оның түзелу процесін қиындата түседі. Отбасы бұл жеке тұлғаның, дүниетанымның және т.б. қалыптасуына елеулі ықпал ететін тұрақты ұжым болып табылады.... сотталғанға тек қана жұбайы және балалары ғана емес өзгеде туған туысқандары (ата аналары, балалары, ағалары, апалары және т.б.) ықпал етеді [106].

АҚШ-та бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандарға отбасы мүшелерінің, достарының және сотталған үшін маңызды тұлғалардың кездесуге келуінің, олармен тығыз қарым қатынаста болуының сотталғандарды әлеуметтік қолдауға, рецидивизм тәуекелділігін төмендетуге, жаңа қылмыс жасаудан бас тарту ықтималдылығын жоғарылатуға ықпалы туралы зерттеулер жүргізілген болатын. Бұл зерттеуді жүргізушілер оның оң нәтиже бергендігін алға тартты және «Program Profile: Prison Visitation (Minnesota)» бағдарламасы қабылданып, сәтті жүзеге асырылуда [107]. Зерттеушілер түрмедегі рецидивизмге кездесулердің ықпалының қандай болатындығына қатысты екі рет зерттеу жүргізген. Алғашқы зерттеу 2011 жылы орын алған және оған сәйкес Миннесота штатының түрмелерінде 2003-2007 жылдар аралығында саны 16420 болатын жазасын өтеген сотталғандар қамтылған. Сотталғандар екі топқа бөлінген: эксперименталдық топ (10053 сотталған), оған жазасын өтеу кезінде өзіне бір ретте болса, кездесуге адамдар келген сотталғандар кірген, ал бақыланатын топқа (6367 сотталған) жазасын өтеу кезінде өзіне бірде бір адам келмеген сотталғандар кірген. Сотталғанға орташа есеппен үш адам кездесуге келген, олардың шамамен жартысы (47 пайызы) оның достары, 1/3 аналары, ¼ ағалары және апалары. Зерттеушілер рецидивистік қылмыстылықты екі әртүрлі өлшеммен өлшеген: ауыр қылмыстар үшін қайта сотталу және режимді бұзғаны үшін мерзімінен бұрын шартты босап шығу құқығына айыру. Нәтижесінде кездесуіне бірде бір адам келмеген сотталғандарға қарағанда кездесуіне келген сотталғандарда ауыр қылмыстарды қайта жасау тәукелділігі 13 пайызға төмендеген [108]. Осы зерттеу нәтижесі 2016 жылы қайта қосымша зерттелген, бұл жолы қайта қылмыс жасауға бейім (propensity score matching) сотталғандар таңдалған. Сондай-ақ

эксперименталдық топтағы сотталғандармен кездесуге әлеуметтік қызметкерлер қатыстырылған және ондай сотталғандардың саны 418 құраған, ал бақыланатын топтағы сотталғандармен кездесуге әлеуметтік қызметкер емес басқа тұлғалар қатыстырылған, ол топтағы сотталғандардың саны 418 құраған. Кездесушілер қатарына жергілікті тұрғындар, діни қызметкерлер және т.б. кірген. Екі топтағы кездесулердің орташа саны 150 құраған, айына әлеуметтік қызметкерлер кездесуінің орташа саны 3,5 құраса, бақыланатын топтағы кездесулердің айына орташа саны 3,8 құраған. Бұл жолы зерттеушілер рецидивистік қылмыстылықты өлшеудің өлшем ретінде қайта қамауға алу, қайта сотталу, үкім шыққанға дейін қайта қамауға алу және режимді бұзғаны үшін мерзімін бұрын шартты түрде босап шығу құқығынан айыру алынған. Зерттеудің нәтижесінде сотталғандармен кездесуге келетіндердің арасындағы қарым қатынастың ықпалы анықталған, атап айтқанда әлеуметтік қызметкердің сотталғанмен кездесуі оның қайта қылмыс жасау тәуекелділігін 29 пайызға төмендеткен, діни қызметкермен кездесуі 24 пайызға, жұбайлар жағынан туысқандарымен кездесуі 21 пайызға, ағасымен немесе апасымен кездесуі 10 пайызға, басқа туысқандарымен кездесуі 9 пайызға, досымен кездесуі 7 пайызға төмендеткен. Туысқандарымен кездесуі режимді бұзғаны үшін мерзімін бұрын шартты түрде босап шығу құқығынан айыру тәуекелділігін төмендеткен. Ал бұрынға жұбайымен кездесу керісінше аталған екі өлшем бойынша тәуекелділікті жоғарылатқан [108]. Байқап отырғанымыздай, бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасауының алдын алуда олардың жазаны өтеу кезінде туған туысқандарымен, жолдастарымен қарым қатынаста болуы маңызды роль атқарады.

ҚР ҚАК-де бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың өзінің бұрынғы үйреншікті ортасымен әлеуметтік-пайдалы байланысты үзбеуге мүмкіндік беретін бірқатар іс-шаралар белгіленген. Атап айтқанда

- кездесулер (ҚР ҚАК нің 106-бабы);
- хат алмасу (ҚР ҚАК нің 108-бабы);
- телефон арқылы сөйлесу (ҚР ҚАК-нің 109-бабы) [35].

Сонымен қатар бұл аталған іс-шараларды ұйымдастыру Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Аталған іс-шаралардың саны бас бостандығынан айыру мекемесінің түріне және онда қолданылатын жазаны өтеу жағдайларына қарай анықталады.

Кесте 26 – Бас бостандығынан айыру мекемелеріндегі сотталғандардың кездесулер саны

| Орташа қауіпсіз мекемелер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Дағдылы | Жеңілдетілген | Жеңілдікті | Қатаң |
| Кездесулер ұзақтығы | Ұзақ мерзімді | 2 | 6 | 12 | - |
| | Қысқа мерзімді | 6 | 6 | 12 | 3 |
| Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер | | | | | |
| Кездесулер ұзақтығы | Ұзақ мерзімді | 1 | 4 | 6 | - |
| | Қысқа мерзімді | 4 | 4 | 6 | 3 |
| Төтенше қауіпсіз мекемелер | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кездесулер ұзақтығы | Ұзақ мерзімді | 1 | 2 | - | - |
| | Қысқа мерзімді | 3 | 3 | - | 2 |

Сотталғандарға ұзақ мерзімді кездесуге рұқсат берілген тұлғалардың шеңбері шектеулі болып табылады, ондай тұлғалардың қатарында жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, сотталғанмен ортақ балалары бар, некеде тұрмайтын тұлғалар қарастырылған. Ал қысқа мерзімде кездесуде мұндай шектеулер қарастырылмаған, яғни аталған тұлғалармен қатар өзгеде тұлғалармен сотталғандар кездесе алады. Кездесу ұзақтығына тоқталатын болсақ, ұзақ мерзімді кездесудің ұзақтығы екі тәулікті құрайды, сондай ақ сотталған үшінші оң мінез құлықты дәрежеге ие болатын болса, үш тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін, ал қысқа мерзімді кездесудің ұзақтығы екі сағатты құрайды. Заңшығарушы кездесулердің ұзақтылығын белгілеуде «сараңдық» танытты, өйткені 1997 жылғы Қылмыстық атқару заңнамасында қысқа мерзімді кездесулердің ұзақтығы екі сағаттан төрт сағатқа дейін, ал ұзақ мерзімді кездесулердің ұзақтығы бір тәуліктен үш тәулікке дейін болатын [109].

Кездесулердің жоғарыда аталған жағымды ықпалдарын ескере отырып, қысқа мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш сағатқа дейін, ал ұзақ мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш тәулікке дейін ұзарту ұсынылады.

Қатаң жағдайда, тәртіптік оқшаулағыштарда, жалғыз адамдық камерада жазасын өтеуші сотталғандардан басқа сотталғандардың телефонмен сөйлесу санына шектеу қойылмаған, тек телефонмен сөйлесу ұзақтығы 15 минуттан аспауы қажет. Ал қатаң жағдайда, тәртіптік оқшаулағыштарда, жалғыз адамдық камерада жазасын өтеуші сотталғандарға ерекше жағдайларда телефонмен сөйлесу құқығы беріледі:

- сотталғанның жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған жағдайда немесе олардың өміріне қатер төндіретіндей қатты науқастанғанда;
- сотталғанның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған және өзге де айрықша жеке мән жайлар орын алған жағдайларды.

Ал сотталғанға жұбайын (зайыбына) немесе туыстарына хат жіберуге немесе олардан хат алуына шек қойылмаған. Алайда сотталғанның бұл құқығын шектейтін ереже де қарастырылған. Атап айтқанда ҚР ҚАК-нің 108-бабының 3-тармағына сәйкес сотталған жұбайы (зайыбы) немесе туыстары болып табылмайтын, түзеу мекемесіндегі сотталғандармен хат алмасу тек сәйкес органдардың рұқсатымен ғана жүзеге асырылуы мүмкін [35].

Бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандарды түзеу мекемелеріне орналастыру кезінде басшылыққа алынатын негіздердің бірі түзеу мекемесі олардың отбасы орналасқан елді-мекенге мүмкіндігінше жақын болу тиіс. Алайда кейбір жағдайларда бұл ереже сақтала бермейді, атап айтқанда сотталғанның отбасы тұратын елді-мекенге жақын орналасқан сәйкес түзеу мекемелері бола бермейді, сондықтан сот сотталғанды отбасы тұратын елді-мекендерден алыс жердегі түзеу мекемелеріне орналастыруға мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде сотталғанның отбасы мүшелеріне, туысқандарына онымен жүзбе жүз кездесуіне кейбір кедергілер туындатуы мүмкін (жолға кететін қаражаттың болмауы, алыс жол жүруге денсаулық жағдайының болмауы және

т.б.). Осындай жағдайда қазіргі заманауи бейне байланыс құралдары сотталғандарға қашықтықтан отбасымен, туған туысқандарымен, достарымен виртуалды байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бұл кездесу нысанының тиімділігі кездесудің жүзбе жүз нысанымен бірдей және оның да сотталғанның сыртқы ортамен әлеуметтік байланыстарын нығайтудағы, қылмыстардың қайта жасалуының алдын алудағы ролі өте жоғары. Сондай ақ жазасын өтеп жатқан шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін кездесудің аталған нысаны өте ыңғайлы болып табылады.

Американдық ғалымдар зерттеулер жүргізіп, бейне байланыстың көмегімен сотталғандармен ұйымдастырылған кездесулердің олармен рецидивтілік қылмыстылықтың жасалау тәуекелдігін төмендететіндігін дәлелдеп шыққан [110]. Осының негізінде «Video Visitation» атты бағдарлама жүзеге асырылуда. Бағдарламаның шегінде сотталғандармен отбасы мүшелерінің, туысқандарының арасында бейнеконференциялар ұйымдастырылуда, сондай-ақ сотталғанның отбасы мүшелерінде, туысқандарында бейне конференцияларға қатысуға мүмкіндік болмаса, видеограмма - смартфонға жазылған отыз секундтық видеоны сотталғанға электронды түрде жіберуге мүмкіндік берілген [111].

Қазақстандық тәжірибеде бейне байланыс құралдарын пайдалана отырып, сотталғандарға виртуалды кездесу ұйымдастыру мәселесі алға қойылған. ҚР ҚАК-нің 106-бабында бейне байланыс құралдарын пайдалана отырып, кездесу ұйымдастыру туралы ережелер орын алмаған. Ал Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 76-тармағында бейнекездесулер сотталғанның келісімімен және тек қысқа мерзімді кездесулерге қатысты ғана қолданылатындығы белгіленген. Осы жерде сұрақ туындайды: қылмыстық жазаларды орындау мен өтеу тәртібін белгілейтін негізгі заңда кездесудің бейне байланыс нысанында өткізу туралы ереженің орын алмағандығына қарамастан, заңға сәйкес нормативтік құқықтық актіде кездесудің аталған нысанының қарастырылуы қаншалықты дұрыс. Осыған байланысты бейне байланыс көмегімен кездесудің ұйымдастыру мәселесі қолданыстағы қылмыстық атқару заңнамасында қарастыру қажет деп санаймыз және ҚР ҚАК-нің 106-бабының 2-тармағында «қысқа мерзімді кездесу әдеттегі (жүзбе жүз) нысанмен қатар бейне байланыс нысанында ұйымдастырылуы мүмкін» деген ереже қарастырылуы қажет.

Сонымен қатар телефон арқылы сөйлесу бейнебайланыс құралдарын қолдана отырып, ұйымдастырылу мүмкіндігі де қарастырылған, атап айтқанда Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 101-102-тармақтарында орын алған. Ал ҚР ҚАК-нің 109-бабының 1-тармағында телекоммуникация құралдарын қолдану мәселесі ғана қарастырылған. Бұл жерде «телекоммункация» ұғымының орнына «бейнебайланыс» ұғымын пайдаланған орынды:

- «бейнебайланыс» ұғымы «телекомуникация» ұғымына қатысты жинақтаушы ұғым болып табылады және «телекомуникация» ұғымын қамтиды/ [112].

- заңнамадағы ұғымдарды пайдаланудың бірізділігі сақталатын болады.

Сонымен қатар «телефон» ұғымының жанында «бейнебайланыс» ұғымын қоса пайдаланған жөн, атап айтқанда «телефон (бейнебайланыс)», осы жағдайда ғана телефон арқылы сөйлесу тәртібі бейнебайланыс арқылы сөйлесуге де қолданылатын болады. Мысалы, Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 103-тармағындағы ереженің мағынасынан, телефон арқылы сотталғандарға сөйлесуге тыйым салынса, бейнебайланыс арқылы сөйлесуге тыйым салынбайды деген пікір қалыптасуы мүмкін, сондықтан бұл жердеде «телефон» ұғымының қасында «бейнебайланыс» қоса пайдаланған орынды.

Сондай-ақ сотталғандарға электронды, бейнежазба түріндегі хаттар жіберуге мүмкіндік берілуі тиіс. Мұндай тәжірибе шет мемлекеттерде кеңінен қолданылуда. ҚР ҚАК-нің 108-бабынның 1-3-тармақтарында, Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 64-67-тармақтарында сотталғандармен хат алмасуға қатысты ережелер қарастырылған. Бірақ аталған ережелерде хаттарды жоғарыда аталған нысандарда жіберу мүмкіндігі қарастырылмаған, сондықтан сотталғандармен хат алмасу жүйесін жетілдіру мақсатында электронды, бейнежазба түріндегі хаттар жіберуге немесе алуға мүмкіндік бере отырып, ҚР ҚАК-нің 108-бабынның 1-тармағын «Хаттарды жазбаша, электронды хабарлама, бейнехабарлама нысанында жіберуге жол беріледі» деген ережемен толықтыру қажет деп санаймыз.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанның отбасымен, туған-туысқандарымен арасындағы қарым-қатынастың үзілмеуі аталған іс-шаралармен, олардың дұрыс ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде ондай сотталғандармен болашақта қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау мүмкіндігін төмендетеді.

Сотталғандардың ар-ождан және діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету олармен қылмыстық құқық бұзушылықты қайта жасау тәуекелділігін төмендетуге ықпалы жоғары болып табылады. Сотталғандардың рухани сауатты болуы – олардың өмірлік көзқарастарының түзелуіне әлде қайда септігін тигізері анық. Рухани іс-шаралардың қылмыстық құқық бұзушылықтар профилактикасында маңызды орын алатындығын ескерген жөн және олардың басқа іс-шаралар сияқты тиімділігі жоғары болып келеді. Діннің көмегімен адамгершілік құндылықтар жүйесін, жағымды дәстүрлерді қалыптастыруға, күйзелістік жағдайлардан шығуға, қоғамда жасауға жол берілгендердің шекарасын анықтауға мүмкіндік аламыз. Діндегі орын алатын тыйымдардың салдарынан дін жолындағы тұлғалармен қоғамға жат іс-әрекеттер, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар сирек жасалады. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаған сотталғандарға өзінің жасаған қылмыстық іс-әрекеттеріне деген көзқарасын өзгертуге, оны жасағанына өкінуіне және болашақта ондай іс-әрекеттерді жасаудан аулақ жүруіне көмектеседі.

Жазасын өтеушілердің қылмыстылығының алдын алу шараларының тиімді тәсілдерінің бірі – сотталушылардың діни сауаттылықтарын арттырып, дұрыс ақпарат беру болып табылады. Білікті дін қызметкерлерінің дұрыс уағызы,

рухани азық беруі сотталушылардың қатыгез мінез-құлқын түзеуге, істеген қылмысына өкінетіндей рухани тұрғыда сауатын ашу сияқты іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Жазасын өтеу мекемелерінде орыналатын төбелес, жанжалдарды әділ шешу үшін алдымен, мешіт-медреселерден дін қызметкерлері мен имамдарды уағыз айтуға, дәріс оқуға тарту тиімді болар еді. Діни қызметкерлердің кәсіби білікті, діни тұрғыда дұрыс уағыз насихаттауы, сотталушылармен тіл табыса білуі және психологиялық тұрғыда дайын маман болуымаңызды. Қылмыстық атқару саласында діни бағыттағы жұмыстар – жаңашылдық [113].

Біріккен Ұлттар Ұйымының қамаудағылармен қарым қатынастың төменгі стандарттық ережелерінің (Нельсон Манделла ережелерінің) 66-тармағында [114], ҚР ҚАК-нің 13-бабының 1-тармағында сотталғандарға аталған құқығына кепілдік берілген. Осыған байланысты аталған құқықтардың жүзеге асуын қамтамасыз етуге қатысты ережелер аталған баптың 4-5-тармақтарында белгіленген, атап айтқанда сотталғандардың немесе олардың туыстарының өтініші бойынша діни салт ғұрыптарды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіпте тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылуы мүмкін және жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі діни жораларды орындау үшін сотталғандарға жағдай жасалатындығы белгіленген [35]. Алайда іс жүзінде сотталғандардың мұндай құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасалмаған, атап айтқанда түзеу мекемелеріндегі діни жораларды жүзеге асыруға арналған бөлмелер жабылған. Түзеу мекемелерінде сотталғандар арасындағы діни экстремизмнің таралуына жол бермеу мақсатында және 2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының қабылдауынымен [115] аталған мекемелерде діни жораларды жүзеге асыруға арналған орындар жабылды.

«Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындау үшін жағдайлар жасау жөніндегі» нұсқаулықтағы жаңа ережелер бойынша сотталғандар діни жораларын өзінің ұйықтайтын орнының жанында және мекеменің күн тәртібінде белгіленген жеке уақытында жүзеге асыра алады [116]. Бұл жаңа ереже бойынша діни жораларды жүзеге асыру әрдайым мүмкін бола бермейді: басқа сотталғандардың тұрмыс тіршілігіне кедергі келтіруі, ішкі тәртіппен белгіленген бос жеке уақытына діни жораларын жүргізу уақытының сәйкес келмеуі және т.б.

Сонымен қатар дін өкілдерінің сотталғандармен жиі кездесуіне мүмкіндіктер жасалуы қажет. Н. Манделла ержелерінің 65-тармағында бас бостандығынан айыру мекемелерінде бір діни сенімдегі сотталғандардың саны жеткілікті болса, тұрақты негізде білікті дін қызметкерін тағайындауды ұсынған. Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, сотталғандардың діни қызметкермен кездесуі олардың қайта қылмыс жасау тәуекелділігін 29 пайызға төмендеткен [117].

Сотталғандардың діни қажеттіліктерін қамтамасыз ету мәселелері ғылыми әдебиеттерде де қарастырылады. Мәселен, С.В. Максимовтың пікірінше, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың діни сенім бостандығын

іске асыру мақсатында діни қызметкерлермен өзара іс-қимылдың нақты тәртібі белгіленуі тиіс. Бұл ретте мекеме әкімшілігі діни қызметкерлердің келу кестесін, өткізілетін іс-шаралар мен діни жоралардың түрлерін алдын ала айқындайды, ал сотталғандар діни қызметкерлермен кездесуге жазбаша өтініш арқылы қол жеткізеді. Мұндай тәсіл сотталғандардың құқықтарын қамтамасыз етумен қатар, мекеме ішіндегі тәртіпті сақтауға мүмкіндік береді [118, 26 б.].

Сонымен бірге қазіргі таңда мемлекет тарапынан қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандарды теологиялық оңалту бойынша жұмыстар жүзеге асуда. Осы жұмыстарды діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара бірлесе отырып жүзеге асыру көзделген.

Діни қызметкерлердің сотталғандардың жат діни ағымдарға бет бұруына, олардың арасында діни экстремизім мен терроризм иделогиясының тарауына тосқауыл болуда, оларды радикалды көзқарастардан арылту бойынша жүргізілетін жұмыстарда, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалуына жол бермеуде маңызды орын алады.

Жалпы, діннің теріс талқылануы және әсері діни пиғылды ұстанушылар санының өсуі қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде 2007- 2008 жылдан бастап сезіле бастады. Ал одан кейінгі елді шулатқан оқиғалар теологияның өзектілігін айшықтай түскен. 2009-2012 жылдары бас бостандығынан айыру орындарында діни теріс көзқарастағы тәртіпсіздіктер жиіледі. Соның ең бір ушыққан шағы 2010 жылы Маңғыстау облысындағы ГМ-172/1 түзеу мекемесінен 21 жазасын өтеушінің қаруланып, қашып кету оқиғасы. Тергеу іс-шаралары бұл әрекетті діни теріс жолдағы сотталғандардың қылмыстық субмәдениетті ұстанушы топ пен олардың бостандықтағы сыбайластарымен бірге жоспарлап жасағанын анықтады. Жоғары да айтылғандарды зерделей келе, пенитенциарлық мекемелердегі қылмыстылық себептері шығу тікелей әлеуметтік сипатқа ие. Сотталғандардың қасақана ауыр қылмыс жасауына әлеуметтік орта мен сотталушының жеке тұлғалық қасиеттерінің объективті және субъективті факторлары тікелей әсер етеді. Түрмеде отырғандарға діни уағыздарды онлайн формата оқыту қолға алынса құба – құп болар еді. Имамдар мен теологтармен онлайн жүйе арқылы сабақ алып, дәріс тыңдауына мүмкіндік жасайтын жоба қажет. Әлемдік тәжірибе радикалды идеялардың таралу қаупі дәл осы абақтыларда жоғары екенін зерттелген. Ал, Қарағанды облысында 2016 жылы терророға қатысты қылмыспен 15 адам сотталған. «Әрбір түзету мекемеде экстремизммен сотталған адамдар бар. Жалпы сотталғандардың арасында басқа ағымға түскен кісілер болуы мүмкін. Сол біздің насихатымыз дұрыс жолға соларға қою. Экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс жасау» [119] негізде қызметкерлер штатында жұмыс атқаратын теологтармен қатар дін қызметкерлерін қарастыру қажетті.

Қылмыстың алдын алу және оның профилактикасы әрқашан ең күрделі міндеттердің бірі болып табылады. Қылмыстылықпен күрестің ең тиімді тәсілдерінің бірі – тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру болып табылады. Тәрбиелік жұмыс инновациялық тәсілдерді қолдануға негізделуі тиіс. Бұл өз кезегінде қылмыстың алдын алу мақсатында діни конфессиялардың мүмкіндіктерін

пайдалану, әрбір сотталған тұлғаға жеке көзқарас қалыптастыру, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ жалпы білім беру және зияткерлік дамуын қамтамасыз етуді қамтиды [120, 280 б.].

Жоғарыдағы аталғандарға байланысты түзеу мекемелерінде тұрақты негізде қызметкерлер штатында жұмыс атқаратын теологтармен қатар дін қызметкерлерін қарастыру қажетті.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың арасындағы орын алатын шиеліністерді шешу жолдарының бірі ретінде «түрме медиациясы» қарастырылған. «Медиация» ұғымы қазақстандық тәжірибе үшін жат емес. 2011 жылы әртүрлі құқықтық қатынастардан туындайтын дау жанжалдарды шешудің тетігі ретінде медиация рәсімін реттейтін «Медиация туралы» Заң қабылданды. Осы Заңның 1-бабында медиациялық рәсім қолданылатын салалар бекітілген болатын: жеке және (немесе) заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексінің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар [121]. Алайда бұл жерде бас бостандығынан айыру жазасын өтеу және орындау кезінде орын алатын қатынастарға қатысты, оның ішінде сотталғандар арасындағы шиеленістерді шешуге қатысты қолдану мәселесі қарастырылмаған.

Шетелдік тәжірибеде бас бостандығынан айыру жазасын сотталғандардың арасындағы шиеленістерді шешуде медиациялық тәсілдерді кеңінен қолдануда. Бұл тәсілді қолдану бойынша әртүрлі бағдарламалар қабылданған және олар сәтті жүзеге асырылуда. Мысал ретінде Ирландиялық тәжірибені келтіруге болады. 2016 жылы Ирландияның Каслри түрмесінде «түрмедегі өзара медиация» бағдарламасы жүзеге асырылды [122]. Ол 6 апталық бағдарлама бойынша жанжалға қатысты мәселелер зерделенді. Кейін қатысушылардың және өзгеде мүдделі тұлғалардың сұрауы бойынша аталған бағдарламаның екінші бөлігі жасалып, жүзеге асырылды. Олда 6 аптаға созылды және онда сотталғандар арасындағы жанжалды тиімді шешетін сотталғандардың тобын қалыптастыру мақсатында медиациялық дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстар жүзеге асырылды. Нәтижесінде бағдарламаның бірінші және екінші бөлімдерін сәтті аяқтаған бірнеше сотталған тарапынан медиатор ретінде аккредитациядан өтуге өтініш жасалады. Одан кейінде аталған бағдарлама бас бостандығынан айыру орындарында сәтті жүзеге асырылды, нәтижесінде 8 сотталған Ирландияның медиаторлар институтының аккредитацияланған бағдарламасы бойынша медиатор атанды. Бұл бағдарлама Ирландияның басқа да бас бостандығынан айыру мекемелерінде сәтті жүзеге асырыла бастады.

Сондықтан қазақстандық тәжірибеде сотталғандардың арасында орын алатын жанжалдарды шешуге медиация тәсілдерін қолдану өте орынды болар

еді. Ол үшін ең алдымен осы бағытта түзеу мекемелерінің қызметкерлерін дайындау қажетті және сотталғандардың арасында жанжалдың алдын алу бойынша арнайы бағдарламалар дайындалып, олар бойынша сотталғандарға түсіндіру жұмыстары жүргізілу қажет.

Түзеу мекемелеріндегі қадағалауды, режимді және күзетті дұрыс қамтамасыз ету арқылы сотталғандармен жасалынуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға болады. Ал оларды жүзеге асыруда инженерлік-техникалық құралдар қолданылады. ҚР ҚАК-нің 99-бабының 1-тармағында ондай құралдардың қатарына бейнебақылау жүйелерін, электрондық және т.б. жатқызған және олардың нақты түрлері 2017 жылдың 27 қыркүйегіндегі ҚР Ішкі істер министрінің «Қылмыстық-атқару мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарын пайдалану қағидаларымен анықталады.

Заманауи техникалық құралдар сотталғандардың, қызметкерлердің және бас бостандығынан айыру орындарына келушілердің жеке бастарының қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [123, 215 б.].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, түзеу мекемелерінің барлығы бейнебақылау камераларымен қамтылған және олардың көмегімен сотталғандар және өзгеде тұлғалар тарапынан жасалған әртүрлі құқық бұзушылықтар анықталуда, сонымен қатар олардың алдын алу жүзеге асуда.

Сотталған оған қатысты бақылаудың жүргізіліп жатқандығын білген жағдайда, олар толық еркіндік сезімін жоғалта бастайды, ал бұл өз кезегінде өз өзіне қол жұмсау, жыныстық зорлық-зомбылықты, кемсітуді және ұрып-соғуды қысқаруына ықпал ету тиіс. Аталған жүйе сотталғандардың, қызметкерлердің және бас бостандығынан айыру орнына келушілердің жеке басының қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [123, 120 б.].

Түзеу мекемелерінің аумағына тыйым салынған заттарды заңсыз кіргізуге тосқауыл қою арқылы сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаудың алдын алуға болады. Осындай тыйым салынған заттарды түзеу мекемесінің аумағына заңсыз кіргізуге жол бермеу үшін жауапты мекеме қызметкерлеріне бірқатар құзыреттер берілген, атап айтқанда ҚР ҚАК-нің 98-бабына сәйкес мекеменің аумағындағы және режимдік талаптар орнатылған оған іргелес аумақтардағы тұлғаларға, олардың заттарына, көлік құралдарына жете тексеруге құқылы және тыйым салынған заттар табылғанда, оларды алып қоюға құқылы; мекемеге келген тұлғаларға және заттарына тінту жүргізуге және олардан тыйым салынған заттарды алып қоюға құқылы; сотталғандардың заттары мен киімдерін, олардың үй жайларын жете тексеруге және тінтуге құқылы [35]. Сонымен қатар ҚР ӘҚТК-нің 804-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама толтыруға құқылы [ 124].

Мұндай тыйым салынған заттардың тізімі нақтыланбаған, тек қана рұқсат етілген заттардың тізімі белгіленген. Атап айтқанда Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 8-қосымшасында рұқсат етілген заттардың тізімі белгіленген және ондай заттардың 27 санаты қарастырылған. Осы белгіленген тізімге кірмейтін қалған заттардың барлығын тыйым салынған

заттар ретінде танимыз. Басқа мемлекеттерде тыйым салынған заттардың тізімі нақтыланған және бізде рұқсат етілген заттарға ол мемлекеттерде керісінше тыйым салынған. Барлық мемлекеттерде тыйым салынған заттардың қатарында ұялы телефондар қарастырылған.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандармен ең жиі жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бұл меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар болып табылады. Аталған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтың көрсеткіші ең жоғары болып табылады. Сотталғандармен алаяқтық қылмыстардың көпшілігі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалуда, сондай-ақ ұялы телефондардың көмегімен түзеу мекемесінің дұрыс жұмыс істеуіне қауіп төндіретін өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалуы мүмкін.

Сонымен қатар сотталғандарға жиі әкелінетін тыйым салынған заттардың қатарында ұялы телефондардан басқа, есірткі заттар, алкоголь, ақша бар және аталған тыйым салынған заттарды заңсыз кіргізу көрсеткіші жыл сайын өсуде. Осындай заттарды заңсыз кіргізгені үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген. Оның ішінде есірткі заттарды кіргізгені үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған, ал қалған тыйым салынған заттарға қатысты әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Кеңестік Қазақстан кезеңінде тыйым салынған заттарды түзеу мемкемелеріне кіргізу қылмыстық іс әрекет ретінде қарастырылған болатын. Қазақ ССР Қылмыстық заңнамасында 1987 жылғы 30 қазандағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес еңбекпен түзеу мекемелеріндегі, тергеу оқшаулағыштарындағы, еңбекпен тәрбиелеу профилакторияларындағы ұсталатын тұлғаларға алкогольдік ішімдіктерді, масайтатын ықпалы бар дәрілерді немесе заттарды және өзгеде тыйым салынған заттарды жете тексеруден жасыра отырып бергені немесе кез келген жолмен беруге оқталғандығы заңсыз бергендігі үшін қылмыстық жауаптылық белгілейтін ереже орын алған [125].

Шетелдік тәжірибеде тізімдегі тыйым салынған заттарды кіргізгені үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген (мысалы, Ұлыбритания, Франция), ал бірқатар мемлекеттерде (мысалы, АҚШ, Ресей, Қырғызстан) ұялы телефондарды бас бостандығынан айыру орындарына заңсыз кіргізгені үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған, сондай-ақ АҚШ-да сотталғандар ұялы телефон сақтағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады, ал түрме қызметкері кіргізген тыйым салынған заттардың түріне қарай қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Ресейлік және қырғызстандық тәжірибеде қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде немесе тергеу оқшаулағыштарында ұсталатын тұлғаларға мобильдік және өзегеде байланыс құралдарын бергені немесе беруге оқталғандығы үшін бұрын әкімшілік құқықтық жауаптылыққа тартылған тұлға осы әрекетін қайталайтын болса, бас бостандығын айыру жазасын тағайындау арқылы қылмыстық жауаптылыққа тарту қарастырылған [126; 127].

Қазақстанда аталған іс-әрекеттер үшін тек қана әкімшілік жауаптылық қана көзделген және оны жасағаны үшін ескерту не тәркілеу, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл жазасы қарастырылған (ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабының 1-тармағы) [124]. Осы бапта тыйым салынған заттардың қатарында тамақ өнімдері қарастырылған. Бұл қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасының және Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының ережелеріне қайшы келеді, себепі бұл нормативтік құқықтық актілерде сотталғандардың өздерінде болуға, сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекемелердің дүкендерінен немесе электрондық сауда алаңынан сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізімінде тамақ өнімдері белгіленген. Сондықтан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабында белгіленген тыйым салынған заттар қатарынан тамақ өнімдері алып тастау қажетті.

Сондай-ақ ұялы телефондардың және оның жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы компоненттерін түзеу мекемелеріне заңсыз кіргізу фактілерінің жыл сайын көбеюіне байланысты аталған қылмыстық іс әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық енгізу қажет деп санаймыз. Дәлірек айтсақ, қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы жаңа 428-2-бап енгізген орынды деп санаймыз:

«**428-2-бап. Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін заңсыз кіргізу**

Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін кез келген жолмен заңсыз кіргізу немесе заңсыз кіргізуге оқталу – екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Алдыңғы тараушада айтып кеткеніміздей, тыйым салынған заттарды түзеу мекемелерінің аумағына заңсыз кіргізуде құқық бұзушылар ұшқышсыз ұшатын құрылғылардың (дрондардың) көмегін пайдалануда.

Аталған мақсатта ұшқышсыз ұшатын құрылғылардың заңсыз қолдануға қарсы тұру мәселесін қарастыратын арнайы нормативтік құқықтық актілер (арнайы нұсқаулықтар) жоқ. Тек ҚР ҚАК-нің 99-бабына 2025 жылдың 16 шілдесінде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес түзеу мекемелірінің аумақтарының үстінен және оларға іргелес аумақтардың үстінен аталған құрылғылардың заңсыз ұшуының жол кесу мақсатында инженерлік техникалық құралдарды қолданудың құқықтық негіздері белгіленген [128] және 2025 жылдың 30 сәуіріндегі ҚР Ішкі істер министрінің «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарын пилотсыз ұшу апараттарын жоюдың техникалық құралдарымен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы» Бұйрығында қылмыстық атқару жүйесінің әрбір мекемесіне берілетін аталған апараттарды бейтараптандырудың техникалық құралдарының нормасы (әр мекемеге 2 құралдан) белгіленді [129]. Аталған апараттарды бейтараптандырудың

техникалық құралдарының қатарында арнайы құралдар қолданылуда.

Ал осындай апараттарды заңсыз пайдаланғандығы үшін жауаптылық белгілейтін ережелер тек Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңның 563-бабының 3-тармағында белгіленген, оған сәйкес әуе кемелерінің әуе кеңістігін пайдалану режимдерін сақтамаған жағдайда жеке тұлғалар үшін 10, ал лауазымды тұлғалар үшін 25 айлық көрсеткіш мөлшерінде айыппұл тағайындалуы мүмкін.

Сотталғандардың, мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамсыз ету, сотталғандар тарапынан жасалынуы мүмкін теріс іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында қазіргі заманауи техникалық құралдар мен технологияларды қолдану алға қойылған. Соның бір мысалы, барлық түзеу мекемелерін, тергеу оқшаулағыштарын, арнайы ұстау орындарын бейне бақылау жүйесімен қамтамасыз ету үрдісі соңғы жылдары орын алуда және осындай іс-шараның нәтижесінде аталған сотталғандар тарапынан, мекеме қызметкерлері тарапынан жасалынатын әртүрлі құқық бұзушылықтардың деңгейінің төмендегендігі туралы, сотталғандар тарапынан орын алатын өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің азайғандығы туралы ресми ақпараттар тарауда.

Алайда бұл аталған іс-шаралар әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Қазіргі кезде шетелдік тәжірибеде «смарт түрме» жобалары жүзеге асуда.

Ұлыбританиядағы Альткорс түрмесі смарт бейне бақылау технологиясын адамдармен және дрондармен әкелінетін тыйым салынған заттар контрабандасын анықтау үшін қолдануда. Ал Пик түрмесінде бейне талдау жүзеге асыратын он екі құрылғы пайдаланылуда және олардың көмегімен мекемеда орын алған кез келген жат жүріс-тұрыстарды анықтайды [130].

Гонконг түрмелерінде арнайы роботтар сотталғандардың үлкен дәретқалдықтарын талдау арқылы есірткі сияқты тыйым салынған заттарды анықтауға қолданылуда [130].

Оңтүстік Кореяда сотталғандар арасындағы зорлық зомбылықты және өз өзіне қол жұмсау тәуекелділігіне мониторинг жүргізуде роботтар қолданылуда, олар күзет қызметкерлерінің жүктемесін төмендетуге көмектесуде [131, 131 б.].

АҚШ-та сотталғандардың телефон арқылы әңгімелеріне жаппай мониторинг жүргізетін және талдайтын жасанды интеллектпен үйлестірілген аудиобақылау жүйелеріде қолданылуда. Бұл жүйе сөйлеуді тану, семантикалық талдауды және түрмеге есірткі контрабандасы, қылмыстарды жоспарлау сияқты және өзге де құқыққа қайшы әрекеттер туралы ақпараттары бар қауіптерден тұратын күдікті қоңырауларды көрсететін сөздерді іздеуге арналған бағадарламаларды пайдаланады [131, 136 б.].

Сингапурда «ақылды ұлт» тұжырымдамасы шегінде «күзетсіз түрме» жобасын жүзеге асыруда, онда жасанды интеллект негізіндегі технологиялардың көмегімен күзет жүзеге асырылады және ол түрме қызмтекерлеріне қамаудағыларды оңалтуға көбірек уақыт пен күш жұмсауға мүмкіндік береді [132].

Мұндай технологияларды қолдану бойынша халықаралық ұйымдардың стандарттық ережелері қалыптасуда. Атап айтқанда Европа Кеңесінің

министрлер Комитеті түрме қызметтері мен пробация қызметтерінің жасанды интеллект және онымен байланысты сандық технологияларды пайдалану бойынша Ұсынымдарында аталған технологияларды құқық бұзушыларды оңалтуға ықпал ететін жағдайда ғана заңды және пропорциональды түрде қолдану қажеттігі туралы ұсыныс жасалды. Сонымен қатар түрме және пробация қызметінің қызметкерлерін күнделікті өмірде және олардың құқық бұзушыларымен қарым қатынасында ондай технологиялармен алмастыруға жол берілмейтіндігін белгіленді. Аталған технологиялар қылмыстық жазаларды және өзгеде шараларды орындау бойынша, құқық бұзушыларды оңалту мен қайта әлеуметтендіру жұмыстарын күшейту, рецидивизмді қысқарту бойынша қылмыстық атқару жүйесіне көмектесуі қажет  [133].

2024 жылдың 17 мамырындағы Европа Кеңесінің жасанды интеллект және адам құқықтары, демократия мен құқықтың өктемдігі туралы негіздемелік Конвенциясында жасанды интеллектті қолданудың этикалық жағына қатысты қағидалар бекітілді: жасанды интеллектті қолдану кезінде адамның ар ожданы мен жеке бостандығы, жеке тұлғалардың жеке басына қатысты ақпараттардың құпиялылығы қорғалуы тиіс [134]. Әрине бұл Ұсынымдармен келісуге болады, себепі жасынды интеллект негізіндегі технологиялар сотталғандарды оңалту мен оларды қайта әлеуметке қосуда адамды алмастыра алмайды.

Жасанды интеллект бұл қоршаған ортаны талдай алатын, ойлана алатын, білім алуға және өз бетімен шешім қабылдауға қабілетті интеллектуалды жүйе [135]. Жасанды интеллекттің алатын білімнің қайнар көзі ретінде Ғаламтор жүйесі, сыртқы датчиктер, «ғаламтор заттары» жасанды интеллекттің  жадына құрылғы операторымен енгізілетін ақпараттар бола алады [136, 62 б.].

Сотталғанды қайта оңалту және қайта әлеуметке қосу бойынша жасалатын жеке бағдарламаларды жасанды интеллект көмегімен жасау үшін оған қажетті сотталғанға қатысты ақпараттар қорын қалыптастыру қажетті. Ондай қор сотталғанмен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық мән-жайларын, қылмыстық құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және жазасын өтеу кезіндегі жеке басына қатысты ақпараттар, теріс әдеттері туралы, оның араласатын ортасы туралы, отбасындағы қарым-қатынасы туралы, жазасын өтеу кезіндегі жасаған құқық бұзушылықтары туралы ақпараттарды, жынысы, жасы, психикасының дамуындағы ерекшеліктер және сотталғанға қатысты т.б. ақпараттарды қамтуы тиіс.

Сотталғандардың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау ықтималдылығына баға беруде және оларға сәйкес келетін жеке оңалту бағдарламаларын, әлеуметтік-бейімдеу іс-шаралар кешенін қалыптастыру мақсатында олардың жүріс-тұрысына қатысты ақпараттарды жинау мен оларды тиімді өңдеуде аталған жасанды интеллект негізіндегі технологияларын тек көмекші құрал ретінде қолданған орынды және бұл процессте соңғы шешім жауапты қызметкерде қалуы тиіс.

**Қорытынды.** Еліміздің қазіргі экономикалық жағдайын ескере отырып, түзеу мекемелерін жекеге беру жобасын қайта қарау орынды деп санаймыз, бұл жоба арқылы сотталғандардың жұмыспен қамтылу мәселесін және камералық

ұстауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бас бостандығынан айыру орындарының инфрақұрылымдарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жаңартуға мүмкіндік аламыз. Бұл жерде мемлекеттік жекешелік әріптестігі негізінде инвесторларға түзеу мекемелерінің ғимараттарын салдыртып, салынған ғимараттарды мемлекет жалға алуы қажет және ондағы басқару құқығы әдеттегідей мемлекетте қалуы тиіс. Мұндай механизім дүние жүзілік тәжірибеде кеңінен тараған. Әрине аталған жобаға инвесторларды тарту үшін мемлекет тарапынан оларға жағдай жасалуы қажетті, атап айтқанда мемлекеттік тапсырыстарды беру, салықтан босату және т.б.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасауының алдын алуда олардың жазаны өтеу кезінде өзінің бұрынғы үйреншікті ортасымен әлеуметтік-пайдалы байланысты сақтап қалуы маңызды болып табылады. Ондай сотталғандардың отбасымен, туған-туысқандарымен арасындағы қарым-қатынастың үзілмеуі аталған іс-шаралармен, олардың дұрыс ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде аталған сотталғандармен болашақта қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау мүмкіндігін төмендетеді. Сондықтан ондай байланысты үзбеуге мүмкіндік беретін қылмыстық атқару заңнамасында қарастырылған бірқатар іс-шараларды әрі қарай жетілдіру ұсынылады:

- кездесулердің жоғарыда аталған жағымды ықпалдарын ескере отырып, қысқа мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш сағатқа дейін, ал ұзақ мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш тәулікке дейін ұзарту қажетті;
- бейнебайланыс құралдарын пайдалана отырып, кездесуді ұйымдастыруды реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру мақсатында қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасының 106-бабының 2-тармағында «қысқа мерзімді кездесу әдеттегі (жүзбе жүз) нысанмен қатар бейне байланыс нысанында ұйымдастырылуы мүмкін» деген ереже қарастырылуы қажет;
- бейнебайланыс құралдарын қолдана отырып, телефон арқылы сөйлесу тәртібін белгілейтін құқықтық нормаларды жетілдіру және қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасындағы ұғымдарды пайдаланудың бірізділігі сақтау мақсатында Қылмыстық атқару кодексінің 109-бабының 1-тармағында қарастырылған «телекоммункация» ұғымының орнына жинақтаушы ұғым болып табылатын «бейнебайланыс» ұғымын пайдаланған орынды. Сонымен қатар «телефон» ұғымының жанында «бейнебайланыс» ұғымын қоса пайдаланған жөн, атап айтқанда «телефон (бейнебайланыс)», осы жағдайда ғана телефон арқылы сөйлесу тәртібі бейнебайланыс арқылы сөйлесуге де қолданылатын болады;
- сотталғандармен хат алмасу жүйесін жетілдіру мақсатында электронды, бейнежазба түріндегі хаттар жіберуге немесе алуға мүмкіндік бере отырып, ҚР ҚАК-нің 108-бабынның 1-тармағын «Хаттарды жазбаша, электронды хабарлама, бейнехабарлама нысанында жіберуге жол беріледі» деген ережемен толықтыру қажет деп санаймыз.

Сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу шараларының тиімді

тәсілдерінің бірі – сотталғандардың діни сауаттылықтарын арттырып, дұрыс ақпарат беру болып табылады. Білікті дін қызметкерлерінің дұрыс уағызы, рухани азық беруі сотталушылардың қатыгез мінез-құлқын түзеуге, істеген қылмысына өкінетіндей рухани тұрғыда сауатын ашу сияқты іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

Діни қызметкерлердің сотталғандардың жат діни ағымдарға бет бұруына, олардың арасында діни экстремизім мен терроризм иделогиясының тарауына тосқауыл болуда, оларды радикалды көзқарастардан арылту бойынша жүргізілетін жұмыстарда, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалуына жол бермеуде маңызды орын алады.

Сотталғандардың қылмыстылығының алдын алудағы олардың діни сауаттылықтарын арттырудағы дін қызметкерлерінің маңызды ролін ескере отырып, түзеу мекемелерінде тұрақты негізде қызметкерлер штатында жұмыс атқаратын теологтармен қатар дін қызметкерлерін қарастыру қажетті.

Сотталғандардың арасында орын алатын жанжалдарды шешуге медиация тәсілдерін қолдану өте орынды болар еді. Ол үшін ең алдымен осы бағытта түзеу мекемелерінің қызметкерлерін дайындау қажетті және сотталғандардың арасында жанжалдың алдын алу бойынша арнайы бағдарламалар дайындалып, олар бойынша сотталғандарға түсіндіру жұмыстары жүргізілу қажет.

Түзеу мекемелеріндегі қадағалауды, режимді және күзетті дұрыс қамтамасыз ету арқылы сотталғандармен жасалынуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға болады. Алайда мекеме аумағына тыйым салынған заттарды, атап айтқанда ұялы телефондар мен оның жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы компоненттерін заңсыз кіргізу фактілері жиі қайталануда және ұялы телефонмен жасалатын түрлі құқық бұзушылықтардың саны көбеюде. Атап айтқанда алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны жыл сайын өсу үстінде. Сондықтан ұялы телефондардың және оның жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы компоненттерін түзеу мекемелеріне заңсыз кіргізу фактілерінің жыл сайын көбеюіне байланысты аталған қылмыстық іс әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық енгізу қажет деп санаймыз және қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы жаңа 428-2-бап енгізген орынды деп санаймыз:

«**428-2-бап. Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін заңсыз кіргізу**

Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін кез келген жолмен заңсыз кіргізу немесе заңсыз кіргізуге оқталу – екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабының 1-тармағына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын тұлғаларға сақтауға және пайдалануға тыйым

салынған тамақ өнімдерін, жете тексеруден жасырып бергендігі немесе кез келген тәсілмен беруге оқталғандығы үшін тек қана әкімшілік жауаптылық қана көзделген және осы баптағы тыйым салынған заттардың қатарында тамақ өнімдері қарастырылған. Бұл қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасының және Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының ережелеріне қайшы келеді, себепі бұл нормативтік құқықтық актілерде сотталғандардың өздерінде болуға, сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекемелердің дүкендерінен немесе электрондық сауда алаңынан сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізімінде тамақ өнімдері белгіленген. Сондықтан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабында белгіленген тыйым салынған заттар қатарынан тамақ өнімдері алып тастау қажетті.

Сотталғандардың, мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамсыз ету, сотталғандар тарапынан жасалынуы мүмкін теріс іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында қазіргі заманауи техникалық құралдар мен технологияларды қолдану алға қойылған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазіргі кезде бейнекамералар кеңінен қолданылуда. Алайда бұл аталған іс-шаралар әрі қарай жетілдіруді қажет етеді, себепі шетелдік тәжірибеде жасады интелект технологияларына негізделген «смарт түрме» жобалары жүзеге асуда. Қазақстанда да осы бағытта жұмыстарды қолға алған орынды. Атап айтқанда сотталғандардың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау ықтималдылығына баға беруде және оларға сәйкес келетін жеке оңалту бағдарламаларын, әлеуметтік-бейімдеу іс-шаралар кешенін қалыптастыру мақсатында олардың жүріс-тұрысына қатысты ақпараттарды жинау мен оларды тиімді өңдеуде аталған жасанды интеллект негізіндегі технологияларын тек көмекші құрал ретінде қолданған орынды және бұл процессте соңғы шешім жауапты қызметкерде қалуы тиіс.

## 3.2 Пробациялық бақылау жағдайындағы сотталған тұлғалар қылмыстылығының алдын алу: мәселелері мен даму бағыттары

Жоғарыда талдау көрсеткендей, қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасаған сотталғандардың басым көпшілігі бұл бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандар болып табылады.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандардың қылмыстылығын алдын алу бойынша іс-шаралардың, сондай-ақ оларды жүзеге асыратын субъектілер құрамының өзіндік ерекшеліктері болады.

Аталған санаттағы сотталғандардың қылмыстылығының алдын алуды жүзеге асыратын субъектілердің шеңбері аталған жазалар тобын орындауға қатысы бар тұлғалардың түрлерімен анықталады. Аталған жаза түрлерін орындау негізгі немесе қосымша функциясы болып табылатындығына қарай оларды екі топқа жіктеуге болады:

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлерін орындау негізгі функциясы болып табылатын органдар мен мекемелер (пробация қызметі; сот орындаушылары);

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлерін орындау қосымша функциясы болып табылатын органдар мен мекемелер (ішкі істер органдары; ҚР ҰҚК Шекара қызметі; ҚР СІМ органдары; сотталғандар жұмыс жасайтын ұйымдардың әкімшілігі; жергілікті атқару билік органдары)//.

Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлерінің және қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларының басым көпшілігін орындау пробация қызметінің үлесінде. ҚР ҚАК-нің 24-бабында пробация қызметімен орындалатын жаза түрлерінің шеңбері белгіленген: түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту; белгілі бір лауазымды атқару құқығынан немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру [35]. Сондай-ақ пробация қызметі шартты түрде сотталғандар мен жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталғандарға бақылауды жүзеге асырады. Сонымен қатар жоғарыда айтып кеткеніміздей, қайта қылмыстық құқық бұзушылықтар жасайтын сотталғандардың басым көпшілігін пробация қызметі орындайтын жаза түрлеріне сотталғандар құрайды. Мұндай жағдайдың орын алуына әртүрлі факторалр ықпал етуі мүмкін. Сондай факторлардың бірі ретінде жазаларды өтеуді және орындауды ұйымдастырудағы кемшіліктерді қарастыруға болады.

Аталған жаза түрлерін орындау және өтеу тәртібі ҚР Қылмыстық атқару заңнамасынан басқа «Пробация туралы» Заңда, Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларында [137] бекітілген.

«Пробация туралы» Заңның 1-бабының 2-тармағында қылмысты құқық бұзушылықтардың жасалуын аладын алу үшін пробацияның мақсаты қарастырылған:

- күдіктінің, айыпталушының мінез-құлқын түзеу;
- сотталғанды әлеуметке қайты қосу (ресоциализация);
- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекмесінен бостылғандарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту арқылы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жәрдемдесу [36]. Мына мәтіндегі «ресоциализация» ұғымының аудармасында қателік кеткен «әлеуметке қосу» емес «әлеуметке қайта қосу» деген мағына береді.

Осы Заңның 5-бабында пробацияның қандай нысандарда жүзеге асырылатындағы белгіленген, ондай нысандардың қатарында пробациялық бақылау және әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету сияқты нысандар орын алған.

Әлеуметтік-құқықтық көмекті көрсету шегінде жүзеге асырылатын іс шаралардың түрлері «Пробация туралы» Заңның 6-бабымен қамтылған: медициналық көмек; білім беру; белгілі бір кәсіпті меңгерудегі көмек; жұмысқа орналастыру; психологиялық қолдау; әлеуметтік төлемдер және жеңілдіктер алу. Жаңа өзгерістерге сәйкес оны жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың құзырына берілген, ал бұл бағытта пробация қызметі әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді жүзеге асыруға тек жәрдемдесіп қана қояды. Пробациялық есепте тұрғандарға қатысты аталған көмек түрлерін көрсетумен байланысты проблемалар орын алуда. Мысалы, жұмыс берушілер тарапынан міндетті әлеуметтік төлемдердің аударылмауы (пробация қызметінің мұндай төлемдердің уақтылы дұрыс аударылуын тексермеуі), жұмыс берушілер аталған санаттағы

тұлғаларға қатысты жұмыспен қамтамасыз етуде белсенділік танытпайды (жұмыс беруден бас тартады, жұмысқа алған жағдайда оларды жұмыстан шығаруға тырысады және т.б.), сондай-ақ пробациялық тіркеудегі тұлғалардың өздері әртүрлі себептерге байланысты (ондай тұлғалар көп жағдайда өзгелердің алдындағы қарызын (қойылған талапты, алименттік міндеттемелерді және т.б.) өтеуден жалтару мақсатында) жұмысқа орналасуға ниет танытпайды. Отандық нұсқадағы пробация тіркеуіндегі тұлғаларды әлеуметке қайта қосу мақсатында көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмек «ұсынбалы» нысанда болғандықтан, аталған санаттағы тұлғалар ондай көмек түрін қабылдауы да мүмкін немесе одан бас тартуы да мүмкін және көп жағдайда пробация тіркеуіндегі тұлғалар ондай көмек түрінен бас тартуда. Мұндай жағдайдың орын алуы пробация институтының тиімділігіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан бұл жерде пробация тіркеуіндегі тұлғаларға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмекті «ұсынбалы» нысанда емес «міндеттеу» нысанда қарастырған орынды деп санаймыз.

Сонымен қатар бұрын 2014 жылдың 23 қазанындағы ҚР Үкіметінің «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бектіу туралы» Қаулысының бастапқы мәтінінде пробация қызметінің әлеуметтік-құқықтық көрсету аясында осы көмек түрін алуға ниет танытқан тұлғаға қатысты жеке бағдарлама қалыптастыру бойынша құзыреті қарастырылған болатын [138]. Аталған жеке бағдарлама әлеуметтік құқықтық көмектің қандай түрінің және оның көлемін анықтау үшін қажетті ол тағайындалатын тұлғаның жеке басы мен өмірлік жағдайларына қатысты ақпараттарды: оның денсаулық жағдайына, жеке басына қатысты, білім деңгейіне, жұмыспен қамтылуына, тұрғылықты жеріне қатысты және т.б. ақпараттарды қамтыды. Жеке бағдарлама сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмекті көрсететін жергілікті атқару билік органдарына, білім беру, денсаулық сақтау және т.б. мемлекеттік органдарға жіберілетін//. Бұл жерде пробация қызметі сәйкес көмекті көрсетуді ұйымдастыратын, көмек алушымен көмек көрсетуші сәйкес мемлекеттік органдардың арасындағы қарым қатынасты үйлестіруші ретінде орын алды.

Алайда 2021 жылдың 30 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты ендіру және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен енгізліген өзгерістер мен толықтырулар [139], ҚР Үкіметінің «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бектіу туралы» Қаулысына 2022 жылдың 13 сәуіріндегі енгізілген өзгерістер мен толықтырулар нәтижесінде пробация қызметінің бақылауындағы тұлғаларға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша құзыреті жергілікті атқарушы билік органдарына берілді, сәйкесінше пробация қызметінің жеке бағдарламалар жасау құзыретіде тоқтатылды [140].

Мұндай өзгерістердің енгізілуі, сондай-ақ пробация институтының болашағына күмәнмен қарауға итермелейді.

Шетелдік тәжірибеде пробацияны қолданудағы басты мақсат пробациялық қадағалудағы тұлғаларды сынақтан өткізу, осы сынақ арқылы олардың түзелгендігін анықтау болып табылады.

Францияда пробация екі институттан тұрады: жазаны орындауды кейінге қалдырғанда және жазаны тағайындауды кейінге қалдырғанда. Жазаны кейінге қалдыру уақыты аралығанда сотталғанға моральдық және материалдық көмектер көрсетіледі. Сонымен қатар сотталғанға пробация шегінде жұмысқа орналасу, қоғамдық жұмыстарға қатысу, мамандық игеру және т.б. міндеттер жүктелуі мүмкін [141].

АҚШ-та пробация бақылауындағы тұлғаларға жәбірленушіге келтірілген шығынды өтеу [142], еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету [143, 48 б.], қамқорлығындағы тұлғаларды материалдық қаржыландыру, айыппұл төлеу, кәсіби біліктілік курстарын меңгеру, белгілі бір тұлғалармен қарым қатынас орнатпау, алкоголь және есірткі заттарды пайдаланбау, емделу, түнгі уақытта бақылауда болу, жұмыс орнының өзгергендігі туралы уақытылы хабарлау, қоғамдық түзеу үйлерінде тұру және т.б. міндеттер жүктелуі мүмкін [144].

Эстониялық тәжірибеде пробациялық бақылаудағы тұлғаларға тұрақты мекен-жай бойынша тұру және пробация қызметкерінің рұқсатысыз он бес күннен аспайтын мерзімге ол мекен-жайдан кетпеу, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы туралы есеп беру, өмір сүруіне қажетті қаражат туралы ақпараттар беру, қылмыстық іс-әрекетімен келтірілген шығынды өтеу, сотпен белгіленген мерзім ішінде жұмыс табу, жалпы білім алу немесе мамандық игеру, әлеуметтік көмек көрсету бойынша бағдарламаларға қатысу және т.б. міндеттер жүктеледі.

Аталған елдердің пробация институтын қолдану тәжірибесінде аталған міндеттерді орындамаған жағдайда пробациялық бақылау бас бостандығынан айыру жазасын алмастырылады, көп жағдайда сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын орнына сынақтан өтуді таңдайды және бас бостандығынан айрылмас үшін аталған міндеттер мен шектеулерді қабылдап, оларды орындайды. Сонымен қатар пробация қызметкерлері аталған міндеттердің орындау қадағалап қана қоймай, олардың орындалуына көмектерін береді. Мысалы, жәбірленушіге келтірілген шығынды өтеу үшін немесе қамқорлығындағы тұлғаларды бағып қағу үшін несие беретін мекемелерден несие алуға немесе жұмысқа орналастыруға көмектеседі, егер осындай жағдайдан кейін сотталған тұлға аталған міндеттерді орындаудан бас тартатын болса, ол пробациялық бақылау талаптарын сақтамаған болып танылады және пробациялық бақылау бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылады. Ал біздің тәжірибеде мұндай жағдайлардың орын алуы пробациялық бақылау талаптарын бұзу болып саналмайды және ешқандай құқықтық салдар туындатпайды. ҚР ҚАК-нің 59-бабында қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі қылмыстық жазаға сотталғандарға жүктелетін міндеттердің шеңбері белгіленген:

- жазаны өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтау;
- жергілікті атқару билік органдары ұйымдастыратын жұмыстарды орындау;
- жұмыстарды орындау кезінде белгіленген үлгідегі күртеше киіп жүру;

- тұрғылықты мекен-жайын ауыстырғандығы туралы пробация қызметіне хабарлау;

- профилактикалық әңгімелесуге тіркелу және қатысу үшін айына бір рет пробация қызметіне келу [35].

ҚР ҚАК-нің 66-бабында түзеу жұмыстарына сотталғандарға қатысты міндеттердің тізімі белгіленген:

- сотпен жүктелген міндеттерді орындау;

- пробация қызметінің талаптарын орындау;

- белгілі бір орындарға бармау;

- пробация қызметін ескертпестен тұрғылықты мекен-жайын, жұмыс орнын, оқу орнын ауыстырмау;

- пробация қызметін ескертпестен әкімшілік аумақтық бірліктің шегінен шықпау;

- онымен тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін және тіркелу үшін белгіленген күні пробация қызметіне келу;

- жеке басын куәландыратын құжатын өзімен бірге алып жүру. Байқап отырғанымыздай, жоғарыда аталған міндеттер қылмыстық-атқару заңнамасында қарастырылмаған.

Сонымен қатар аталған жаза түрлерін өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылыққа тартуға негіз болатын жағдайлардың арасында да орын алмаған (ҚР ҚАК-нің 60-, 67-баптар). Сондай-ақ соттармен шығарылған үкімдерді талдау көрсеткендей, аталған міндеттерді жүктеу орын алмаған. Бұл жерде статистикалық көрсеткіштерде аталған мәселенің қаншалықты өзекті екендігін көрсетеді: ҚР ҚК-нің 139-бабындағы балаларын күтіп бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерін орындамау, еңбекке қабілетсіз ата аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару қылмыс құрамы бойынша 2025 жылы 348 адам бас бостандығын шектеу жазасына сотталған. Сондықтан сот үкім шығарған кезде, сотталушыға қойылған талаптың бар немесе жоқтығын ескере отырып, пробациялық бақылаудағы тұлғаларға белгілі бір уақыт аралығында жұмысқа орналасу, білім алу, мамандықты игеру (белгілі бір жұмысқа орналасу үшін арнайы білім қажет болса) және қылмысымен келтірілген шығынды өтеу бойынша міндеттер жүктеу қажет. Сонымен қатар сотталушының қамақорлығында адамдардың бар немесе жоқ екендігі ескеріле отырып, аталған міндеттер оған жүктелуі тиіс.

Пробация бақылау немесе әлеуметтік құқықтық іс-шаралардың біреуіне басымдық бермей, екеуін үйлестіре отырып, жүзеге асырылуы тиіс, сотталушыға жүктелетін міндеттердің көлемі оның жасаған қылмысының ауырлық дәрежесіне қарай, оған қатысты қойылған талаптардың бар немесе жоғын, отбасының бар немесе жоғын және т.б. ескере отырып анықтау қажет.

Пробациялық қызмет есебіндегі тұлғалардың басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар болып табылады. Ал мұндай жағдай Түрмеге қамауға байланыссыз шараларға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының минималды стандарт ережелеріне (Токио ережелеріне)

қайшы келеді, себебі аталған стандарттардағы ұсыныстар бойынша пробациялық бақылау қауіпті емес қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған тұлғаларға қатысты қолданылуы тиіс [145].

Қылмыстық жаза тағайындау кезінде пробацияның бір түрі ретінде сотқа дейінгі пробацияның маңызы өте жоғары болып табылады. Алайда біздің тәжірибеде аталған пробацияның түрін қолдануда бірнеше проблемалар бар.

Біріншіден, оның қолдану аясы шектелген. Атап айтқанда «Пробация туралы» Заңның 13-бабының 1-тармағында пробацияның аталған түрі қолданылатын тұлғалардың шеңбері белгіленген: кәмелет жасқа толмағандарға; мүгедектігі бар тұлғаларға; 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдерге; 3 жасқа дейін балалары бар әйелдерге; 63 жастағы және ол жастан асқан ерлерге; 3 жасқа дейін балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлерге қатысты олардың өзі өтінген жағдайда ғана қолданылады//.

Екіншіден, аталған пробация түрін қолдану бойынша ұйымдастырушылық проблемалар орын алуда. Атап айтқанда пробацияның бұл түрінің негізін құрайтын күдіктінің, айыпталушының жеке бас туралы ақпараттардан тұратын сотқа дейінгі баяндаманы пробация қызметкерлерінің жасай алмауында («Пробация туралы» Заңның 14-бабы). Баяндамада күдіктіге, айыпталушыға қатысты келесідей ақпараттар қамтылуы тиіс: азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы, оларды сипаттайтын өзге де деректер; әлеуметтік мінездемесі; жеке басының психологиялық-әлеуметтік тест нәтижелері; олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының тәуекелділіктерін бағалау; пробация қызметінің ұсынымдарын ұстануы//.

Күдіктінің, айыпталушының әлеуметтік мінездемесін қалыптастыру, болашақта олармен қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәуекелділігін бағалау, жалпы ондай баяндаманы жасау бойынша пробация қызметкерлерінде не білім, не тәжірибе жоқ.

Басқа мемлекеттердің (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Португалия, Нидерланды, Бельгия Франция және Европаның т.б. елдерінде) тәжірибесінде сотқа дейінгі пробация сотқа үкім шығаруда көмекші құрал ретінде кеңінен қолдануда.

АҚШ-та сотқа дейінгі баяндама дайындау міндетті болып табылады Қылмыстық сот ісін жүргізу Федералдық заңының (18) 3552-бабы). Тұлғаны қылмыс жасауда кінәлі деп танығаннан кейін пробация қызметі сотқа дейінгі тергеуді жүргізеді, соның нәтижесі бойынша есеп (PSIR) дайындайды. Ол есепті үкім шығарған кезде сот қолданады және одан кейін жазаны өтеу орны (Түрмелердің федералдық бюросы) қолданады [146]. Тек екі жағдайда ғана пробациялық баяндама жасалмайды:

- 3593-бабына сәйкес сот істегі материалдарда орын алған мәліметтер үкім шығару бойынша өзінің құзыреттерін тиімді жүзеге асыруға жеткілікті деп таныса (Rule 32. Federal Rules of Criminal Prodcedure) [147];
- 3591-бабындағы өлім жазасы тағайындалатын қылмыстарды жасауда өзін кінәлі деп таныған немесе кінәлі деп танылған жағдайда [148; 142];

Ал сотқа дейін тергеу жүргізу және сотқа дейінгі баяндама жасау тәртібі Қылмыстық сот ісін жүргізу Федералдық заңының (18) 32-ережесінде қарастырылған.

Ұлыбританияның тәжірибесіндегі сотқа дейінгі пробация институты [149] АҚШ-ғы сотқа дейінгі пробация институтымен ұқсас келеді. Бұл аталаған екі елде де сотқа дейінгі пробация қылмыстық істерді тергеудегі бір буын ретінде орын алған.

Бұл қарастырылған елдердің тәжірибесінде сотқа дейінгі пробация институтын қолдануда қазақстандық тәжірибеде қолданылатын шектеулер орын алмаған. Аталған елдердің барлығында соттар үкім шығару алдында пробациялық баяндаманы көмекші құрал ретінде пайдаланды, бірақ пробация қызметінің баяндамасы сот үшін міндетті болып табылмайды.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, біздегі қолданыстағы сотқа дейінгі пробацияның нұсқасын одан әрі жетілдіру қажет:

- пробацияның аталған түрі қолданылатын тұлғалардың шеңберін кеңейту қажетті;

- пробация қызметінің инспекторына қылмыстық процеске қатысушы мәртебесін беру (ҚР ҚПК-нің 10-тарауында қарастырылған қылмыстық процеске қатысатын өзгеде тұлғалар қатарында қарастыру);

- өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша аталған пробация түрін қолданбау;

- пробациялық баяндаманың қажеттілігі туралы мәселені шешуді қылмыстық істегі төрағалық етуші судьяның құзырына беру;

- осы бағытта пробация қызметі кадрларының біліктілігін арттыру.

Пробациялық бақылаудағы тұлғалармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаудың алдын алуда оларды электрондық бақылау құралдарының маңызы өте жоғары. Мысалы, аталған құралдар 2024 жылы енгізілген кезден бастап 1800 астам құқық бұзушылықтар анықталған, оның ішінде 1400 жағдайы үйде болу кестесін сақтамаумен байланысты; 200 астам жағдайы рұқсат етілмеген аумаққа шығумен; 10 астам жағдайы тыйым салынған жерлерге барумен; шамамен 250 жағдайы электронды құрылғыны зақымдаумен байланысты. Нәтижесінде жазасын бас бостандығынан айыру жазасына алмастыру туралы 900 астам материал сотқа жіберілген, оның 470 астамы ғана қанағаттандырылған [150].

Алайда мұндай құралдарды кеңінен қолдану мүмкін болмай тұр, себепі аталған құралдарды қолданумен байланысты қаржылық проблемалар орын алуда. Қазіргі кезде мұндай құралдар айына 14800 теңгеге (бір дана құрылғы) жалға алынуда [151], ал сатып алу мемлекет бюджеті үшін қымбатқа түсті (бір аппараттың құны 700 мың теңге, оған жыл бойы көрсетілетін қызмет 300 мың теңге, ал мониторинг жүргізу жүйесінің өзі 6 млрд. теңгені құрады [68].

Пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысына тиімді бақылау жүргізу үшін қолданылатын электрондық бақылау құралдарының санын көбейту қажетті және оларды жалға алуға жұмсалатын қаражаттың мөлшерін азайту мақсатында жалдау сомасының бір бөлігін төлеуді сол құрылғыларда

қолданылатын тұлғаларға жүктеу қажетті (мысалы, АҚШ-да сол құрылғы қолданылатын тұлғалар апта сайын құрылғы үшін 130 доллар төлеп отыруға міндетті [152].

Сонымен қатар электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдау фактілерінің орын алғандығын айтқан болатынбыз және мұндай жағдайлардың аталған құралдарды қолданудың ұлғаюмен көбейе түсетіндігі сөзсіз. Басқа мемлекеттерде аталған құралдарды зақымдағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген. Мысалы, АҚШ-ның Флорида штатында электронды браслетті заңсыз шешу, жою, өзгерту немесе оны қолдануды заңсыз жолмен айналып өту үшінші дәрежедегі ауыр қылмыс ретінде танылады және ол үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы мен 5 мың долларға дейін айыппұл төлеу жазасы қарастырылған. Сонымен қатар рецидивст деп таныған кезде аталған жағдай ескеріледі [153]. Флорида штатынан басқа АҚШ-ның басқа штаттарында (Оңтүстік Каролина штатында [152] электрондық бақылау құралдарын бүлдіргені үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Қазақстандық тәжірибеде бақыланушы тарапынан электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдау жазаны өтеу тәртібін бұзу ретінде қаралады (ҚР ҚАК-нің 67-бабының 1-тармағы) және ол үшін бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылатындығы туралы жазбаша ескертумен ғана шектеледі (ҚР ҚАК-нің 68-бабының 1-тармағы). Ал егер аталған жағдай бір жыл ішінде қайталанатын болса (ҚР ҚАК-нің 67-бабының 2-тармағы), сотқа бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстыру туралы нақты ұсыныс жасалады (ҚР ҚАК-нің 68-бабының 2-тармағы) [35].

Сонымен болашақта мұндай жағдайлардың орын алуына жол бермес үшін, сондай-ақ аталған құралдардың пробация тіркеуіндегі тұлғалармен жасалуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңыздылығын ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы 430-1-бап енгізу қажетті:

**«430-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінде қолданылатын электрондық бақылау құралдарын қасақана жою немесе бүлдіру**

Электрондық бақылау құралдарын қасқана жою, бүлдіру, функциясын өзгерту, әдеттегі жұмыс ережелерін айналып өту –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды.».

**Қорытынды.** Қазақстандық нұсқадағы пробация тіркеуіндегі тұлғаларды әлеуметке қайта қосу мақсатында көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмек «ұсынбалы» нысанда болғандықтан, аталған санаттағы тұлғалар ондай көмек түрін қабылдауы да мүмкін немесе одан бас тартуы да мүмкін және көп жағдайда пробация тіркеуіндегі тұлғалар ондай көмек түрінен бас тартуда. Мұндай жағдайдың орын алуы пробация институтының тиімділігіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан бұл жерде пробация тіркеуіндегі тұлғаларға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмекті «ұсынбалы» нысанда емес «міндеттеу» нысанда қарастырған орынды деп санаймыз.

Пробация бақылау немесе әлеуметтік құқықтық іс-шаралардың біреуіне

басымдық бермей, екеуін үйлестіре отырып, жүзеге асырылуы тиіс, сотталушыға жүктелетін міндеттердің көлемі оның жасаған қылмысының ауырлық дәрежесіне қарай, оған қатысты қойылған талаптардың бар немесе жоғын, отбасының бар немесе жоғын және т.б. ескере отырып анықтау қажет.

Пробациялық қызмет есебіндегі тұлғалардың басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар болып табылады және мұндай жағдайдың орын алуына ықпал етуші себептердің бірі ретінде сотқа дейінгі пробация институының дұрыс жұмыс істемеуін қарастыруға болады.

Шетелдік тәжірибеде сотқа дейінгі пробация институтын қолдануда қазақстандық тәжірибеде қолданылатын шектеулер орын алмаған. Оларда соттар үкім шығару алдында пробациялық баяндаманы көмекші құрал ретінде пайдаланды, бірақ пробация қызметінің баяндамасы сот үшін міндетті болып табылмайды.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, біздегі қолданыстағы сотқа дейінгі пробацияның нұсқасын одан әрі жетілдіру қажетті:

- пробацияның аталған түрі қолданылатын тұлғалардың шеңберін кеңейту қажетті;
- пробация қызметінің инспекторына қылмыстық процеске қатысушы мәртебесін беру (ҚР ҚПК-нің 10-тарауында қарастырылған қылмыстық процеске қатысатын өзгеде тұлғалар қатарында қарастыру);
- өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша аталған пробация түрін қолданбау;
- пробациялық баяндаманың қажеттілігі туралы мәселені шешуді қылмыстық істегі төрағалық етуші судьяның құзырына беру;
- осы бағытта пробация қызметі кадрларының біліктілігін арттыру.

Пробациялық бақылаудағы тұлғалармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасаудың алдын алуда оларды электрондық бақылау құралдарының маңызы өте жоғары. Пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысына тиімді бақылау жүргізу үшін қолданылатын электрондық бақылау құралдарының санын көбейту қажетті және оларды жалға алуға жұмсалатын қаражаттың мөлшерін азайту мақсатында жалдау сомасының бір бөлігін төлеуді сол құрылғыларда қолданылатын тұлғаларға жүктеу қажетті

Пробациялық тіркеудегі тұлғаның электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдауына жол бермес үшін, сондай-ақ аталған құралдардың ондай тұлғалармен жасалуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алудағы маңыздылығын ескере отырып, ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы 430-1-бап енгізу қажетті:

**«430-1-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінде қолданылатын электрондық бақылау құралдарын қасақана жою немесе бүлдіру**

Электрондық бақылау құралдарын қасқана жою, бүлдіру, функциясын өзгерту, әдеттегі жұмыс ережелерін айналып өту –

бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды.».

### 3.3 Сотталғандардың қылмыстылығына қарсы күрес: халықаралық тәжірибе: салыстырмалы-құқықтық талдау және ұлттық заңнамаға енгізу бағыттары

Сотталғандардың қылмыстылығын алдын алу бойынша жаңа іс-шаралардың жүйесін қалыптастыруда зерттеудің салыстырмалы-құқықтық әдісін қолдана отырып, аталған қылмыстылық түрімен күрестегі шетелдік тәжірибені талдау маңызды болып табылады. Талдау объектісі ретінде аталған қылмыстылық түрімен күресте жетістікке жеткен мемлекеттердің тәжірибесі қарастырылды. Англо-саксондық құқықтық жүйедегі мемлекеттердің ішінде АҚШ, Ұлыбритания елдерінің тәжірибесі, ал романо-германдық құқықтық жүйедегі мемлекеттердің ішінен Франция, Германия, Австрия, Норвегия елдерінің тәжірибесі, ал Азия елдерінің ішінен Жапонияның тәжірибесі талданды.

Европа мемлекеттерінің сотталғандардың қылмыстылығын алдын алуда қолданылатын құқықтық іс-шаралардың барлығы Сотталғандармен қарым-қатынаста қолданылатын төменгі стандарттық ережелерге және Европалық пенитенциарлық ережелердің ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

**АҚШ-да** бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықпен күрес сотталғандар арасындағы зорлық-зомбылықтың, тыйым салынған заттардың заңсыз әкелу, қылмысты қайта жасау деңгейін төмендетуге бағытталған келесідей іс-шараларды үйлестіре отырып жүзеге асырылуда: ғылыми негізделген оңалту бағдарламалары, қауіпсіздіктің қатаң хаттамалары және жүйелі түрде жүзеге асырылатын түрме реформалары.

АҚШ-да сотталғандарға білім беру және олардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған бағдарламалар кеңінен қолданылуда. Түрмелердің федералдық бюросы федералдық түрме жүйелерінде жаңа мектептер қалыптастырды. Жаңа білім беру жүйесіне сәйкес білім беру түрімен деңгейін анықтау әрбір сотталғанның мекемеге кел кезде оның білім деңгейі тексеріледі және жеке білім беру бағдарламалары тағайындалады. Сонымен қатар сотталғандарға планшеттерді пайдалана отырып онлайн білім беру бағдарламасы, сотталғандарға босап шыққаннан кейін жұмыс тауып беру мақсатында жоғарғы оқу орындарында грант негізінде білім алуға мүмкіндік беретін «Пелл екінші мүмкіндік» атты бағдарламасы, қылмыстарды қайта жасау деңгейін төмендету, түрмедегі қауіпсіздік деңгейін көтеру, сотталғандардың әлеуметке қарсы жүріс-тұрыстары мен көзқарастарын өзгерту үшін когнитивтік-жүріс-тұрыс терапиясына негізделген BRAVE және STAGES ұлттық бағдарламалары, сотталғандарды есірткі тәуелділігінен арылту бойынша бағдарламалар (RDAP) және т.б. ғылыми негізделген әртүрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда [154].

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу және орындауға қатысты мәселелер Түрмелердің федералдық бюросының құқықтық мәселелер бойынша Нұсқаулығымен (Legal Resource Guide to the Federal Bureau of Prisons) қамтылған. Оған сәйкес бас бостандығын айыру жазасы қауіпсіздік деңгейі әртүрлі мекемелерде өтелуі мүмкін. Ондай мекемелерге қауіпсіздігі ең төмен мекемелер;

қауіпсіздігі төмен мекемелер; қауіпсіздігі орташа мекемелер; қауіпсіздік деңгейі жоғары мекемелері және әкімшілік мекемелер жатқызылған. Мекемелердің қауіпсіздігі әртүрлі факторлардың негізінде анықталады, атап айтқанда мекеме аумағындағы күзет түрлері, күзет мұнараларының саны, сырттағы күзеттің саны, анықтау құрлығылары саны, тұрғын аудандардағы күзет саны, тұрғын жайлардың түрлері және қызметкерлердің жабдықталу деңгейі [155].

Сотталғандарды мекемелерге бөлген кезде олардан ДНК үлгілері алу процедурасы жүзеге асырылады және сотталғанның ДНК профилі қалыптастырылады. ДНК профилі ТФБ (ФБР)-дің ДНК-индекстернің бірыңғай жүйесіне енгізіледі. ДНК жинаудың мақсаты: сотталғандарды идентификациялау; кінәсіз тұлғаларды анықтау; бұрынғы және болашақтағы қылмыстарды ашу; қылмыстардың қайталануымен күресу.

Бас бостандығынан айыруы қоғамда резонанс тудырған сотталғандар, құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта болған, мемлекеттік шенеуліктерге қауіп төндірген, банда мүшелері ретінде танылған сотталғандар тәукелділік тобына (CIM) жатқызылады және ондай сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамсыз ету үшін бөлек ұстау түріндегі арнайы шара жүзеге асырылады.

Сотталғандарға мобильді телефондарды немесе байланыстың электронды құралдарын иеленуге, сақтауға немесе пайдалануға тыйым салынады және мұндай іс-әрекеттер орын алған жағдайда тәртіптік жауаптылыққа, сондай-ақ қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін [155]. Ал мекеме аумағына әкелуге тыйым салынған заттардың ұғымы Түрмелердің федералды Бюросының «Бюро аумағына және үй-жайларға келушілерді тінту жүргізу, тұтқындау немесе қамаққа алу туралы» Нұсқаулығында (Searching, Detaining, or Arresting Visitors to Bureau Grounds and Facilities) ашылған, оған сәйкес Бюро үй-жайларын күзетуді және пайдалануды және тұрғындарды қорғауды қаматамасыз етуге қауіп тудыратын кез келген заттар тыйым салынған заттар ретінде танылады. Ондай заттарға қару жарақ, жарылғыш заттар, есірткі заттар, масайтатын заттар, валюта, фотоаппараттың кез келген түрі, бейне дыбыс жазу құралдары, телефондар, радиоқабылдағыштар, пейджерлер, электронды құрылғылар және қылмыстық заңмен немесе федералдық ережелермен немесе Түрмелердің федералдық Бюросымен тыйым салынған т.б. заттар [156]. Бұл жердегі «қару-жарақ» ұғымы кеңінен қаралған, оған атыс қаруы, оқ-дәрі, жаратын күші бар құрылғалар жатқызылған. Сонымен қатар аталған Нұсқаулықта «тыйым салынған әрекеттер» деген ұғымның анықтамасы берілген, оған сәйкес тыйым салынған әрекеттер – Бюро объектілеріне немесе Бюро аумағына тыйым салынған заттарды кіргізу немесе кіргізуге оқталу; сотталғанның қашуына көмектесу; қылмыстық заңды немесе федералдық ережелерді немесе Түрмелердің федералдық Бюросының саясатын бұзатын өзгеде кез келген әрекет.

Сондай-ақ «контрабанда» және «қауіпті контрабанда» ұғымдары қолданылған және олардың мағынасы ашылған. «Қауіпті контрабанда» ұғымымен кез келген есірткі заттар, алкоголь және өзгеде масайтатын заттар; қару жарақ немесе адам өліміне әкелетін улы газдар; адамды өлтіру, жарақаттау

үшін қолданылатын кез келген заттар (электр тоғымен зақымдау құрал), темекі өнімдері және сол тектестер қамтылған [156].

Американдық тәжірибеде жоғарыда аталған тыйым салынған заттарды мекеме аумағына кіргізгендігі үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылған.

Сонымен қатар зорлық-зомбылықтың, терроризмнің алдын алу, адам өлімінен немесе елеулі дене зақымдарын келтіруден адамдарды қорғау, мүліктерді бүлінуден қорғау мақсатында жекелеген сотталғандарға қатысты SAM процедурасын қолдану қарастырылған. Ол процедура бойынша бір жылдан аспайтын мерзімге қауіп төндіруші сотталған оқшауланады.

Тәртіптік жауаптылық шараларына арнайы үй-жайларда тәртіптік оқшаулау, бос уақытын өткізу құқығынан айыру, артықшылық беретін құқықтардан айыру жатқызылған [150].

АҚШ-та түрмеде ұсталатындар санының шамадан тыс көбеюіне байланысты оларды қысқару бағытында саяси реформалар жүзеге асуда. Осы реформаның шегінде қамаудағы сотталғандардың санын қауіпсіз қысқартуға бағытталған «Бастапқы қадам туралы» Заң қабылданды. Сотталғандардың санын қысқарту арқылы бас бостандығынан айыру орындарындағы зорлық-зомбылық деңгейін азайту және онда ұсталатын сотталғандармен оңалту жұмыстарын тиімді жүргізу мүмкін болады.

**Ұлыбританияда** сотталғандардың қылмыстылығының алдын алуда қолданылатын негізгі нормативтік құқықтық акті бұл 1952 жылғы «Түрмелер туралы» Заң болып табылады. Онда сотталғандардың тарапыннан жасалынуы мүмкін құқық бұзушылықтар және оларға қолданылатын жауаптылық шаралары қарастырылған. Ұлыбритания тәжірибесінде мекеме аумағына әкелуге тыйым салынған заттардың үш санаты белгіленген:

А)-тізімі, оған бақыланатын есірткі заттары; жарылғыш заттар; кез келген ататын қарулар немесе оқ-дәрілер; кез келген қарулар жатқызылған;

В)-тізімі, оған алкоголь; мобильдік телефондар, камералар, дыбыс жазу құралдары немесе оның құрамдас бөліктері (диск және т.б.) жатқызылған;

С)-тізімі, оған мекемедегі ішкі тәртіп ережелерімен тыйым салынған кез келген заттар жатады: темекі өнімдері, ақша, киім, тамақ, сусындар, хат, қағаз, кітаптар, аспаптар, ақпараттық-технологиялық мақсаттағы құрал-жабдықтар жатқызылған [157]. Бұл А) және В) тізімдерінде орын алған тыйым салынған заттарды мекеме аумағына әкелгені үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген және 2 жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы немесе айыппұл жазасы тағайындалуы мүмкін//.

Сондай-ақ Ұлыбританияда бас бостандығынан айыру орындарында қадағалау мен режимді ұйымдастыру мәселелері Құқық бұзушыларға қадағалау жүргізу бойынша Ұлттық қызметінің ережелерінде бекітілген. Атап айтқанда 2014 жылғы «Ұлттық қауіпсіздіктің бағдарламасының 15.1 Тексеру қызметі» атты құжатта түрме және пробациялық қызмет үшін қауіпсіздікті тексерудің міндетті процедуралары бекітілді. Сонымен қатар мекемедегі режимдерді басқаруды жоспарлау, сотталғандарды бөліп ұстау, тінту жүргізу процедураларын және т.б. пенитенециарлық мекеменің қызметін ұйымдастыру

мәселелер бойынша ережелерді біріктіретін Түрме қызметі бойынша ережелерін (Prison Service Instruction, 2011) атап кетуге болады [158]. Сотталғандарды қауіпсіздік санаты немесе қадағалау деңгейі бойынша бөлу Қамаудағыларды санаттарға бөлу туралы нұсқаулыққа (Instruction on the categorization of prisoners) сәйкес жүзеге асырылады//. Қашу тәуекелділігі, қауіпті және қауіпсіз сияқты өлшемдер негізінде сотталғандар A, B, C және D санаттарына бөлінеді:

A санаты (жоғары тәуекелділік санат) – оған қашуы қоғам немесе ұлттық қауіпсіздік үшін елеулі қауіп тудыратын сотталғандар жатқызылады;

B санатына қашуына кедергі келтіру болатын, жоғары қаупсіздік шаралары талап етілмейтін сотталғандар;

C санатына ашық камерада ұстауға сенім білдірілмейтін, алайда мақсатты қашуға бел бумайтын сотталғандар жатқызылады;

D санаты (ашық камерада ұстауға болады, ең төменгі тәуекелділік) – оған ашық режимдегі ең төменгі қауіпсіздік жағдайында ұстауға лайық, ең төменгі тәуекелділікке ие сотталғандар ұсталады [159].

Келесі маңызды ережелердің бірі 1999 жылы 1 сәуірде күшіне енген «Түрмеде ұстау ережелері» болып табылады. Онда түрмелерді басқару ережелері, сотталғандардың әл-ауқатына қатысты ережелер, қарым-қатынас ережелері, тәртіп бұзу және оның салдары қарастырылған. Бас бостандығынан айыру мекемесінің аумағында сотталғандарға алкогольдік ішімдіктерді тұтынуға тыйым салынады, тек ерекше жағдайларда медициналық қызметкерлердің жазабаша рұқсатымен тұтынуға жол беріледі. Сонымен қатар темекі тартуға, оны өзімен бірге алып жүруге тыйым салынады, тек қандай бір артықшылық берілген сотталғандарға оны пайдалануға рұқсат берілуі мүмкін. Сотталғандар мекеме басшылығымен белгіленген нысандағы киімдерді киюге міндетті, алған қалған басқа киімдерді киюге тыйым салынады. Өз өзіне немесе басқа тұлғаларға қол жұмсау,  мүлікті зақымдау немесе тәртіпсіздік орын алу қаупін алдын алу үшін 24 сағаттан аспайтын уақытқа сотталған қамауға алынады, сондай-ақ сотталған агрессивтік мінез танытып, ешкімге бағынбаса, аталған мерзімге қамауға алынады. Ағзасында есірткі заттардың бар-жоғын анықтау үшін сотталғанға сәйкес үлгілерді тапсыру міндеті жүктеледі.

«Түрмеде ұстау ережелеріне» сәйкес ішкі тәртіп ережелерін бұзу деп саналады, егер сотталған келесідей іс-әрекеттердің біреуін жасайтын болса: шабуылдаса; басқа тұлғаны оның еркінен тыс ұстаса; мекеме қызметкерлеріне қызметін жүзеге асыруға кедергі келтірсе; жанжалдасса; басқалардың денсаулығына немесе өміріне қасақана қауіп төндірсе; қашса; есірткі немесе алкогольдік ішімдіктерді тұтынса, тыйым салынған заттарды иеленсе немесе сатса, біреуге берсе, рұқсат етілген мөлшерден артық заттарды иеленсе; мекеме мүлкін өртесе немесе өзге зақымдар келтірсе; мекеме қызметкеріне немесе бас тұлғаларға құрметсіздік танытса; қорқыту немесе балағат сөздер айтса; қасақана жұмыс жасаудан бас тартса және т.б. Бұл құқық бұзушылықтар үшін жазалау шаралар жүйесі қарастырылған: ескерту; артықшылық беретін құқықтардан 42 күннен аспайтын мерзімге айыру; 21 күннен аспайтын мерзімге жұмыс істеу құқығынан айыру; 84 күннен аспайтын мерзімге жалақысын төлеуді тоқтату

немесе 42 күннен аспайтын жалақысын ұстап қалу; 14 күнге қамау; тәркілеу [160].

**Франция.** Европа елдерінің ішінде «түрме халқы» саны бойынша алдағы орындағы мемлекеттердің бірі болып табылатын, Францияда бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатындардың саны белгіленген нормадан тыс болып келеді. Францияда бас бостандығынан айыру жазасын өтеу және орындау тәртібі, пробация және қайта интерграция қызметінің шартты түрде босату бойынша жұмыс тәртібі Түрме кодексінде қарастырылған [161]. Алып келуге тыйым салынған заттардың ішінде дәрі-дәрмектер, алкогольдік ішімдіктер, есірткі заттар және т.б. қарастырылған. 2012 жылға дейін мұндай заттардың қатарында ынталандырушы әсері бар деген негізбен кофе қарастырылған болатын. Сотталғандарға қауіп төндіруі мүмкін аймақтардың барлығы бейне камералармен жабдықталған, сондай-ақ қашуға бейім, өз-өзіне қол жұмсауға бейім тұлғалардың жүріс-тұрысын қадағалау мақсатында ұзақтығы 5 күнге немесе 3 айға оларға қатысты бейнебақылау орнатылуы мүмкін және бейнебақылау бойынша алынған ақпараттар қылмыстарды тергеуде, қылмыстық қудалауда дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Қылмыстардың алдын алу, басқа сотталғандардың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда және мекемедегі тәртіпті сақтау үшін тінту жүргізілуі мүмкін. Тінтудің әдеттегі нысандарымен қатар ерекше жағдайларда сотталғандардың денесінің ішкі бөлігін қарау жүзеге асуы мүмкін, ол мекемеден тыс жұмыс жасайтын және арнайы шақыртылған дәрігермен жүргізіледі.

Сотталғандар мекемедегі тәртіпті сақтауға немесе қоғамдық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін болса, олар әкімшіліктің шешімімен бейімдеу бағдарламасы белгіленіп, қауіпсіздік шарасы күшейтіле отырып, арнайы үй-жайда күзетпен ұсталады. Сотталушының ұйымдасқан қылмыспен байланысын үзу мақсатында ол ұйымдасқан қылмыстылықпен күреспен айналысатын бөлімге жіберіледі. Тәртіптік комиссиямен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін сотталғанға 20 күннен аспайтын мерзімге тәртіптік режим тағайындалуы мүмкін. Тәртіптік режимнің шегінде құқық бұзушы сотталған тәртіптік камерада немесе бір адамдық камерада ұсталады.

Сонымен қатар түзеу мекемелеріндегі исламдық радикалданумен және терроризммен күресу мақсатында 2017 жылы пенитенциарлық барлау қызметі – «Орталық пенитенциарлық ақпараттық бюросы (Bureau Central du renseignement Penitentiaire (BCRP))» құрылған болатын. Сотталғандарға мекеме директорынан, лауазымды тұлғалардан, қамқоршылардан, психологтардан, психиатрлардан, педагогтардан, әлеуметтік қызметкерлерден, зерттеушілерден, мұсылман діні өкілдерінен тұратын топпен ұзақ уақыт бақылау жүргізіледі және сотталғанның жүріс-тұрысы, құндылықтар жүйесі, күш қолдану, агрессияға бейімділігі және т.б. сұрақтарды қамтитын мінездемесі қалыптастырылады. Бақылау нәтижесінде сотталғандар үш топқа бөлінеді: 1) өте қауіпті профилді, зорлық-зомбылық жасау немесе басқа сенімге жүгіну тәукелділігі өте жоғары екендігін көрсететін тұлғалар бір адамдық камераға оқшауландырылады; 2) төменгі қауіптілік профилді, тәуекелділігі төмен, басқа сотталғандар сияқты әлеуметтенуге,

реинтеграцияға және т.б. қатысуға мүмкіндік беретін әдеттегі курстарды өтетін, мекеме барлау қызметінің айрықша бақылауында болатын сотталғандар; 3) басқа сенімге жүгіну тәуекелділігі бар, жүріс-тұрысы басқарылуға жататын, радикалдау мәселелерімен айналысатын басқа бөлімдерге жіберілетін сотталғандар [162].

**Германиялық** тәжірибеде пенитенциарлық қылмыстылықпен күресте сотталғандарды оңалтуға, қоғамға қайта қосуға, түрмедегі өмірін қалыптандыруға және қылмыстарды қайта жасау тәуекелділігін азайтуға басымдылық берілген, ол үшін сотталғандардың білім деңгейіне кәсіби дайындығына, оларға көрсетілетін әлеуметтік, медициналық, психологиялық көмектерге, профилактикалық іс-шараларға, қауіпсіздік шараларына аса назар аударған.

Германияда бас бостандығынан айыру орындарының екі түрі қарастырылған: ашық және жабық. Осы түрлеріне қарай ондағы бас бостандығынан айыру жазасын өтеу режимдері әртүрлі болады.

Сотталғандардың барлығы камерада ұсталады. Келесідей жағдайлардан басқа жағдайларда сотталғандарға жұмыс жасаған кезде және бос уақытта бірге болуға жол беріледі: басқа сотталғандарға жағымсыз ықпал етеді деген қауіп болса, сотталған медициналық тексеруден өтіп жатса, қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажет болған жағдайда, оны мекеме талап еткен жағдайда, сотталған келісімін берген жағдайда. Сонымен қатар сотталғандарға қатысты қауіптің алдын алудың ерекше шаралары қолданылуы, атап айтқанда сотталғаннан мекеме аумағынан қашу қаупі орын алса, оның тарапынан адамдарға қатысты күш қолдану қаупі туындаса, мүлікке қатысты қауіп туындаса, өз өзіне қол жұмсау немесе зақым келтіру қаупі туындаса. Мұндай шаралардың қатарында келесідей шаралар қарастырылған: заттарды алып қою; оптико-электрондық құралдардың көмегімен бақылау жүргізу; оны басқа сотталғандардан оқшаулау; ашық ауада дене жаттығуларын жасау құқығынан айыру немесе шектеу; қауіпті заттары жоқ арнайы күзетілетін камерада ұстау; тәндік шектеулер (қол-аяғын байлау) қолдану. Бұл шаралар мақсатқа қол жеткізгенге дейін қолданылады.

Сондай-ақ мекеменің ішкі тәртіп ережелерін елеулі түрде немесе қайта бұзған сотталғандарға қатысты қолданылатын тәртіптік шаралардың шеңбері кең болып табылады және сотталғанның белгілі бір құқықтарды жүзеге асыруды шектеуден тұрады. Атап айтқанда ондай тәртіптік шаралардың қатарында ескерту; үйін сатудан алған ақшаға билік ету құқығыннан айыру немесе оны шектеу және 3 айдан аспайтын мерзімге сатып алу құқығын шектеу; екі аптадан аспайтын мерзімге материалдарды (кітап, журнал, газета және т.б.) оқу құқығына айыру, үш айдан аспайтын мерзімге радио тыңдау немесе теледидар көру құқығынан айыру; 3 айдан аспайтын мерзімге бос уақыты өткізуде қолданатын заттарын алып қою немесе пайдалануды шектеу немесе бірлесіп өтетін іс-шараларға қатысу құқығынан айыру, 4 аптадан аспайтын мерзімге бос уақыты кезіне оқшаулау; жалақысын жоғалта отырып, 4 аптадан аспайтын мерзімге жұмыс жасау құқығынан айыру; 3 айдан аспайтын мекеме қызметкерлерінен басқа тұлғалармен қарым қатынас орнату құқығынан айыру; 4 апатадан аспайтын

мерзімге тәртіптік қамау. Бұл тәртіптік шараларды бір-біріне үйлестіре отырып қолдануға жол беріледі.

Сонымен қатар сотталғандарды оңалту және қоғамға қайта қосу мақсатында әртүрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Сондай бағдарламалардың бірі қайта қалпына келтіру сот әділдігі шегінде жүзеге асырылатын «Sycamore Tree Project» («Жәбірленушілер мен қылмыскерлердің татуласуы») бағдарламасы болып табылады. Ол бағдарлама бойынша сотталған өзі жасаған іс-әрекеттерге жауаптылықты мойындай отырып, жәбірленушімен татуласуына көмектесуді көздейді. Ол бағдарлама бойынша қылмыстан жәбірленушілер мен қылмыскерлер 6-7 аптаға қылмыстың салдары талдау, эмпатияны дамыту және өзінің жасаған іс-әрекеттеріне жауапкершілікті көтермелеу мақсатында жиналады [163].

**Австрияда** басқа Европа мемлекеттері сияқты пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алуда сотталғандарды оңалтуға, бас бостандығынан айыру мекемелерінің қызметкерлерін арнайы дайындауға, сондай-ақ сотталғандардың жүріс-тұрысына қатаң қадағалауды жүзеге асыруға айрықша мән берілген.

Бас бостандығынан айыру жазасын орындау және өтеу тәртібі 1969 жылдың 26 наурызында қабылданған «бас бостандығынан айырумен байланысты түрме үкімдерін және алдын алу шараларын орындау туралы» Федералды заңында («түрме үкімдерін орындау туралы» Заң – StVG) егжей-тегжей белгіленген. Осы Заңның 27,30-баптарында сотталғандарға мекеме аумағында жасалуға тыйым салынған бірқатар іс-әрекеттердің түрлері қарастырылған: өзіне жүктелген міндеттерді орындамау мақсатында денсаулығына зиян келтірмеу; осы мақсатта оған басқалардың зиян келтіруіне мүмкіндік бермеу; татуировка жасамау; түрме қызметкерлерімен, сол мекемедегі басқа кез келген сотталғандармен кәсіп жүргізбеу; лоторея және басқада құмар ойындарға қатыспау [164]. Сонымен қатар сотталғандарға өзімен бірге қолма-қол ақша ұстауға, рұсат етілмеген заттарды ұстауға, масайтатын заттарды пайдалануға тыйым салынады. Жеке басының гигиенасына арналған заттардың құрамында алкоголь болған жағдайда, оны теріс пайдалану қаупі болмаса, пайдалануға рұқсат етіледі. Осы Заңның 9-тарауында мекемедегі ішкі тәртіпті қамтамасыз етуге қатысты ережелер қамтылған. Мобильді байланыс құралдарын (терминалдық жабдықты) мекеменің айрықша аумақтарында (жабық үй-жайларда) қолдануға тыйым салынған. Тек ерекше жағдайларда: қызмет бабы бойынша немесе мекеме басшылығы белгілеген жекелеген жағдайларда терминалдық жабдықтар арнайы арнлаған орындарда қолданылуға жол беріледі. Сонымен қатар терминалдық жабдықтардың (мобильді байланыс құралдарының) орнын анықтау үшін; мекеме аумағындағы рұқсат етілмеген радиобайланыс толқындарын анықтау және оны басу үшін арнайы техникалық құрал жабдықтар қолданылуы мүмкін. Тінту жүргізу сияқты әдеттегі шаралар мекеме қызметкерлерімен кез келген уақытта жүзеге асырылады, сонымен бірге мекеме басшысы немесе арнайы құзыреті бар қызметкер сотталғандарда есірткі заттардың бар-жоқтығын кез келген уақытта тексере алады. Сондай-ақ ішкі

тәртіпті, сотталғандар тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстық іс-әрекеттерді алдын алу мақсатына бейне бақылау құралдарын қолдану қарастырылған, бұл жерде аталған құралдарды қолдануда адамның жеке басына қатысты ақпараттарды жинауға, сақтауға, олардың құпиялылығына австриялық заңшығарушылар ерекше мән берген.

Қашу қаупі бар, мүлікке немесе басқа тұлғаларға қатысты күш қолдану қаупін тудыратын, өз-өзіне қол жұмсау немесе дене мүшелеріне зақым келтіру қаупі бар, қауіпсіздік пен тәртіпке қауіп тудыратын өзге де тұлғаларға қатысты арнайы қауіпсіздік шаралары қолданылуы мүмкін, атап айтқанда сотталғандарды, олардың заттары мен камераларын жиі тінту; ұжым арасында немесе күнделікті жұмыс кезінде немесе күнделікті 2 сағатық серуендеуде жүрген сотталғандарды қалған уақытқа бір адамдық камераға қамау; камерада түнгі уақытта жарықты жағып қою; құқыққа қайшы қолданылуы қауіп тудыратын жиһазды, заттарды немесе киім-кешекті тәркілеу; сотталған өз-өзіне зиян келтіру кезінде қолданылуы мүмкін заттардың барлығы алынып тасталған арнай күзетілетін камераға қамау; шектеуші шараларды немесе механикалық бекіту құралдарын пайдалану. Сонымен бірге сотталғандардың қауіпсіздігі мен ішкі тәртіпті қамтамсыз ету мақсатында ерекше жағдайларда физикалық күш, қару-жарақ қолданылуы мүмкін.

Аталған Заңның 10-тарауында сотталғандармен жасалуы мүмкін әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері, олар үшін жауапқа тарту процедурасы және оны жасағаны үшін қолданылатын жазалау шаралары белгіленген. Ондай құқық бұзушылықтар құрамы әртүрлі және аталған Заңда белгіленген шеңбермен шектелмейді, атап айтқанда мемкеме аумағынан қашу, мекеме қызметкері болып табылмайтын тұлғалармен, мемлекеттік лауаызмды тұлғалармен, кәсіпкерлермен, мекемеге келушілермен немесе өзге сотталғандармен қарым қатынас орнату; өзінің міндеттерін орындамау мақсатында өзінің денсаулығына өзінің зиян келтіруі немесе оны басқа тұлғаға жасату немесе татуировка жасату; қылмыс жасауға немесе тәртіп бұзуға  шақыратын немесе әдеп нормаларын өрескел бұзатын іс-әрекеттер жасау; өзімен тыйым салынған заттар ұстау; тапсырылған жұмыстарды орындамау; демалыстан кейін немесе қамаудағы үзілістен кейін бірден жазасын әрі қарай өтеуге кіріспеу; түрме қызметкерлеріне және өзге де тұлғаларға қатысты өзін дұрыс ұстамау және т.б. өзіне жүктелген жалпы міндеттерді орындамау//. Мұндай құқық бұзушылықтарға қатысты келесідей жазалау шаралары қолданылуы мүмкін: қатаң ескерту; төленетін жәрдемақыны шектеу немесе одан айыру; отбасылық жәрдем ақысына құқығы, теледидар көру құқығы, хат алмасу құқығы, кездесуге құқығы немесе телефон арқылы сөйлесу құқығы шектелуі мүмкін немесе ондай құқықтардан айырылуы мүмкін, айыппұл және қамақта ұстау. Бұл жердегі салынатын айыппұлдың мөлшері 200 евродан аспауы тиіс және ол сотталғанның жеке қорындағы сомадан ұсталады. Ал қамақта ұстау ауырлататын мән-жайлар орын алғанда қолданылады және барлық құқықтары мен артықшылықтарынан айырыла отырып, бір адамдық камерада ұсталады. Оның екі түрі қарастырылған: әдеттегі және қатаң. Қатаң түрінде сотталғанға қатысты қосымша келесідей шектеулер қолданылады:

камерасындағы жасанды жарық қолдану уақыты шектеледі және жұмыс жасауға рұқсат берілмейді//.

**Жапонияда** бас бостандығынан айыру орындарында орын алатын қылмыстылықпен күрес жүргізудің құқықтық негіздерін 2005 жылдың 25 мамырындағы «Бас бостандығынан айыру орындары және қамаудағылар мен тұтқындалғандармен қарым қатынас туралы» Заңы 2016 жылдың 14 желтоқсанындағы «Рецидивизм алдын алу туралы» Заңы, Қылмыстық заңы және т.б. құраған. Бұл елде қылмыстардың басым көпшілігі (60 пайызы) бұрын қылмыс жасаған тұлғалармен жасалады [165] және аталған қылмыстылық түрімен күрес жүргізу өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Аталған қылмыстылық түрімен күрес жүргізу мақсатында 118 жылдан бері алғаш рет 2025 жылы түзеу мекемелеріне алғаш рет реформалар жүргізілді, енді назардың барлығы жазаға емес, оңалтуға аударылатын болады. Осы мақсатта 2022 жылы жапондық заңшығарушылар қолданыстағы Қылмыстық заңдарына өзгерістер енгізілді, оған сәйкес бас бостандығынан айыру жазасы өтеу кезіндегі орын алған мәжбүрлі еңбек аталған жаза түрін өтеушілерге енді міндетті болып табылмайды, енді рецидивизмді төмендетуге бағытталған білім беру және оңалту бағдарламаларына басымдылық берілетін болады. Жаңа жүйе сотталғандарды жасы, шығу тегі және жеке қажеттіліктері ескеріліп 24 топқа бөле отырып, оңалту жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, 70 жастан асқан алжу белгілері бар сотталғандарға «Қарт адамдарға күнделікті бағып қағу» бағдарламасы тағайындалады, есірткіге тәуелде сотталғандарға «Есірткі тәуелділігінен оңалту» бағдарламасы тағайындалады, ал 20-26 жас аралығындағы 10 жылдан жоғары мерзімге жазасын өтеуші сотталғандарға арналған арнайы бағдарламалар тағайындалуы мүмкін [166].

«Рецидивизм алдын алу туралы» Заңында рецидивтік қылмыстылықтың алдын алу бойынша іс-шаралардың жүйесі, оларды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдармен жергілікті билік органдары міндеттері ұсынылған. Сондай іс-шаралардың бір түрі ретінде Рецидивтердің алдын алу туралы тұрғындарды хабардар ету деңгейін жоғарылату Айы қарастырылған. Оның мақсаты рецидивтердің алдын алуға қатысты тұрғындардың қызығушылығын кеңейту және түсініктерді тереңдету болып табылады. Аталған іс-шараға сәйкес шілде айының ішінде мемлекеттік және жергілікті билік органдары сол айда алға қойған мақсаттарға сәйкес келетін жобаларды жүзеге асыруға міндетті болып табылады. Үкімет рецидивтердің алдын алу жоспарын қалыптастыру қажет және онда рецидивті алдын алу бойынша бастамаларды жылжыту туралы, рецидивті алдын алуға бағытталған құқық бұзушының білім және кәсіби деңгейін көтеру, оны әлеуметтік қолдау, жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. мәліметтерді қамтиды. Мемлекеттік органдар түзеу мекемелерінде және қоғамда қылмыс жасаған тұлғаларға олардың қылмыстарының немесе құқыққа қайшы іс-әрекеттерінің мән-жайларын, оның криминалдық тарихын, жасын, жынысын, отбасылық жағдайын және т.б. жекелеген сипаттамаларын ескере отырып, қолдау көрсетуі тиіс [167].

**Норвегия** дүние жүзінде қылмыстарды қайта жасау көрсеткіші ең төмен

(20 пайыз ғана) және пенитенциарлық жүйесі жоғары үлгідегі алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі болып табылады. 20 ғасырдың 90-жылдары қылмыстарды қайта жасау көрсеткіші бойынша АҚШ-ның қазіргі көрсеткішіне тең болды. Бас бостандығынан айыру жазасынан босап шыққандардың 70 пайызы екі жыл ішінде қылмыстарды қайта жасаған. Жаза қылмыстың алдын алудағы негізгі фактор ретінде қарастырылды және басқаларға үлгі болу үшін өте қатаң жағдайда ұзақ мерзімдерге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып отырды.

Норвегия Үкіметімен жүргізілген пенитенциарлық реформалар нәтижесінде ірі орталықтандырылған түрмелерден бас тартып, оның орнына сотталғанды өзінің адами қасиеттерін сақтап қалуға, оңалту мен қоғамға қайта оралтуға бағытталған, қатаң оқшаулауды емес, «қауіпсіздіктің динамикалық жүйесін» ұстанатын шағын түзеу мекемелері құрылды. «Қауіпсіздіктің динамикалық жүйесі» бойынша мекеме қызметкерлері сотталғандармен сенімді қарым қатынас орнату үшін ортақ пайдаланыстағы жерлерде тікелей қарым-қатынаста болады (спорттық іс шараларға, йога жаттығуларына және т.б. іс-шараларға сотталғандармен бірге қатысу), бұл өз кезегінде зорлық-зомбылықты және өзегеде құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді. Жұбайымен, туған туысқандарымен достарымен қарым қатынасты үзбеу үшін сотталғандар өздерінің үйлеріне жақын орналасқан мекемелерде жазаларын өтеуге аса назар аударылды.

Сотталғандарды ұстау жағдайлары бостандықтағы жағдайларға мүмкіндігінше жақындатылған және олар тек бостандығынан ғана айрылады, ал адами қасиеттерін, қадір қасиеттерін сақтап қалуға барлық жағдай жасалған. Сотталғандар жалғыз адамдық камераларда ұсталады және әр камерада жеке ванна, дәретхана, жұмсақ жиһаз, телевизор, т.б. сотталғанға қажетті заттардың барлығы бар. Мекеме аумағы фитнес-орталығымен, кітапханамен, спорт алаңымен, мектеппен, шіркеумен, шеберханамен және т.б. қамтылған.

Сотталғандардың басым көпшілігі жазасын өтеп шыққаннан кейін қосымша мамандық алып шығады және босап шыққандардың жұмысқа орналасу көрсеткіші 40 пайызға өскен [168].

## ҚОРТЫНДЫ

Жүргізілген ғылыми зерттеу шеңберінде сотталғандардың қылмыстылығының теориялық және қолданбалы аспектілері кешенді түрде талданып, оның мәні, құрылымы, детерминанттары және алдын алу тетіктері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде сотталғандардың қылмыстылығы ұғымының мазмұны кеңейтіліп, пенитенциарлық қылмыстылықпен өзара байланысы негізделді. Сонымен қатар, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі және пробация қызметі аясындағы құқық бұзушылықтардың ерекшеліктері айқындалып, олардың пайда болуына ықпал ететін негізгі факторлар жүйеленді.

Аталған зерттеу барысында сотталғандардың қылмыстылығы тек қана бас бостандығынан айыру орындарымен шектелмейтіні, сонымен қатар қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталған тұлғалардың қайта қылмыс жасауы арқылы да көрініс табатыны дәлелденді. Бұл өз кезегінде аталған құбылысты кешенді түрде қарастыру қажеттілігін айқындайды

1. Сотталғанның еркін жүріп-тұру құқығынан айырумен байланысты қылмыстық жазалардың қатарында қамаққа алу және бас бостандығынан айыру жазаларын қарастыруға болады.

«Пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымын қалыптастыруда қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаларға сотталғандардың қылмыстық жүріс-тұрысы қамтылуы тиіс.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, пенитенциарлық қылмыстылық бұл қамаққа алу және бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазалар орындалатын және өтелетін орындарда сотталғандармен, жаза өтелетін мекемелердің қызметкерлерімен және өзгеде тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Ал бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандармен және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды біріктіретін ортақ ұғым ретінде «сотталғандардың қылмыстылығы» деген ұғымды пайдаланған орынды деп санаймыз және оның келесідей анықтамасын қалыптастыруға болады:

сотталғандардың қылмыстылығы - бас бостандығынан айыру, қамаққа алу түріндегі қылмыстық жазаларға және қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларға сотталғандармен қайта жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы.

Ал пенитенциарлық қылмыстылықты сотталғандардың қылмыстылығының бір бөлігі ретінде қарастырған орынды.

2. Қылмыс жасаушы - сотталғанның жеке басының криминологиялық сипаттамасы келесідей: ер жынысты, жасы 30-39 аралығындағы, орта білімді, еңбекке қабілетті, бірақ ешбір жерде жұмыс жасамайтын немесе білім алмайтын тұлға.

3. **Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін детерминанттарға жатқызуға болады:**

- бас бостандығынан айыру орындардағы әкімшілік тарапынан

сотталғандардың жүріс-тұрысына қатысты сәйкес бақылаудың болмауы (қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік техникалық құрал жабдықтарының қанағаттандырарлық жағдайда болмауы: олардың ескіруі, қажетті көлемде болмауы, мекеме қызметкерлерінің ондай құралдардың бір қалыпты жұмысына кедергі келтіруі және т.б.; мекеменің жанындағы кәсіпорындардың өндірістік аймақтарында, сотталғандар көп шоғырланатын жатақхананың (барактың) тұрғын үй-жайларында сәйкес бақылаудың болмауы);

- бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың тығыз ұсталуы. Атап айтқанда бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатындардың саны белгіленген шектен тыс болуы және бас бостандығынан айыру орындарының басым көпшілігінде камералық ұстау жүйесі емес барактық-отрядтық жүйенің сақталуы бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың тығыз ұсталуына әкелуде. Ал бұл өз кезегінде олардың арасындағы зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал етуде;

- тыйым салынған заттардың бас бостандығынан айыру мекемелеріне заңсыз кіргізу және ондай тыйым салынған заттарды (пышақ, біз, үшкір заттар және т.б.) сотталғандардың өздерінің жасау фактілерінің жиі орын алуы;

- бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстардың көпшілігі сотталғандардың арасындағы шиеленістік қарым-қатынастар дұрыс реттелмеуі. Көп жағдайда мекеме әкімшілігі сотталғандардың арасында орын алған шиеленістерге аса қатты мән бермейді, оларды дұрыс бағаламайды, ондай жағдайларда қолданылуы қажет іс шаралар қолдана білмейді және т.б.;

- сотталғандар арасындағы шиеленістердің туындауына, өзге де құқық бұзушылықтардың орын алуына ықпал етуші себептердің бірі ретінде құмар ойындарды қарастыру қажет;

- сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысының дұрыс ұйымдастырылмауы.

**Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын сотталғандардың қылмыстылығына ықпал ететін детерминанттарға жатқызуға болады**:

1) пробация қызметінің жұмысын ұйымдастырудағы орын алған кемшіліктер:

- пробация қызметінде кадрлардың жетіспеуі;

- пробациялық қызметкерлерінің жұмыс жағдайының төмендеуі (техникамен сәйкес дәрежеде қаматамсыз етілмеуі, көптеген ақпарат көздерінің қол жетімсіздігі; төменгі жалақы; шалғайдағы ауылдарда пробациялық бақылаудағы тұлғаларға сәйкес бақылау жүргізу үшін қызметтік көлік құралдарының жетіспеуі және т.б.)

- пробациялық бақылаудағы тұлғалардың жүріс-тұрысын қашықтықтан бақылау құралдарының қолданылу көрсеткішінің төмендігі (оларға электрондық бақылау құралдарын орнату үшін ауылдардың ғаламтор жүйесімен қамтылмауы, қолданылып жүрген құралдар пробациялық бақылаудағы тұлғалардың тарапынан зақымдауы және т.б.).

2) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза түрлеріне сотталғандармен қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасауға ықпал ететін факторлардың бірі бұл пробациялық бақылауға алынатын тұлғалардың құрамымен байланысты, атап айтқанда пробациялық бақылауда тұрғандардың басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалар болып табылады. Мұндай жағдайдың орын алуына

- пробация қолданылатын тұлғалардың шеңберін анықтауда тиісті механизімнің болмауы;
- сотқа дейінгі пробацияның жұмыс істемеуі;
- қылмыстық жазаның дұрыс тағайындалмауы ықпал етуде.

4 Еліміздің қазіргі экономикалық жағдайын ескере отырып, түзеу мекемелерін жекеге беру жобасын қайта қарау орынды деп санаймыз, бұл жоба арқылы сотталғандардың жұмыспен қамтылу мәселесін және камералық ұстауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бас бостандығынан айыру орындарының инфрақұрылымдарын халықаралық стандарттарға сәйкестендіре отырып, жаңартуға мүмкіндік аламыз. Бұл жерде мемлекеттік жекешелік әріптестігі негізінде инвесторларға түзеу мекемелерінің ғимараттарын салдыртып, салынған ғимараттарды мемлекет жалға алуы қажет және ондағы басқару құқығы әдеттегідей мемлекетте қалуы тиіс. Мұндай механизім дүние жүзілік тәжірибеде кеңінен тараған. Әрине аталған жобаға инвесторларды тарту үшін мемлекет тарапынан оларға жағдай жасалуы қажетті, атап айтқанда мемлекеттік тапсырыстарды беру, салықтан босату және т.б.

Бас бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың жазасын өтеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар қайта жасауының алдын алуда олардың жазаны өтеу кезінде өзінің бұрынғы үйреншікті ортасымен әлеуметтік-пайдалы байланысты сақтап қалуы маңызды болып табылады. Ондай сотталғандардың отбасымен, туған-туысқандарымен арасындағы қарым-қатынастың үзілмеуі аталған іс-шаралармен, олардың дұрыс ұйымдастырылуымен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде аталған сотталғандармен болашақта қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау мүмкіндігін төмендетеді. Сондықтан ондай байланысты үзбеуге мүмкіндік беретін қылмыстық атқару заңнамасында қарастырылған бірқатар іс-шараларды әрі қарай жетілдіру ұсынылады:

- кездесулердің жоғарыда аталған жағымды ықпалдарын ескере отырып, қысқа мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш сағатқа дейін, ал ұзақ мерзімді кездесулердің ұзақтығын үш тәулікке дейін ұзарту қажетті;
- бейнебайланыс құралдарын пайдалана отырып, кездесуді ұйымдастыруды реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру мақсатында қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасының 106-бабының 2-тармағында «қысқа мерзімді кездесу әдеттегі (жүзбе жүз) нысанмен қатар бейне байланыс нысанында ұйымдастырылуы мүмкін» деген ереже қарастырылуы қажет;
- бейнебайланыс құралдарын қолдана отырып, телефон арқылы сөйлесу тәртібін белгілейтін құқықтық нормаларды жетілдіру және қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасындағы ұғымдарды пайдаланудың бірізділігі сақтау

мақсатында Қылмыстық атқару кодексінің 109-бабының 1-тармағында қарастырылған «телекоммункация» ұғымының орнына жинақтаушы ұғым болып табылатын «бейнебайланыс» ұғымын пайдаланған орынды. Сонымен қатар «телефон» ұғымының жанында «бейнебайланыс» ұғымын қоса пайдаланған жөн, атап айтқанда «телефон (бейнебайланыс)», осы жағдайда ғана телефон арқылы сөйлесу тәртібі бейнебайланыс арқылы сөйлесуге де қолданылатын болады;

- сотталғандармен хат алмасу жүйесін жетілдіру мақсатында электронды, бейнежазба түріндегі хаттар жіберуге немесе алуға мүмкіндік бере отырып, ҚР ҚАК-нің 108-бабынның 1-тармағын «Хаттарды жазбаша, электронды хабарлама, бейнехабарлама нысанында жіберуге жол беріледі» деген ережемен толықтыру қажет деп санаймыз.

Сотталғандардың қылмыстылығының алдын алу шараларының тиімді тәсілдерінің бірі – сотталғандардың діни сауаттылықтарын арттырып, дұрыс ақпарат беру болып табылады. Білікті дін қызметкерлерінің дұрыс уағызы, рухани азық беруі сотталушылардың қатыгез мінез-құлқын түзеуге, істеген қылмысына өкінетіндей рухани тұрғыда сауатын ашу сияқты іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

Діни қызметкерлердің сотталғандардың жат діни ағымдарға бет бұруына, олардың арасында діни экстремизім мен терроризм иделогиясының тарауына тосқауыл болуда, оларды радикалды көзқарастардан арылту бойынша жүргізілетін жұмыстарда, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың қайта жасалуына жол бермеуде маңызды орын алады.

Сотталғандардың қылмыстылығының алдын алудағы олардың діни сауаттылықтарын арттырудағы дін қызметкерлерінің маңызды ролін ескере отырып, түзеу мекемелерінде тұрақты негізде қызметкерлер штатында жұмыс атқаратын теологтармен қатар дін қызметкерлерін қарастыру қажетті.

Сотталғандардың арасында орын алатын жанжалдарды шешуге медиация тәсілдерін қолдану өте орынды болар еді. Ол үшін ең алдымен осы бағытта түзеу мекемелерінің қызметкерлерін дайындау қажетті және сотталғандардың арасында жанжалдың алдын алу бойынша арнайы бағдарламалар дайындалып, олар бойынша сотталғандарға түсіндіру жұмыстары жүргізілу қажет.

Түзеу мекемелеріндегі қадағалауды, режимді және күзетті дұрыс қамтамасыз ету арқылы сотталғандармен жасалынуы мүмкін қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға болады. Алайда мекеме аумағына тыйым салынған заттарды, атап айтқанда ұялы телефондар мен оның жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы компоненттерін заңсыз кіргізу фактілері жиі қайталануда және ұялы телефонмен жасалатын түрлі құқық бұзушылықтардың саны көбеюде. Атап айтқанда алаяқтық түріндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны жыл сайын өсу үстінде. Сондықтан ұялы телефондардың және оның жұмысын қамтамасыз ететін қосалқы компоненттерін түзеу мекемелеріне заңсыз кіргізу фактілерінің жыл сайын көбеюіне байланысты аталған қылмыстық іс әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық енгізу қажет деп санаймыз және қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексіне келесідей мазмұндағы

жаңа 428-2-бап енгізген орынды деп санаймыз:

«**428-2-бап. Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін заңсыз кіргізу**

Қылмыстық атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелеріне, тергеу оқшаулағыштарына, уақытша ұстау оқшаулағыштарына, арнаулы қабылдау орындарына байланыс құралдарын және оның компоненттерін кез келген жолмен заңсыз кіргізу немесе заңсыз кіргізуге оқталу –

екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

Сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабының 1-тармағына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын тұлғаларға сақтауға және пайдалануға тыйым салынған тамақ өнімдерін, жете тексеруден жасырып бергендігі немесе кез келген тәсілмен беруге оқталғандығы үшін тек қана әкімшілік жауаптылық қана көзделген және осы баптағы тыйым салынған заттардың қатарында тамақ өнімдері қарастырылған. Бұл қолданыстағы Қылмыстық атқару заңнамасының және Қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының ережелеріне қайшы келеді, себепі бұл нормативтік құқықтық актілерде сотталғандардың өздерінде болуға, сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдер арқылы және мекемелердің дүкендерінен немесе электрондық сауда алаңынан сатып алуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізімінде тамақ өнімдері белгіленген. Сондықтан ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабында белгіленген тыйым салынған заттар қатарынан тамақ өнімдері алып тастау қажетті.

Сотталғандардың, мекеме қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамсыз ету, сотталғандар тарапынан жасалынуы мүмкін теріс іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында қазіргі заманауи техникалық құралдар мен технологияларды қолдану алға қойылған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазіргі кезде бейнекамералар кеңінен қолданылуда. Алайда бұл аталған іс-шаралар әрі қарай жетілдіруді қажет етеді, себепі шетелдік тәжірибеде жасады интелект технологияларына негізделген «смарт түрме» жобалары жүзеге асуда. Қазақстанда да осы бағытта жұмыстарды қолға алған орынды. Атап айтқанда сотталғандардың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтарды қайта жасау ықтималдылығына баға беруде және оларға сәйкес келетін жеке оңалту бағдарламаларын, әлеуметтік-бейімдеу іс-шаралар кешенін қалыптастыру мақсатында олардың жүріс-тұрысына қатысты ақпараттарды жинау мен оларды тиімді өңдеуде аталған жасанды интеллект негізіндегі технологияларын тек көмекші құрал ретінде қолданған орынды және бұл процессте соңғы шешім жауапты қызметкерде қалуы тиіс.

5. Қазақстандық нұсқадағы пробация тіркеуіндегі тұлғаларды әлеуметке қайта қосу мақсатында көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмек «ұсынбалы» нысанда болғандықтан, аталған санаттағы тұлғалар ондай көмек түрін қабылдауы да мүмкін немесе одан бас тартуы да мүмкін және көп жағдайда пробация тіркеуіндегі тұлғалар ондай көмек түрінен бас тартуда. Мұндай

жағдайдың орын алуы пробация институтының тиімділігіне кері әсерін тигізуде. Сондықтан бұл жерде пробация тіркеуіндегі тұлғаларға көрсетілетін әлеуметтік-құқықтық көмекті «ұсынбалы» нысанда емес «міндеттеу» нысанда қарастырған орынды деп санаймыз.

Пробация бақылау немесе әлеуметтік құқықтық іс-шаралардың біреуіне басымдық бермей, екеуін үйлестіре отырып, жүзеге асырылуы тиіс, сотталушыға жүктелетін міндеттердің көлемі оның жасаған қылмысының ауырлық дәрежесіне қарай, оған қатысты қойылған талаптардың бар немесе жоғын, отбасының бар немесе жоғын және т.б. ескере отырып анықтау қажет.

Пробациялық қызмет есебіндегі тұлғалардың басым көпшілігі ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар болып табылады және мұндай жағдайдың орын алуына ықпал етуші себептердің бірі ретінде сотқа дейінгі пробация институының дұрыс жұмыс істемеуін қарастыруға болады.

